

Бақытжан Өткелбаев

ИСЛАМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Алматы 2014

УДК 28
ББК 86.38
Ө 90

**Қазақстан Республикасы Дін істері
агенттігінің дінтану сараптамасының
оң қорытындысы берілген**

Бақытжан Өткелбаев, *Академиялық дәрежесі – дінтану
магистрі, «Әзірет Сұлтан» мешітінің наиб имамы*

Ө 90 Ислам және ғылым. – Алматы: «Көкжиек» баспасы,
2014. – 172 бет.

ISBN 978-601-7495-03-9

Кітапта Ислам тарихындағы алғашқы білім ошақтарының орны, медреселердің түрлері мен атқарған қызметі, тарихи кезеңдердегі даму сипаты, мұсылман ғалымдардың әлемдік ғылымға қосқан сүбелі үлесі, батысқа ықпалы жан-жақты зерттелген. Бұған қоса, Ислам мәдениетінің өзіне тән ерекшеліктері талданып, қасиетті Құраннан бастау алатын ахлақ (этика), педагогика, психология, социология, қоғамтану сынды ғылымдардың салмағы таразыланған.

Еңбек жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7495-03-9

© «Көкжиек» баспасы, 2014

© Өткелбаев Б., 2014

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Кіріспе.....	8

Бірінші бөлім

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҒЫЛЫМҒА КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Исламдағы «ғылым» термині және ғылым үйренудің маңызы....	11
Ислам – ғылым діні.....	16
Ғылым үйренудің әдептері.....	29

Екінші бөлім

ИСЛАМДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУДЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМ ОРДАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Хижретке дейінгі оқу-ағарту	32
Хижреттен кейінгі оқу-ағарту	33
Хазірет Пайғамбар (с.а.с.) дәуіріндегі оқу-ағарту орындары.....	33
Медресеге дейінгі оқу орындары	37
Ислам әлемінде медреселер:	47
Осман мемлекетіне дейінгі медреселер:	48
Селжүктердегі оқу-ағарту	50
Селжүктердің ресми және бейресми оқу орындары	51
Медреселердің басқа қоғамдық мекемелермен байланысы	58
Осман медреселері:.....	62
Арнайы білім беретін медреселер:.....	66

Үшінші бөлім

ИСЛАМ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМГЕ ТАРАЛУЫ

Мәдениет сөзінің анықтамасы.....	71
Ислам мәдениеті.....	74
Ислам ғылымы мен мәдениетінің Батыс арқылы әлемге таралуы.....	78
Дін мен ғылымның арақатынасы.....	83
Мұсылман шығыс ғалымдарының ғылым тарихындағы орны	83
Исламның қайнар көзі – Құран және сүннет.....	86

Төртінші бөлім
ИСЛАМНЫҢ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ
ТҮРЛЕРІН ҚАМТУЫ

Исламдағы ахлақ (этика) ғылымы.....	89
Исламдағы психология.....	92
Исламдағы қоғамтану.....	94
Исламдағы педагогика.....	99
Исламдағы әлеуметтану	101
Құран кәрімнің ғылыми жаңалықтардан хабар беруі	106
Құран оқудың денсаулыққа пайдасы:	147
Сөз соңы.....	164
<i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:.....</i>	<i>167</i>

Алғы сөз

Білім-ғылым – адамзат дамуының басты қозғаушысы. Хазіреті Алидің: «Малды сен қорисың, ал ғылым сені қориды» деген сөзінің астарында терең мән жатыр. Ендеше ғылымға бас қойып қана елімізді, ұлтымызды шыңдарға сүйрей аламыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Халық қанша бай болса да уақыт өте келе бүкіл байлығы білімді халықтардың қолына өтеді», деп білімдінің болашағын болжаған-ды. Осындай үлкен жүкті арқалаған бұл кітап қазіргі толғағы көп тоқсан түрлі мәселелерді қозғаған еңбектердің ізін ала жарыққа шыққан, ислам дінінің ғылыммен тура байланысы жайында тың дүниелерді бойына сыйдырған жаңа туынды.

Асыл дінімізді дәстүрге сіндіріп, күнделікті әдет-ғұрыпқа байлаған қазақ халқы діндегі ақиқаттарды ғана ғылым деп тауып, дүниелік жаратылыстану ғылымдарын құдайсыздардың ілімі деп танып, үйренбекке қажет деп санамаған. Алайда шындыққа тура қарасақ, Аллаһ тағаланың ғылым-білімге аса назар аударғанын еңбекте мынадай мысалмен білдіреді: **«Білгендер мен білмегендер тең бола ма?»** («Зүмәр» сүресі, 9). Және де пайғамбарымыздың хадисінде: *«Кімде-кім білім іздеу жолына түссе, Аллаһ тағала оған жәннатқа бару жолын жеңілдетеді. Періштелер ғылым іздеушінің талабына разы болып, оның аяғының астына қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалымға көктегілер және жердегілер, тіпті судағы балықтарға дейін жарылқау тілейді»* деп келтіреді.

Кітапта Исламдағы ғылым үйренудің маңызы мен әдептерінен бастап, дін өркен жайған өлкелердегі оқу-ағарту істерінің барысына шолу жасалады. Мұнда хижретке дейінгі оқу-ағарту орындарының саны мен сапасы Ислам орнағаннан кейінгі іліммен сусындату шараларының ара қатынасы жайында қызық деректер алға тартылған. Аллаһ есімі жеткен жерлерге патшалық құрған әмірлердің әр аймаққа мешіт, медресе, мешіт жанындағы білім ошақтарын салу секілді ізгі амалдарды жасауда жарысқа түскендігі айтылады. Қалың бұқараның сауатын ашып, санасын оятуда көптеген кітапханалар, білім беру орындары үздіксіз жұмыс жасап тұрды. Осындай діннің ағартушылыққа тигізген ісінің оң әсері нәтижесінде халықтың көпшілігі қара танып, өздігінен оқып, хат жаза алатын дәрежеге жеткен.

Ғылымның дамуымен қоса мәдениет те тамырлап, қалыптасуына алғышарттар пайда болады. Осы орайда кітапта Ислам мәдениетінің жалпы шығыс мәдениетіне ықпал етіп, батыс мәдениетіне тереңдей еніп, елеулі өзгерістер тудырғаны жайлы мәліметтер беріледі. Ғылымның қайнар көзін қасиетті Құран мен пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) сүннетінен алған ислам ғалымдарының әлемдік ғылымның өркендеуіне қосқан орасан үлестері мен ғылым тарихындағы орны көрсетіледі. Дін мен ғылымның ара қатынасында өзіндік қолтаңба қалдырған ислам ғұламалары жаратылыстану ғылымын меңгеруде өзге мәдениет өкілдерінен көш ілгері озып, сонымен қоймай қарапайым халықты да жаппай ілімге ден қоюға шақырған. Осыдан қарап-ақ ақиқат дінімізде ешқашан ғылымға тұсау салынбағаны, қайта жандануына барынша қолдау көрсетілгені байқалады. Ал осын-

дай ойлауға оғаш келетін ойларды алға тартатын батыс елдерінде ол кезде ғылыммен айналысқандарға инквизиция соты жүргізіліп, ілімге тұтас шектеу қойылғанды. Кітапта келтірілген осындай айғақты фактілер ислам діні ғылымға, дамуға тұсау болады деген пікірлер сеңін сейілтуге көмектеспек.

«Діндерінді кемеліне келтірдім» деп Жаратушымыздың уәде еткеніндей, ешқандай кемшілігі жоқ Ислам діні өмірдегі сан алуан ақиқаттар мен тәрбие көздерін бүге-шігесіне дейін қамтыған. Оған дәлел ретінде қолдарыңыздағы еңбекте Исламдағы ахлақ (этика) ғылымы, психология, қоғамтану, педагогика, әлеуметтану ғылымдарының көрініс беруі жайында баян етеді. Адамның тылсым мінездерінің мың құбылуы, санасы жетілген балаларға ұстаздық ету, кісіні мәдениетті қалыптастыру, қоғамдағы бұқара халықтың жай-күйі секілді сезімтал мәселелерді қамтуы жайында қажетті деректер ұсынылады.

Еңбекте Құран кәрімнің қасиетті аяттарының он төрт ғасырдан бері ғылыми жаңалықтардан хабар беріп, ишара еткендігі жайлы көптеген мысалдар бекітіліп, Аллаһтың сөзінің әрқашан үстем келетіні мағлұматтармен нанымды баяндалған. Сонымен қатар Құран оқудың денсаулыққа тигізер пайдасын сөз етуі де оқырмандар біле бермейтін қызықты дерек. Сондықтан жас имам Бақытжан Өткелбаевтың бұл кітабын танымдық берері мол, айтары бар еңбек деп санаймыз.

Шамшәдин Керім,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Нұр-Мұбарак ислам
университетінің проректоры

Кіріспе

Дін мен ғылым секілді екі үлкен тақырыпты қаузамас бұрын «Ислам қандай дін?» деген сұраққа жауап іздесек. Ислам – адамның екі дүниесін де бірдей қамтитын хақ дін. Дінімізде құлшылық, мәдениет, білім-ғылым, құқық, саясат, жанұя, экономика да қамтылғанын осы кітапты оқу барысында түсінетін боласыздар, қадірлі оқырман қауым.

Алдағы тарауларда Ислам дінінің адамзат баласына алып келген ұлы мәдениетіне, ғылымы мен тарихына тереңірек тоқталамыз. Адамзаттың сонау Исламнан бұрынғы және дін келгеннен кейінгі жан-жақты шарықтап даму кезеңдеріне, оқу-ағарту тарихына, қоғамдық-мәдени салаларына тың деректерден мысал бере отырып үңілеміз. Аллаһтан түскен діннің тек мұсылман жұртшылығына ғана емес, сонымен қоса, батыс әлеміне де кеңінен етек жайып, пайдасын тигізгендігін, әлі күнге дейін тигізіп жатқандығын және ол жақтарға қалай, қашан өткендігінен де сөз етеміз.

Бұл ғылыми еңбектің басты артықшылығы, өзімізге кеңінен танымал қазақ, орыс тілдеріндегі еңбектерді ғана емес, сонымен бірге түрік, араб секілді өзге тілдеріндегі еңбектердің де кеңінен пайдаланылғанында. Неге десеңіз, Ислам әлеміндегі ғылым мен білімнің көбіне аталмыш осы екі тілде дамып, осы тілдерде жарық көргенін сіз бен біз жақсы білеміз.

Жоғарыда келтіргеніміздей, Ислам діні – үлкен мәдениет. Мұндай мәдениеттің «Оқы» әмірімен басталуы көп нәрсені байқатады. Барлық мәдениеттің, оның

ішінде Исламның да негізгі іргетасы – оқу-ағарту болып табылады. Білім алуды басты ұстаным етіп алғандығы үшін де дін Ислам өз өміршеңдігін ешқашан жоғалтпай заман өткен сайын жаңарып келе жатыр.

Тәлім-тәрбие мен оқу-ағартуды пайғамбарының туралығы, сенімділігі және Раббысына деген сүйіспеншілігі арқылы бастаған бұл діннің оқу-ағарту саласында бүгінгі күнге дейін қалдырған ізі үлкен зерттеуді қажет етеді. Барлық мәдениеттің қалыптасып дамуында маңызды рөл атқаратын білім саласы Ислам мәдениетінде де өз жемісін беріп, үлкен жетістіктерге қол жеткізген. Құран мен сүннетте көптеген аят пен хадис бізге осыны көрсетеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) білім алуды өсиет еткен және Оның «Мен мұғалім болып жіберілдім» деген сөзін де оқу-ағарту ісінің Исламда қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Ислам келгеннен кейін арабтар мен мұсылмандықты қабылдаған басқа да халықтар ғылымда жоғары жетістіктерге жетті. Бұған Құрандағы ғылымға деген үгіт сеп болып, нәтижесінде көптеген мұсылман ғалымдары биология, зоология, тарих, астрономия, химия, физика, алгебра, математика, медицина сияқты ғылым салаларында өз қолтаңбаларын қалдырған. Жалғыз Құран ғана емес, пайғамбарымыз да мұсылмандарды білім алуға шақырып, бұның мұсылмандарға парыз екендігін айтқан.

Мәдинаға хижреттен кейін мұсылмандар меккеліктердің қыспағынан құтылып, өз араларында мемлекет құрды. Хазірет Пайғамбардың (с.а.с.) бас болуымен мұнда мешіт салып, оның бір бөлімі оқу-ағарту істеріне арналды. Бұның «Суффа» деп аталғанын білеміз. Суффа – Исламдағы алғашқы университет.

Бұл жерде Пайғамбарымыздың өзі сабақ берген. Бәдір соғысында тұтқынға түскендердің әрқайсысына 400 дирхам құн белгіленгенде, құн төлеуге қаржысы жоқ сауаты бар тұтқындар мәдиналық он балаға оқу-жазу үйретіп азаттық алатын болды. Ғұлама сахабалардың бірі Зәйд ибн Сабит осы жерде сауатын ашқан ансарлардың бірі еді.

Исламның ғылымға және өзін ғылымға атаған ғалымдарға деген құрметі ерекше. *«Ғалымдар пайғамбарлардың мирасқоры»* деген мұсылмандар жер бетінде алғаш болып ренессанс туғызған мемлекет десек қателеспес едік. Ислам білім алуға келгенде ешкімді де бөліп-жармайды. Бұған мысал, батыста ғасырлар бойы тыйым салынып және құдай мен шіркеуге қарсы келу деп есептелінген медицинаны пайғамбарымыздың өзі насихаттап, өз өмірінде қолданғаны. Ор соғысында жаралыларды емдеу үшін «Руфайда шатырының» құрылуы Исламда ауруханалар тарихының пайғамбарымыз заманынан бастап маңызы зор екендігіне дәлел¹. Сондықтан да мұсылмандардың медицинамен шұғылдану, ауруханалар салуы дәстүрге айналған. Исламда ғылым мен ғибадат бір-бірінен айырылмайтын екі негіз болғандықтан білім алу діни әмір еді. Сол себептен де әртүрлі ғылым салаларында көптеген жаңалықтар ашылғандығын көреміз.

¹ Ахмед Иса Бек, Тарихул Бимаристанат фил Ислам, Бейрут 1981.

БІРІНШІ БӨЛІМ

**ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҒЫЛЫМҒА
КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ
ДАМУЫ**

**Исламдағы «ғылым» термині және ғылым
үйренудің маңызы**

Араб тілінде білу мағынасына келетін «ғылым» сөзі көбінесе білім, мағлұмат деген мағыналарға келеді. Бір нәрсені нақты үйреніп сенуді ғылым дейміз. Білімсіздіктің, надандықтың антонимі болып табылатын «ғылым» сөзінен ғалым, мағлұмат, мұғалім және тағы басқа сөздер шыққан². Ислам ғалымдары ғылымды «Кісінің ақыл және сана сезіміне сыйымды мағлұмат» деп түсіндіреді. «Ғылым бір нәрсенің өз кейпінде танылуы».

Ғылым екіге бөлінеді, біріншісі – «Қадим ғылымы (О бастан бар болған ғылым)». Екіншісі, кейіннен берілген «Хадис ғылымы». Қадим ғылымы Аллаһ тағаланың заты және сипатына байланысты ғылым. Ол жаратылғандардың ғылымына ұқсамайды. Тек қана Аллаһ тағалаға толық мағынада Алим деп айта аламыз. Өткені тек қана Жаратушымыз барлық нәрсені толық білуші. Хадис ғылымы: Жаратылғандардың

² Дұрак Пусмаз, Ислам Ансиклопедиси, Илим. М. XIII т. Стамбул 2000.

ғылымы, яғни, Аллаһ тағаланың жаратқандарына берген ғылымы. Ол екіге бөлінеді.

Бірінші «Қажетті ғылым». Ол адамның ізденіп үйренуі қажет етпейтін, өздігінен пайда болатын ғылым. Мысалы, нәрестенің анасын емуі, жүруі, жеп-ішуі, сөйлеп-күлуі, ненің үлкен, ненің кішкентай екендігін, ненің жұмсақ, ненің қатты екендігін білуі сияқты.

Екіншісі «Назари және Истидләли» ғылым. Назар – сөздікте қарау, көру, ойлану, зерттеу нәтижесінде шешім беру деген мағынаға келеді³. Истидләл болса дәлелге сүйену, дәлелдер келтіру деген мағынада. Назари және Истидләли ғылым адамдардың қалауымен яғни қарау, көру, ойлану нәтижесінде сағаттар, күндер тіпті жылдар бойы ізденіп дәлелдеуі арқылы пайда болған білімі. Мұндай білімге құл, қалау және іздену арқылы жететіндігі үшін біз оған Иктисаби (еңбек арқылы қол жеткізілген) ғылым деп атаймыз. Аллаһ тағала Құран кәрімде «Зүмәр» сүресінің тоғызыншы аятында **«Білгендер мен білмегендер тең бола ма?»** дейді. Тағы бір аятта **«Сендерден иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді»** делінген. Пайғамбарымыз да білім үйренудің мұсылмандар үшін өте маңызды парыз екенін көрсете отырып, былай дейді: *«Кімде-кім білім іздеу жолына түссе Аллаһ тағала оған жәннатқа бару жолын жеңілдетеді. Періштелер ғылым іздеушінің талабына разы болып, оның аяғының астына қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалымға көктегілер және жердегілер, тіпті судағы балықтарға дейін жарылқау тілейді»*.

³ Ибн Манзур, Әбул Фазл Жамалуддин Мухаммед ибн Мукаррам, Лисанул-Араб, «Тахқикул-Тарас» баспасы, Байрут/Лубнан 1993, 66 б.

Адамды азғырып тура жолдан тайдырушы әзәзіл шайтан үшін де шарифатты жетік меңгерген ғалым, білімі шамалы қатардағы қарапайым мың мұсылманнан әлдеқайда қорқынышты екен. Дінімізді неғұрлым біліп тани түскен сайын азғырушыдан алыстап, тақуалыққа жақындай түсеміз. Хадисте: *«Бір фақиһ (Шарифатты жетік меңгерген ғалым) шайтанға мың қарапайым мұсылманнан қорқыныштырақ»* делінеді. Діни ғұламалық Аллаһ тағаланың сүйікті пендесіне ғана нәсіп болмақ. Сол нәсіптен үміт етуші әрбір мұсылманға қойылар талап: *«Кімде-кім білімді үйренсе, Раббысының разылығына лайықты болуы үшін үйренуі тиіс. Ал, керісінше, тек қана дүниені иелену, байлық, мансап үшін үйренген болса, ол пенде қиямет күні жаннаттың өзі тұрмақ иісін де сезбейді»*, *«Ілім үйрену – мұсылман еркек пен әйелге парыз»*⁴.

Дініміздің осы әмірлеріне сәйкес аталарымыз білімге аса мән беріп, ілім адамдарына құрметпен бас иген. Түрік билеушісі Явуз Сұлтан Сәлім Мысырдан қайтып келе жатқан кезінде жанында атақты дін ғалымы Ибн Кемалмен бірге балшықты жерден өтіп бара жатады. Ибн Кемалдың астындағы аттың аяғынан шашыраған балшық Явуздың киімдерін ластап, Ибн Кемал қысылып ұялады. Ұстаздың қысылып, қымтырылғанын көрген Явуз Сұлтан Сәлім: *«Қысылма, ұстазым! Ғалымның атының аяғынан шашыраған балшық – біз үшін сәнді әшекей. Бұл көйлек осы балшығымен сақталып, өлгенде табытымның үстіне*

⁴ Нәуәуи Әбу Зәкәрия Яхя бин Шәрәф, Риязу-с Салихин, аударма және түсініктеме: (Яшар Кандемир, Исмайл Лютфи Чакан, Рашит Күчүк), I-VIII, Стамбул 1997.

қойылсын» деп өсиет айтып, ғалымдарға деген құрметтің үлгісін көрсете білген⁵.

Хазірет Али (р.а.) Күмейілге: «Ғылым – байлықтан қайырлы. Өйткені малды сен қорғайсың, ал ғылым болса сені қорғайды. Ғылым бағындырушы, байлық бағынушы. Байлық, берсең азаяды, білім, берсең көбейеді» деген екен.

«Бір ғалымның дәрежесі аузы берік болса да соғысқа қатысып, түнін ғибадат етумен өткізген мұжахид құлдан жоғары». «Бір ғалымның өлімінен кейін Ислам әлемінде қаңырап қалған бос орын, сол сияқты ғалым өсіп жетілмегенше толықтырылмайды».

Әбул Әсуад: «Ғылымнан бағалы нәрсе болмайды. Өйткені сұлтандар адамдарға басшы, ал ғалымдар сұлтандарға басшы» – дейді.

Фәтхи Мусылы: «Ғылым және хикметтен (Аллаһ тағаланың сүйікті құлдарына беретін ғылымы) мақұрым жүрек ішіп-жей алмайтын ауру сияқты, өлімге душар болды деген сөз өте орынды. Өйткені денені жеп-ішу арқылы сақтаймыз, ал жүректің асы – ғылым және хикмет. Жүрек осы екеуімен өмір сүреді. Ғылымсыз жүрек өлімге жақын» деген.

Хасан Басри: «Ғалымдардың қаламы шейіттердің қанымен таразыға тартылады және ауыр басады».

Ибн Масғұд (р.а.) «Ғылым жоқ болмастан алдын оқыңдар. Ғылымның жоғалуы ғалымдардың өлімімен болады. Жаным қолында болған Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһ разылығы үшін өлген шейіттер ғалымдарға берілген жоғарғы дәрежелерді көргенде, ғалым болу үшін дүниеге қайта келуді тілейді» дейді.

⁵ Ғұсман Кескіұлы, Сияр – Нәби, 227 б.

Ибн Аббас (р.а.): «Мен үшін түннің аз да болса бөлігін ғылым үйренумен өткізу түні бойы ғибадат етуден жоғары» дейді.

Хасан Басри «Бақара» сүресінің 201-аятындағы **«Уа, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде жақсылық бер және ақыретте жақсылық бер»** деген аятта бұл дүниедегі жақсылық бізге ғылым және ғибадат, ал ақыреттегі жақсылық жәннатқа кіргіз деген мағынада айтылған дұға» дейді.

Зүбәйр ибн Әбу Бәкір: «Әкем Иракта жүргендегі хатында маған былай деп жазды: «Оқы, өйткені ғылым – жоқшылығыңда байлық, байлығыңда сән болар».

Хазірет Лұқман (ғ.с.) ұлына берген насихатында былай деген: «Ұлым! Ғалымдардың мәжілісіне қатыс. Көктем жаңбырымен жерді көгертетін Аллаһ хикмет нұрымен мұсылмандардың жүрегін толтырады». «Ғалымның өліміне теңізде балықтар, көкте құстарға шейін әр жаратылыс жоқтап жылайды» делінген де сөз бар.

Яхя ибн Муаз (р.а.): «Ғалымдар мұсылман үмбетіне әке-шешелерінен де мейірімді. Өйткені әке-шешелері оларды дүниедегі оттан қорғайды, ал ғалымдар ақыреттегі оттан қорғайды».

Хасан Басри: «Ғалымдар болмаса, адамдардың басқа жан иелерінен айырмашылығы болмас еді. Өйткені олардың оқытуымен адамдар адамдық дәрежеге жеткен» дейді⁶.

⁶ Бухари, Саум, 13 б. Мүслим, Сиям, 98 б.

Ислам – ғылым діні

Ислам ғылымды қолдайды, ешқандай қағидасына кереғарлық танытпайды, қайшылық жасамайды. Ислам ғылымның нағыз бұлағы болып табылады. Ол адамзатқа пайдалы һәм тура жолға бастайтын ғылымды уағыздайды.

Ислам діні келіп, тарап, халықтың көпшілігі білім ізденуге ден қойды. Бірақ ол кезде қазіргідей мектептер немесе жоғарғы оқу орындары болмады. Сол үшін де Ислам мәдениетінің білім бұлағы, ғылым орталығы, мектебі мешіт болды. Мешіт мұсылманның тек ғибадат ететін орындары ғана емес, сонымен қатар мұнда оқу-жазуды, Құран оқуды, шариғат ілімдерін және басқа ілім салаларын үйренді. Мешіттермен қатар оқу-жазуды, хат тануды үйрететін мектептер болды. Кейін, барып, тегін оқытатын оқу орындары ашыла бастады. Ол кезде оқыту жүйесі екі түрге бөлінді.

1) Дахили (ішкі) – бұл қазіргі мектеп-интернаттарға ұқсас келеді. Онда жағдайлары нашар отбасылардың балалары, алыстан келгендер және шетелдіктер оқыды.

2) Харижи (сыртқы) – бұл кәдімгі оқу орындары секілді. Онда білім алушы таңертең сабағына барып, біткен соң үйіне қайтады. Бұл оқыту жүйесінің екі түрінде де оқу ақысыз болды. Әрбір оқу орнында мешіт, аудиториялар, оқушылар бөлмелері, кітапхана, асхана, дәретхана, әжетхана болды. Ал кейбір оқу орындарында спорт алаңдары қоса салынған. Бұл оқу ғимараттарында жоғары дәрежелі ғалым ұстаздарға емтихан тапсырып рұқсат алғандар ғана сабақ беретін. Мұсылман басшыларының, байларының, саудагерлерінің жаңа ғимараттар салуына көмек берулері нәтижесінде оқу орындары көбейді. Алғашқы

кезде оқытушыларға еңбекақы төленбеді. Бірақ бертін келе білім алу орындары көбейіп, өркендеген кезде оқытушылар еңбекақымен қамтамасыз етілді.

Әрбір мәдениет бір ғана халықтың не бір ғана ұлттың өнері болып есептеледі. Және оны жасаушы ұлт өкілін ғана мақтан тұта алады. Ислам мәдениеті – иісі мұсылман бауырлардың қолымен жасалған көпке ортақ мәдениет. Ислам мәдениетін діннен бөлек алып қарауға болмайды. Ислам дін мен ғылымды егіз тұжырымға санайды. Ал христиан ғылымды дамыту орнына көптеген ғалымдарды инквизиция сотымен тірідей отқа өртеді, соның салдарынан Еуропада ғылым кеш дамыды. Дін мен шіркеу Еуропа құрлығындағы түгел өркениеттің жолын бөгеген кертартпа қара күштер ретінде өмір бақи өшпес қара таңбамен танылып қалды.

Исламнан бұрынғы халықтар қол жеткізген ғылыми жетістіктердің болғаны рас. Мұсылмандар қысқа мерзімде-ақ оларды меңгеріп, иманнан алған күш-қуаттың арқасында есепсіз жаңалықтардың бетін ашты. Олардың еңбегінің қызығын бұл күні күллі адамзат көруде. Әсәресе мұсылман еместер көбірек көруде. Ислам ғалымдары шұғылданбаған, үлес қоспаған ғылым саласы жоққа тән. Мұсылман саяхатшылар қалдырған мәліметтер мен карталар арқылы Ертіс және Енесей өзендерінің жоғарғы аңғары мен Корея жағалауына дейінгі мекендер тарихта жазулы қалды. Мәселен, 1368-жылы қайтыс болған белгілі саяхатшы Ибн Батутта (1304-139) сонау Зайтун (қазіргі Гонконг) аймағына шейін барғанын, аталмыш аймақтың дүние жүзіндегі ең үлкен теңіз порты екенін, 100-ден астам үлкен кеме мен сансыз кішігірім кемелер тұрақтайтынын,

осы ғаламат сауда өнер кешендері шалғай таулардан теңіздер арқылы тасымалданғанын жазған⁷.

Аббаситтер халифаты тұсында Ислам ғұламалары көне грек, парсы және басқа тілдердегі жазба еңбектерді, оның ішінде антикалық мәдениетті біржолата жойылып кетуден сақтап қалды.

Бір кездері біздің ата-бабаларымыз осы араб тілі арқылы өз еңбектерін жазды әрі көпшілікке таратты. Махмуд Қашқаридің араб тілінде жазылған «Диуани лұғаты әт-түрік» кітабында бұрынғы түркі халықтарының әріптік таңбалары 18 болғанын және кейбір түркі тайпалары оған қосымша белгілерді қосып, әріптер саны 25-26-ға жеткенін жазды. Әбул-Хасанат Мәуләуи Әбдул-Хай Марғұланидің шарифат заңдары туралы жазылып, Қазақстан мен Орта Азияға кейіннен тараған «Әл-хидая» кітабын ағылшындар төл тіліне аударып, жанұя қатынастары бойынша заңның баптарына пайдаланған. Қазір ол кітап ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып баспадан шықты.

Діни философия бойынша алғашқы еңбектер хижраның 300-жылында жазылған. Ислам философиясының көш басшысы Әл-Кинди осы жылдары, яғни 1100 жыл бұрын еңбектерін қалдырған. Еуропа жер шары дөңгелек екендігіне көздері анық жетпей әлі XVIII ғасырда бастарын қатырып дауласып жүргенде, Ислам ғұламалары бұл мәселені VIII ғасырда, халифа Харун Рашид тұсында зерттеп қойған еді. Бағдат шаһарының сыртындағы Нисфун-Нәһәр деген жерде әртүрлі сызықтар мен өлшеулер жасап, жер шар тәрізді дөңгелек деп қортынды жасады. Куба аралын тапқан Кристофор Колумб бұл пікірді ауадан алған

⁷ <http://www.bilimtarihi.gen.tr>

жоқ. Ол жердің дөңгелек екендігін Аверроистан естідім деп жазған. Мұсылман ғалымы Ибн Рушдті Еуропа осылай атайтын. Токио обсерваториясының директоры танымал ғұлама Ешиди Коган халықаралық конференцияда: «Мен әлем сырларының құпиясын зерттеудің жаңа әдісін таптым, ол – Құран оқу. Құранды оқыңыз, ол сізге толықтай ғаламның сырын ашады» деген. Ал Американың эмбриология және адам жаратылысы туралы ғылымдарының докторы Кейт Мор «Адам жаратылысы» деген кітап жазды. Оған араб ғалымдары: «Сіздің осы кітаптағы келтірген пікірлеріңіз Құран мен хадиске өте сәйкес келеді. Егер сіз келіссеңіз, біз оны аят-хадистермен байытып және толықтырып, жаңадан бастырып шығарар едік» деген. Ол келісті, нәтижеде айтқандай етіп, «Адамның жаралуы Құран мен медицина арасында» деген атпен жарық көрді. Құран аяттары жылма-жыл өмір заңдылықтарымен дәлелдене түсуде.

Еуропа ғылымды мұсылман елдерінен, яғни шығыстан үйренді. Еуропаның ренессансы 1300-жылдары басталған. Неге? Өйткені бұл уақытта олар Испан жеріндегі Андалусия Ислам мемлекетінің мәдениетімен және кресшілер жорығы нәтижесінде шығыстағы араб жерлеріндегі өркениетпен танысты. Хазірет Осман (р.а.) халифалық құрған кезде, жолаушылар, әлсіздер, кейбір зәру жандар дәм татып кетсін деп, мешіттердің алдында ас пісіртіп, қоғамдық орындар жарық болып тұрсын деп, арнайы шырақ жақтырып қоятын. Бұл әдет кейін де жалғасын тапты. Миллиондаған халық өмір сүрген Кордова қаласының көшелері түн мезгілдерінде жарықпен қамтамасыз етіліп, қала халқы арнайы төселген асфальтпен қатынады. Ал Еуропаның қалалары қалың батпақ пен ұйыққа малтығып, бас

көтере алмай жатты. Мұсылмандық мәдениетпен танысу Еуропаны ғасырлар бойғы қалың ұйқысынан оятты, қозғау салды. Батыстың кейбір ғалымдары «Орта ғасырларда кейбір Еуропа билеушілері өз аттарын дұрыстап жаза алмай жүргенде, Кордовада мұсылман балалары медреселерде оқып жатты» деп жазған. Осы таныстықтың игі нәтижесінде 1425-жылы Италияда жарыққа шыққан медициналық анықтамалықта Еуропа дәрігерлерінің сиынған пірі Галенге сілтеме 130, ал Исламның ғұлама ғалымы, медицинаның атасы Ибн Синаға 3000-нан астам, ал Еуропа Разец деп атайтын Әбу Бәкір Разиға 1700 сілтеме бар. Кордовада жүздеген кітапханалар болып, оның орталық кітапханасында жинақталған кітаптар каталогы 44 томға жеткен.

Бағдат қаласын Әлеуке ханның қолы қиратқанда, көпшілік пайдалануы үшін жасақтап қойылған Сабур сарайындағы 200 мыңдық кітапхана қоры Ефрат өзеніне тоғытылғанын тарихшы Ибн Туғрыберді жазды. Медицина саласында Бағдатта жоғары деңгейде 6000 студентті тәрбиелейтін оқу орны болды. Әрбір әзірленген дәрігерге бір көмекшіден бекітіліп берілді. Еуропа кейбір алапес сырқатына шалдыққан жандарды өртеп жатты, ал мұсылман елдері оларды жеке орындарда емдеп, мәңгілікке мемлекет қарауына алып отырды. Сахаралық халықтар дәрігерлік көмектен тыс қалмауы үшін арнайы жасақталған керуендер шығарды. Тіпті кейде бір бейшаралар ақшасы болмай, дәрігердің көмегін уақытында алып тұрарлық қолтаңба өздерінде болсын деген оймен алғашқы дәрігерлік көмек туралы анықтамалық кітап әзір етілді.

Сағат жасау өнеркәсібі де мұсылмандардың намаз уақытын белгілеу қажеттілігінен туындаған, олар 800

жылдан бұрын алғашқы сағатты жасап шығарды. Франция патшасы Шарлманға Бағдаттың халифасы Іарун Рашид ағаштан жасалған сағат тарту етті. Жер бетінде бірінші рет Бағдатта обсерватория салынды. Қазіргі әлемнің бұрыш-бұрышын шарлап, енді ғана көзі ашылып жатқан ғалымдар өздерінің осы жетістіктері үшін Ибн Іайсамға қаншалық қарыздар! Ол ресми ойыс айна, дөңес айна деп аталған телескоп жасау өнеркәсібінде қолданылатын өте құнды теорияның авторы. Бірақ осынша нәрсе ғылым жолын кең ашқан Құранның арқасында ғана мүмкін болды. Ислам діні осылайша ғылым мен мәдениетке орасан зор үлес қосты, әлі күнге дейін өз үлесін қосуда⁸.

Орайы келген соң кейбір мұсылман жағрапияшылары мен еңбектерін атап кетейік Ибн Хурдадбих (820/886/912) «Китап әл-Мәсалик уәл мәмәлик», Сүлеймен әл-Тәджир (IX ғ.) «Ахбар әл-Син уәл Хинд», Әбу Әли Ахмет Рүстехұлы (өлімі 913) «Муруж әл-Зәхаб уә Мағадин әл-Жауһар», Ибн әл-Нәдим (өлімі 995) «әл-Фихрист», Әбу Абдуллаһ Мұхаммед әл-Идриси (1100-1166) «Китап Нұсхат әл-Мұштақ фи Ихтирак әл-Афак», Закария әл-Қазуини (1203-1283) «Ажайиб әл-Махлуқат уа Ғараиб әл-Маужудат», (Махлуқаттың ғажайыптары және қоршаған ортаның ғарып жағдайлары), Ибн Сағит (1214-1286) «Китап әл-Жуғрафия фи ақалим әс-Сәбға», Әбүл Фида (1273-1331) «Китап әл-Мухтасар фи ақбар әл-Башар», «Тақуим әл-Булдан», Димашқи (өлімі 1317) «Китап Нухабат әл-Дахр фи Ажайб әл-Барр әл-Бахр», Шәхауиддин Ахмет әл-Нуайыри (өлімі 1332) «Нихаят әл-Араб фи Фунун әл-Адаб» (Әдеп пәндеріндегі

⁸ ХХІ ғасыр: Білім беру және руханият мәселелері: ғылыми еңбектер жинағы

арабтардың шегі), Абдуррахман Әбу Зайд Халдұнұлы (1332-1406) «Китап әл-Ибар», әл-Махризи (1365-1442) «әл-Мауағиз уәл Итибар фи Зикр әл-Хитат уәл Асар», Ибн әл-Бакун (XV ғ.) «Китап әл-Фауaid фи Усул әл-Бахр уә Қауид», Әбул Фазыл (1655-1602) «Ғаини Ахбари», Бадауни (1540-1615) «Тарихи Әлфи», «Мунтахаб әт-Тауарих»⁹.

Сыр бойы мен Жетісу өңіріндегі орта ғасырлық қалалардың орны мұсылман авторларының еңбектерінің арқасында табылып, ашылды. Тариф, магазин секілді мыңдаған терминдер мен сөздердің Еуропа тілдеріне кіруі мұсылмандардың ғылымда қаншалықты жоғары болғанын паш ететін тірі айғақтар. Мұсылман билігі орнаған өңірлерде ғылымның жұлдызы жарқырағаны туралы Батыс авторлары емірене жазады. Қысқа қайырып айтқанда, басқа наным-сенімдердің әу бастан ғылыммен айқасатыны, ақылға сыймайтын нәрселерді үгіттейтіні кең тарауына жол бермеді. Бұл әрқашан да солай бола бермек. Құран кәрімнің тілі әдебиетшілер, тіл мамандарын, көпшілік пен жеке адамдардың рухын баурайтын қасиеттері психологтарды, социологтарды; барша ғылымның сырын шешетін аяттары басқа салалардағы ғылымдарды тандандыруда. Құран кәрімді, яғни, Раббымыздың сөзін оқып түсінуге, одан мүмкіндігінше нәр алуға ұмтылғанымыз абзал. Онда сұрақ атаулының бәріне жауап табуға болады. Осы орайда Құранның ғылымды және ғылымның Құранды растағанын бір мысалмен де болса атап кетейік. Кітап атаулының анасы адамның жаратылысындағы хикметтер мен жаратылыс сатылары туралы терең мағыналы сөйлемдер келтіреді. **«Сендерді аналарыңның**

⁹ Бухари, Саум, 13 б. Мұслим, Сиям, 47 б.

құрсағында үш қараңғылықта жаратылыстан жаратылысқа жеткізіп, жаратуда!» делінген аят бар (39-сүре, 6-аят).

Ал енді адам анатомиясын оқып көрейік, «жатыр қабырғасы негізгі үш қабаттан тұрады. Бірінші, сыртқы қабат perimetrium, бұл жатырмен бірігіп, оның сироз қабықшасын, tunica serosa түзетін висцеральді іш астар. Ортаңғы қабат, miometrium, бұл бұлшық етті қабықша. Үшінші ішкі қабат endometrium, бұл шырышты қабықша». Осы үш қабат та болашақ нәрестені сыртқы соққылардан қорғайтын, жарық өткізбейтін, суға толған қабықтан (ткань) жасалған. Құранның үш қараңғылық дегенін ғылым енді ғана анықтап, оның хақтығын тағы да бір рет мойындауда¹⁰!

Құрандағы осы мағынасы өте анық, сенімділігі өте мығым аяттар-ақ оның адамның емес, Раббымыздың сөзі екендігін дәлелдейді. Құран кәрім түскелі бері өткен XIV ғасыр бойы ешкім оның теңдесін жасай алмай қауқарсыздық танытқаны мәселенің нақты тарихи дәлелі.

Кейбір атеист ғалымдар «Ислам ғылымның өркендеуіне шектеу жасады» деген дәйексіз, жалған пікірлерді айтады. Керісінше Ислам дінінің өмірге келуімен ғылым мен философияның әлемге танылғандығын бүкіл әлем ғалымдары мойындап қана қоймай, дәлелдеп те бергеніне тарих куә.

Осындай үлкен топтың арасынан ерекше орын алатын ғалымдардың бірі – Қазақстандағы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар қаласында дүниеге келген Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед Тархан әл-

¹⁰ Морис Букай, Тора, Евангелие и Коран в свете современных научных знаний, Москва 2000.

Фараби. Ол көптеген ғылымдарға үлес қосып, 128-дей еңбек жазды.

Фараби ғұмыр кешкен заман Шығыс елінің оянуға бет алған өзгерістер мен өрлеу дәуірі болатын. Бұл кез арабың әдеби тілі биік дәрежеге ие болып, мұсылман елдеріне кең қанат жая дамыған кезі еді. Көптеген халықтардан шыққан ұлы ғұламалар, данышпан ақын-жазушылар өз еңбектерін араб тілінде жазып қалдырды. Сөйтіп араб мәдениетін өркендетуге мұсылман дініндегі халықтар түгел қатысып, ұлы мәдениет жасады. Ғылым, өнер, математика, философия, медицина, астрономия, физика, химия өркендеді. Араб тілінде дамыған мәдениет үлгілері кешеуілдеген Еуропа мәдениетінің қарыштап өркендеуіне үлкен ықпал жасады. Фарабиге жалғаса, жаңа ғылымдардың шығуымен ғылым мен әдебиет тағы да өрледі. Әбу Али Сина (Авицена), әл-Бируни, Фирдауси, Низами, Омар Хаям, Насриддин Гуси, Исмайл Жаухари, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни т.б. түркі тектес елдерден шыққан дана адамдар дүниеге келді. Осылайша білім-ғылым, өнер ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жалғасып, дамылсыз даму үстінде болды. XII ғасырға дейінгі Шығыс өркениеті басқа елдерге үлгі-өнеге берерлік биік сатыға жетті. Сол өскелең өнер-білімнің асқар белін әл-Фараби еңбектері танытады. Олар: «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдардың шығуы», «Мәселелердің түпкі мазмұны», «Жұлдыз бойынша болжамдар», «Вакуди туралы трактат», Платон, Аристотель, Птомолей, Ломей, Порфирий еңбектеріне түсініктер¹¹.

Әл-Фараби 870-жылы дүниеге келген. Алғашқы дәрісті туған жерінде алады. Сол кездегі араб

¹¹ <http://www.bilimtarihi.gen.tr>

мәдениетінің орталығына айналған Бағдат қаласында көп жылдар бойы жатпай-тұрмай оқып, зерттеу жұмысын жүргізген. Ол ежелгі грек ғұламаларының, әсіресе Платонның жазған еңбектерін терең түсініп оқыған. Кейінірек Сирияда біраз жұмыс істеген. 950-жылы Дамаск қаласында қайтыс болған. Әл-Фарабидің жазған еңбектерінің ішінде философия мен логика терең зерттелген. Сондықтан Шығыс ойшылдары оны көзі тірісінде-ақ «әл-Муғалиму әс-Сани», яғни «екінші ұстаз» деп атап кеткен. Ол таза философиялық, логикалық еңбектермен қатар физикалық, математикалық және натурфилософиялық, музыкаға да қатысты еңбектер жазып қалдырған.

Орта ғасырдағы ғалымдардың ішінде тамаша энциклопедист Әбу Райхан әл-Бирунидің еңбектері өз замандастарына қатты әсер еткен. Ол ғылыммен айналысқан кездерінде шешілмей жатқан мәселелер болса дін қағидаларына жүгінген. Әбу Райхан әл-Бируни 973-жылы қазіргі Қарақалпақстан жерінде дүниеге келген. Жастайынан әр нәрсеге құмар болып, айналадағы әлемді тануға тырысып бақты. 21 жасында астрономияға терең үңіліп, көптеген ғылыми нәтижелерге жетті. Бирунидің бір ерекшелігі, Ислам дінінен басқа діндерге құрметпен қараған.

Ислам дінінде сиқыршылар мен магиялық күш иелерінің әрекеті мақұлданбайды *«Сиқыр жасаушы немесе сиқыр жасатушы, бал ашушы немесе бал аштырушы мұсылман емес»*. Бұл бағытта 1047-жылы «Минерология» деген еңбегін жазып шықты. Онда ғалым тылсым күштерге, магиялық күштерге сенудің орынсыздығын дәлелдеген. Сиқыршылық қараңғы адамдарға ерекше күш сияқты көрінетіндігі, ал ғылыми

көзқараспен алып қарағанда оның ешбір ғажайып еместігін, қайта жалғандығын ашып, ғылыммен ортақ жері жоқ екендігін дәлелдеді. Сиқыршылықтың бір түрі алхимия екендігін, бірақ оның өз атымен аталмайтындығын атап өтеді. Бируни сондай-ақ Құран кәрімде айтылған су тасқынына байланысты көптеген зерттеулер жүргізген¹².

«Араб ғалымы» атанып кеткен, Бұқарада туып-өскен Ибн Сина да өз кезіндегі ілімдерге үлес қосқан. Әртүрлі деректерге қарағанда, Ибн Сина 450-дей шығарма жазған, соның бізге дейін жеткені 240-тайы ғана. Бұл еңбектерінің ішінде «Дәрігерлік ғылымның қағидалары» деген кітабы өз заманында-ақ оған әлемдік абырой әкелді. Өйткені бұл кітапты медицина ғылымының энциклопедиясы десе де болғандай. Осы қағидалар жинағы Азия мен Еуропа елдерінде 500 жылдай дәрігерлердің медициналық еңбегіне айналды.

Осы ұлы еңбектерді жазған Ибн Сина да Аллаһ тағаланың құдіретіне шек келтірмеген. Мысалы, кітаптарының басы «Аллаһ тағаланың атымен бастаймын! Бар мадақ әлемді билеуші Аллаһқа, Оның барлық пайғамбарларына жарасады» деп басталуының өзі көп нәрсені байқатады. Атеистік бағыттың бір қателігі – Исламның осындай ірі ғалымдарының ашқан жаңалықтарын мысалға ала отырып, олардың тек материалистік жағын ғана жақтап, дінге қатысты тұстарын жасырып, қайта дінге қарсы қоюға тырысты. Ал он сегіз мың ғаламды жаратқан құдіреті күшті Аллаһ

¹² Шейх Абд аль-Маджид аз-Зиндани, Факти относительно морей и океанов, Перевод с английского Кулиева Руфата (Салмана) Москва 1999, 98 б.

тағала сол адамдарды айнала қоршаған ғаламның сырын ашуға, сөйтіп соларға ұстаздық етуді нәсіп етті.

XIII ғасырда Ислам ғылымының көптеген салалары латынша аударылып, Батыс Еуропа елдеріне тараған. Мысалы, әл-Фарабидің ғылыми еңбектері, музыкасы, философиясы, оптикасы, геометриясы, астрономиясы, медицинасы аударылып, кең таралған. Осыларды таратқан монах Роджер Бекон шіркеу түрмесінде 14 жыл отырған. Жалпы ғылыммен айналысқан адамдар Исламнан басқа діндерде көп қуғынға ұшырап немесе өлім жазасына кесілген. Мысалы, Италиядан шыққан физик Джордано Бруно жердің домалақтығын дәлелдеймін деп жазаға тартылып, 1600-жылы тірідей өртеледі.

Испаниялық ғалым Липель Сервет қан айналымын зерттегені үшін XVII ғасырда отқа өртеледі. Иван Грозныйдың дәрігері адамның ішкі дене мүшелерінің құрылыстарын анықтау мақсатында өлікті сойғаны үшін өлтіріледі. Галилео Галилей жердің айналатынын дәлелдегені үшін ұзақ мерзімге түрмеде отырады.

Құранды зер сала оқыған адам одан бостандыққа, ғылыми ізденістерге кедергі келтіретін бірде-бір нәрсе таба алмас еді. Керісінше, көптеген аяттардан жерді өңдеу, Аллаһ тағала жаратқан нәрселердің барлығын да адам игілігі үшін зерттеуге мүмкіндіктер берілгендігін кездестіреді. Тарихта ешқашан да Ислам мемлекеттерінде ғалымдардың еркін ойлауына кедергі болу, зерттеу мен жаңа нәрселерді ойлап табуларына тыйым салатын жайттар болған емес. Керісінше, ондай адамдарға материалдық жағынан сый-сыяпаттар көрсетіліп, қоғамдық ортада мәртебелерін көтеріп отырды.

Ислам ғалымдарының орта ғасырларда әлемдік деңгейде алғы шепке шығуына қандай жағдайлар әсер етті? Біріншіден, бүкіл Ислам ғалымдары күдіреті күшті Аллаһтың бір екендігіне, Құран кәрімнің Аллаһтың сөзі екендігіне және Мұхаммед (с.а.с.) Оның елшісі екендігіне сенді. Екіншіден, Ислам халифаты ғалымдарға ғылыми жұмыстар жүргізуге үлкен мүмкіндіктер жасады. Сөйтіп пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) шарифатындағы 40 парыздың бірі – еркекке де, әйелге де ғылым үйрену іс жүзінде парыз екендігі көрінді. Үшіншіден, араб-парсы тілі бүкіл мұсылман ғалымдарының ортақ тіліне айналғандықтан бір-бірінің еңбектерін оқып, зерттеуге қыруар пайда келтірді. Төртіншіден, сол орта ғасырдағы әміршілердің сарайларының жанында бай кітапханалары болды. Мысалы, әл-Фараби, Ибн Сина тағы басқа да ғалымдар көп уақыттарын осындай кітапханаларда өткізіп, ғылыми көзқарастарын қалыптастырды. Бесіншіден, орта ғасырдағы Ислам ғұламалары ежелден келе жатқан ілімдер мен тұжырымдамаларды, ғылыми жаңалықтарды оқып, жалғастырып қана қоймай сондай мұралардың пайдалы жақтарын алып, әлемдік ғылымның дамуына ерекше үлес қосты. Алтыншыдан, Ислам ғалымдары ғылымдарды сала-салаға бөліп, жекелеген ғылымдарды кейінгі ғалымдардың зерттеулеріне жол салды. Мысалы, медицина, астрономия, философия, математика, химия, физика, тағы басқа ғылым салаларын жетілдірді¹³.

¹³ Қайрат Жолдыбайұлы, Имани гүл, Алматы 2012 ж. 128 б.

Ғылым үйренудің әдептері

Әрбір мұсылман білімді адал ниетпен үйренуі керек. Мақсаты тек қана байлық жинап, мәртебеге ие болып, рахат өмір сүру болса, бұл дүниеде өз еңбегінің жемісін көргенімен, ақыретте оның еш пайдасы болмайды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді: *«Қиямет күні ең көп азап көретіндер, Аллаһ тағаланың ілімінен пайдаланбаған ғалымдар», «Аллаһ тағаланың разылығына лайық болу үшін үйренетін білімді тек қана дүниені иелену үшін үйренген адам қиямет күні жәннаттың иісін де сезбейді», «Әрбір адам үйренгенімен амал етпейінше, оны тәжірибеде қолданбағанша, нағыз білім иесі ғалым болып есептелмейді. Ал, дін ғылымын үйреніп, онымен амал етпегендерге өз ілімін қызғанып немесе ерініп үйретпеген мұсылманға Аллаһ тарапынан үлкен бір азап бар». «Құл білгенімен амал етпейінше ғалым болмайды», «Білім жайында сұралған уақытта оны жасырғанға Қиямет күні оттан ауыздық салынады»¹⁴.*

Хазірет Омар (р.а.) «Бұл үмбет үшін ең қатты уайымдайтыным – ғылым меңгерген мұнафықтар» деп айтқан. «Білімді мұнафық дегеніміз кім» деген сұраққа: «Тілі ғалым, жүрек және амалдары надан» деп жауап қайтарған. Бұл хадисте тілі ғалым деген сөздің мағынасы Аллаһ тағаланың әмірлерін үйреніп, уағыз насихат беріп, үйреткен ғылымы тек қана тілінде қалған ғалым. Өзінің жұртқа үйреткеніне жүреппен

¹⁴ Нәуәуи Әбу Зәкәрия Яхя бин Шәрәф, Риязу-с Салихин, аударма және түсініктеме: (Яшар Кандемір, Исмайл Лютфи Чакан, Рашит Күчүк), I-VIII, Стамбул 1997, 1395-1398.

сенбегендіктен амал етпейтін надандар сияқты әрекет ететін кісі.

Суфиян Сәури (р.а.): «Ғылым амал етуге шақырады, амал етсе жақсы, етпесе ғылым да кетеді» деп баяндаған.

Ибн Мүбәрак: «Ғалым, ғылым үйреніп жүргенде ғалым болады. Қашан «мен ғалым болдым» деп, ғылымын арттырудан бас тартса, міне, сол кезде надан болады» дейді.

Фудайл болса былай дейді: «Менің үш кісіге жаным ашиды:

1. Бір қауымның қадірлісі бола тұра, ой-санасы қысқа болған кісіге.
2. Байлықтан кейін пақыр болғанға.
3. Бұл дүниелік нәрселердің алдында өзін ойыншық сияқты қолдандырған ғалымға» деген екен¹⁵.

¹⁵ Әбу Хамид Мухаммед ибн Мухаммед, Кимья-яы Саадет, Стамбул 1970, 66 б.

Екінші бөлім

**ИСЛАМДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУДЫҢ
ЖӘНЕ БІЛІМ ОРДАЛАРЫНЫҢ
ТАРИХЫ**

Ислам келмей тұрып арабтар ғылымға көп қызығушылық таныта қоймаған. Өздерінің күнделікті тұрмысына ғана қажетті білімге ие еді. Бүгінде біз оларды былай деп топтастыра аламыз.

1. Ырым-тыйым мен салт-дәстүрлер;
2. Аңыз-әңгімелер;
3. Бал ашу, көріпкелдік;
4. Жұлдыз бен аспан әлеміне қатысты сенімдері.
5. Медицина. Көшпенділер арасында, қарапайым қалаларда біраз дамыған;
6. Мал дәрігерлігі. Әсіресе, жылқыға маңыз берілген;
7. Ауыз әдебиеті мен өлең;
8. Шежіре;
9. Жер тану;
10. Түс жору¹⁶.

Сонымен бірге ол кездегі салт-дәстүрлердің көбінің жібі түзу емес еді. Әйелдерге деген құрмет жоқтың қасы. Әкесі қайтыс болса ер жігіт өзінің шешесін әйелдікке алатын. Қыз баланы тірідей көметін еді.¹⁷

¹⁶ Хусейн Услу, Башлангычтан гүнімүзе Ислам мүссеселери тарихи, Стамбул 1985.

¹⁷ Ғұсман Кескиоғлу, Сияри Нәби, Анкара 1995, 7 б.

Пайғамбарымызға (с.а.с.) осындай қоғамды тура жолға салу керек болды. Құранда да Елшінің (с.а.с.) міндеті тура жолды көрсету, жақсылыққа шақыру екені айтылады.

Ислам келген уақытта, дүние-жүзі бойынша ғылым әлі үстемдік құрмаған, сауаты бар адамдар қай жерде болса да тапшы еді. Араб елдерінде де солай болды. Пайғамбарлық келген кезде Меккеде 15-20 шақты адамның ғана сауаты бар еді¹⁸. Бұлардың арасында хазірет Омар, Осман, Әлилер бар. Ал Мәдинада тіпті жоқтың қасы. Хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) айтқанындай, сол кездегі арабтар «оқу-жазу білмейтін үмми» болды.¹⁹

Хижретке дейінгі оқу-ағарту

Ислам діні келгеннен кейін арабтарда сауат ашу қарқынды түрде етек жайды. Тарихта басқа ешқандай халықтың аз уақытта бұлай дамуы кездеспеген. Оқу-жазу білмейтін пайғамбарға келген алғашқы уахидың оқуды әмір етуі назар аударарлық. Құранның ең алғашқы әмірі «Оқы» болғандықтан, мұсылмандарға жүктелген ең алғашқы міндет те оқу. Құран сөзі арабша «қа-ра-а» сөзінен шығып, оқу мағынасын береді.

Хазірет Пағамбар және оның төрт халифасының мемлекет басқарған бақыт ғасырында жаңа оқу-тәрбие жүйесі қалыптасты. Негізі Құран, мұғалімі Мұхаммед (с.а.с.), шәкірттері сахабалар болған бұл жүйе аз уақытта табысқа жетті. Біз Мекке дәуірінде де Құран оқудың өте жоғары маңызға ие болғанын көреміз. Өйткені

¹⁸ Мухаммед Хамидулла, Хадис тарихи, 1967 16 б.

¹⁹ Бухари, Саум 13, Муслим, Сиам 15

дінді жаю, Исламды және Хақтың кітабын түсіну оқу-жазуға байланысты еді. Құран әуелі жазылып, кейін оқу білетіндер білмейтіндерге оқитын. Хазірет Омардың (р.а.) Аллаһқа бойсұнуына себеп болған да осындай бір оқиға еді.²⁰

Хижреттен кейінгі оқу-ағарту

Бақыт ғасырында мәдениеттің негізі саналған оқу-жазудың азаттыққа тең болғанын көреміз. Бәдір соғысында тұтқынға түскендердің ішінде құн төлейтін ақшасы жоқ сауаты бар тұтқындардың әрқайсысы он мұсылман балаға хат танытып бостандық алды. Бұл ағарту ісінің алғышарты еді. Әрбір адамның ғылымда, ахлақта, амалда да бір-бірін тура жолға шақырып, білгенін басқаға үйретуі Исламның негізге ұстанымы болып табылады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дәуірінде діни сауатты болу жалпыға бірдей міндет болғанын көрсететін дәлелдер бар. Хадисте былай дейді: «Дінде ілім иесі болу барлық мұсылманға парыз. Үйреніңдер, басқаға үйретіңдер, ғылыммен айналысыңдар. Надан болып өлмендер».²¹ Олай болса біз де қазіргі күнде ғылымды біліп қана қоймай, оны үйретуге міндеттіміз.

Хазірет Пайғамбар (с.а.с.) дәуіріндегі оқу-ағарту орындары

Пайғамбарлықтың үшінші жылында түскен «Әй, бүркеніп жатқан, тұр да, адамдарға ескерт!» («Мүдәссір» сүресі, 1-2) әмірінен соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарды

²⁰ Ғұсман Кескиоғлу, Сияри Нәби, Анкара 1995, 32 б.

²¹ Ибн Мажа, Муқаддима, 18 б.

Ислам дініне шақыра бастады. Бастапқыда хазірет Хадиша, Али, Зәйд және Әбу Бәкір (р.а.) иман келтіргенін білеміз.²² Пайғамбарлықтың төртінші жылында Исламға ашық шақыруға әмір келіп, меккеліктерді және Меккеге жан-жақтан келген басқа ру-тайпаларды хақ дінге тарта бастады. Қағбаға, жәрмеңкеге, базарларға барып, бұқара халыққа Аллаһтың бірлігін түсіндіре бастады. Бұған мүшріктердің қатты қарсылық көрсетуіне қарамастан мұсылмандар саны тез көбейді. Осы кезде пайғамбарымыз елге дінді үш жерде үйретті.

1. Үйлер

Расулаллах (с.а.с.) пайғамбарлықтың алғашқы жылдарында Исламды үйінде дағуат етіп, парыз болған екі рәкат намазды да үйінде үйреткен. Пайғамбарлықтың төртінші жылынан бастап күндіз Әркамның үйіне барып, жиналған мұсылмандарға діннің негіздерін үйрететін²³. Мәдинаға мұғалім етіліп жіберілген Мұсаб ибн Үмәйр осы үйде сабақ алған. Мұнымен қоса хазірет Әбу Бәкірдің Қағбадағы үйі, Сайд ибн Зәйдтің үйі де білім ордасы ретінде қолданылған.

Жоғарыда келтіргеніміздей, Исламның алғашқы жылдарында сауатты адамдар аз еді. Сауат ашып, оқу-жазу үйренгісі келетіндерді мұсылман еместер оқытатын. Бәдір соғысынан кейін бұл іс тұтқындарға берілді. Үлкен-кіші түгел қатысатын сауат ашу сабақтары мұғалімнің үйінде жүргізілетін. Олар үйлерінің бір бөлмесін арнайы дайындайтын. Кейінірек

²² Али Хикмет Берки, Осман Кескиоғлу, Соңғы пайғамбар Хз. Мұхаммедтің өмірбаяны, Анкара 1997, 64 б.

²³ Али Хикмет Берки, Осман Кескиоғлу, Соңғы пайғамбар Хз. Мұхаммедтің өмірбаяны, Анкара 1997, 93 б.

үйлер куттаб ретінде қолданылып, Құран және негізгі діни мағлұматтар оқытылды²⁴.

2. Мешит

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға көшкен соң күн тәртібінде жаңа мәселелер пайда болды. Бұл күндері әжептәуір көбейген мұсылмандардың құлшылық етуі, білім алуы үшін бір орын керек еді. Осыны ойлап күнделікті намаз оқу және Исламды үйрету үшін жер сатып алып, мешіт салдырды. Бұл пайғамбар мешіті үш бөліктен тұратын: намаз оқитын үлкен зал, мектеп қызметін атқаратын суффа және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанұясына арналған бірнеше кішкентай құжыра. Мешітпен қатар бұл ғимараттың көптеген қызметі болды. Хазірет Омар (р.а.) заманына дейін Мәдинаға келген қонақтар осы мешітке түсетін. Мемлекеттік және саяси мәселелер осында қарастырылып, жорыққа да осы жерден аттанатын еді.

3. Суффа

Суффа мектебі Исламдағы алғашқы университет еді. Суффаның салынуымен Ислам оқу-ағарту ісінде жаңа дәуір басталды. Мектептің негізі салынып, бұл жерде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі сабақ берді. Күндіз мұғалімдер Суффа шәкірттеріне дін қағидаларын үйрететін²⁵. Ұбада ибн әс-Самит (р.а.) бұл жерде жазу сабағын берген, Үбәй ибн Кағб, Абдуллаһ ибн Мәсғуд және Муаз ибн Жәбал (р.а.) Құран үйреткен²⁶. Осылайша жүйелі оқыту жүйесінің және батыста

²⁴ Хусейн Услу, Башлангычтан гүнүмүзе Ислам мүссеселери тарихи, Стамбул 1985, 256 б.

²⁵ Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II т. Стамбул 1998, 75 б.

²⁶ Бухари, Фезайлул Қуран, 8 б.

көптеген ғасырдан кейін ғана пайда болған қоғамдық оқу орнының негізі қаланды. Аллаһ разылығы үшін ғылым үйренген ғалым мен Оның жолында соғысқан сарбаздың тең тұтылуы бұл істің маңыздылығын көрсетіп, пайғамбар мешіті мен Суффа нағыз білім ордасына айналды. Аллаһ тағаланың адамзатқа түсірген соңғы кітабында да мұсылмандардың бір бөлігі соғысқа қатыспай, ғылыммен шұғылдануы керек екені айтылады²⁷.

Суффада шәкірттердің 400-ге тарта болғаны риуаят етіледі. Бұл күндіз келетін шәкірттердің саны болуы мүмкін. Ибн Ханбалдың айтуынша, онда жатып оқитын шәкірттер саны сексен шамасында еді. Өйткені Суффаны мекен еткен кісілер Мәдинада туған-туысы жоқ сахабалар болатын. Бұлардың ішінде Ибн Мәсғуд, Ибн Омар, Әбу Хұрайра, Салман Парсы, Әбу Зәр, Мұсғаб ибн Үмәйр, Ханзала, Біләл (р.а.) бар еді.

Исламда әйелдердің де ғылымда өз орындары бар. Аллаһ елшісі «Ілім барлық мұсылман ер мен әйелге парыз»²⁸ дей отырып, бөліп-жармай аптаның бір күнін әйелдерге сабақ беруге арнаған²⁹. Пайғамбардың (с.а.с.) осы әміріне байланысты бақыт ғасырында ғалым әйелдер шыққанын көреміз³⁰.

²⁷ Ахмад ибн Ханбал, II т., 371 б.

²⁸ Ибн Мажа, Муқаддима, 17 б.

²⁹ Бухари, Фезайлул-Қуран, 45 б.

³⁰ Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине модерн арапча өғретими, Стамбул 1995, 82 б.

Медресеге дейінгі оқу орындары

Ислам әлемінде медреселерден бұрын да оқу орындары болған. Бірақ оқу-ағарту ісі белгілі бір мекемелерде емес, мешіт, кітап дүкенінде, әдеби орындарда жүргізілетін. Сондықтан медресеге дейінгі оқу орындарына тоқталғанда бұларды аттап кету мүмкін емес.

1. Куттаб

Куттаб екі түрлі болған. Қазіргі кездегі бастауыш мектеп деуге болатын куттаб оқу-жазу үйрететін орын мағынасына келеді. Бұл көбіне мұғалімдердің үйінде болатын. Куттабтың бұл түрі Исламнан бұрын да бар еді³¹. Куттабтың басқа бір түрінде Құран және негізгі діни мағлұматтар оқытылатын. Кейбір ғалымдар бұл екеуін бір-бірімен шатастырады. Бұлардың бірі Филипп Хитти былай дейді: «Куттабтардың бағдарламасының негізі Құран еді. Шәкірттер оқып үйрену үшін Құран оқитын, жазуға жаттығу үшін мәтіндерді Құраннан алатын. Грамматика, хадистер мен пайғамбарлар қиссасын оқитын»³². Исламның алғашқы кезеңіндегі мұғалімдердің көпшілігі мұсылман болмағанын ескерсек, оның бұл сөзімен келісе алмаймыз. Өйткені мұсылман еместердің Құранды, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін үйретуі мүмкін емес. Мұсылмандардың ішінен оқу-жазу білетіндерін бұдан да құрметті бір міндет күтіп тұрған. Ол – уахиді қағазға түсіру еді.

³¹ М. Фарук Байрактар, Ислам еғитимінде өғретмен-өғренжи мунасебетлери, Стамбул 1994, 95 б

³² Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995 18 б.

2. Құран және Ислам негіздері оқытылатын куттаб

Батыс ғалымдары куттабтың бұл түрін Исламның алғашқы кезеңінде де бар дейді. Алайда олардың айтып жатқандары алғашқы куттабтар. Исламның алғашқы кезеңдерінде балалар діни мағлұматтарды Али ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн Аббастың (р.а.) сұхбаттарына қатысу арқылы алатын немесе өздерінің ата-аналары үйрететін. Әуелде балалар мешіттің тазалығы мен тыныштығын бұзады деп, олардың мешітке кіріп, сабақ алуын дұрыс көрмеген. Осы себептен хижреттің 483-жылы, милади 1090-жылы балалардың мешітке кіріп сабақ алуына тыйым салынған пәтуа шықты³³. Бұған қарамастан куттабтардың мешітте де және өз алдына бөлек те болғанын көреміз. Мешіт пен куттаб арасындағы байланысты Имам Шафи былай деп атайды: «Шешем мені әуелі куттабқа жіберді. Құран үйренген соң ол жерден жамиге кірдім»³⁴. Ислам әлемінде куттабтардың кең тарағаны соншалық, әр ауылда бір-бірден, кейбірінде бірнеше куттаб болған.

3. Мешіт

Ислам оқу-ағарту тарихынан сөз қозғағанымызда мәдениетінің дамуында маңызды рөлі бар мешіттерді айтпай кете алмаймыз. Мешіттердің салынуына байланысты екі түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарастағылар көрші халықтардың синагок, шіркеу сияқты құлшылық орындарын көріп, соларға еліктей отырып салынғанын

³³ Ибн Касир, әл-Бидая, XII т.

³⁴ Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине модерн арапча өғретими, Стамбул 1995, 9 том, 74 б.

айтады. Екіншісі, әрі шындыққа жақынырағы, қасиетті Қағбаға қарай отырып салынғаны жайындағы көзқарас («Әли Имран» сүресі, 96).

Мұсылмандар өздеріне бағынған жерлеріне мешіт салу үлкен үрдіске айналды. Мешіт салу арқылы бұл өлкенің Ислам мемлекетіне қосылғаны жарияланатын³⁵. Уақыт өте мешіттер көбейе түсті. Бұл, әсіресе әкімшілік орталықтарда айқын көрінеді. Яғқуби (өлімі, 292/905) хижри III, милади IX ғ. Бағдатта 30000 мешіт болғанын және бұларды бір-бірлеп санағанын жазып қалдырған³⁶.

Мешіттерде сол уақыттағы барлық ғылымдар оқытылатын. Құран, хадис, фикһ, кәлам сияқты діни ілімдермен бірге тарих, философия, медицина, астрономия оқытылды. Хижри 360, милади 970-жылы Мысырда Жауһар әс-Сижилли салдырған әл-Әзһар мешіті 378/988 жылдан бастап ғылыми зерттеу орталығына айналады. Бұл қазір де Ислам әлеміндегі атақты университеттердің бірі. Суиути Каирдегі Ибн Тулун мешітінде сол кездегі белгілі ғылымдардың барлығы оқытылғанын, Абдуллатиф әл-Бағдади, әл-Әзһар мешітінде әр күні түс уақытында медицина оқытылғанын айтады³⁷. Мәдинадағы хазірет Пайғамбар мешітіндегі Суффа шын мәнінде Исламдағы алғашқы университет болды. Уақыт өте онда шәкірттер сый-

³⁵ Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине модерн арапча өғретими Стамбул 1995, 10 том, 167 б.

³⁶ М. Фарук Байрактар, Ислам еғитиминде өғретмен-өғренжи мунасебетлери, Стамбул 1994, 94 б.

³⁷ Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине модэрн арапча өғретими, Стамбул 1995, 9 том, 75 б.

май қалады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұның алдын алу үшін Мәдинаның әр жерінде дайындық немесе бастауыш мектеп болып саналатын бірнеше мектеп ашады. Хижреттің екінші жылы Махрама ибн Нәуфалдың үйінде Дарул-қурра аталған Құран мектебі ашылған.

Ислам әлеміндегі қуатты мемлекеттердің бірі болған Осман мемлекеттерін қарастыратын болсақ, бұл кезде де мешіттер әкімшілік орталық, имамдардың мәжілісі қызметін атқаратын еді. Халықтың жиналып құлшылық қылатын, мемлекет істерін талқылайтын жері болғандықтан үлкен маңызы бар еді. Мешіттің жанында оның ажырамас бір бөлігі медресе, кітапхана, асхана және басқа да құрылыстар бірге салынып, өз алдына үлкен бір комплексті құрайтын. Жақын жерлерге намаз уақытын күту үшін асханалар салынып, олар күні бүгінге дейін жеткен. Бұған байланысты Осман Нури Эргин былай дейді: «Стамбулда асханалардың көптеп салынуы мешіттің көбеюіне байланысты. Намаз уақытынан бұрын мешітке келгендер, екі намаз арасындағы уақытты өткізу үшін әр мешіттің жанында отыратын орын ашылған. X/XVI ғғ. Йеменнен кофе әкелініп, бұл жерлерде кофе ішу әдетке айналғандықтан кофехана деп аталған. Кафелерде намаз уақытына дейін халықтың көңілін аулау үшін, әсіресе ақшам мен құптан намазы арасында Хамзанама, Баттал-Ғази сияқты халық кітаптары оқылатын».

4. Ғұламалардың үйлері

Исламда оқу-ағарту ісінің дамуында үлкен орны бар мекемелердің бірі – ғұламалардың үйлері. Әсіресе мешіт салынбай тұрып, дәрістер негізінен үйлерде жүргізілді. Бұл мешіт салынғаннан кейін де жалғасты. Мысалға айтатын болсақ, Аллаһ елшісі (с.а.с.)

сахабаларға Әрқам ибн Әбул Әрқамның үйінде жаңа түскен аяттарды және дін негіздерін үйреткен. Кейін Пайғамбарымыздың (с.а.с.) үйіне, мешіттер салынған соң мешітке көшірілді. Дәрістер бір жағынан аурухана, керуенсарай сияқты жерлерде де жүргізілді. Сонда да көптеген ғалымдардың үйінде оқу-ағарту ісі жалғаса берген. Ибн Сина кешке шәкірттеріне өз шығармалары әл-Қанун мен әш-Шифаны оқитын³⁸. Шәкірттер мен ғалымдарға толы үйлердің бірі Имам Ғазалидің үйі еді³⁹. Қысқаша айтқанда медреселер көбейіп кеңінен жайылғанға дейін ғылым мен мәдениеттің дамуында ғұламалардың үйлері үлкен рөл атқарған.

5. Сарайлар

Ислам әлемінде оқу бағдарламасы шәкірттің болашағына, келешекте қоғамда алатын орнына байланысты болуы керек екендігі алғашқы ғасырлардан ақ белгілі еді. Яғни, болашақта мемлекеттік қызмет алатындар ерекше тәрбие көруі керек еді. Осыған байланысты халифа мен жоғары дәрежелі адамдардың сарайларында ерекше оқу бағдарламасы бар еді. Бұл бағдарламаны әке өзі тағайындайтын және заманына қарай өзгертіп отыратын. Шәкірттерді әрі оқытып, әрі әдептілікке үйрететін болғандықтан сарайларда сабақ беретін мұғалімдерді «муәддиб» деп атайтын.

6. Кітап дүкендері

Ислам мәдениеті дамыған сайын маңызды орталықтарда кітап дүкендерінің көбейгенін көреміз.

³⁸ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995 22-32 б.

³⁹ М. Фарук Байрактар, Ислам еғитиминде өғретмен-өғренжи мунасебетлери, Стамбул 1994, 98 б.

Бұл дүкендердің иелері тек қана сауда жасап, ақша табуды көздеген адамдар емес, заманына қарай жоғары білім алған, мәдениетті адамдар еді. Олар өз дүкендерін ғұламалар мен шәкірттердің жиналып, тартысатын, ілім үйренетін ордасына айналдырды. Надандық дәуіріндегі Укказ, Мажанна, Зул Мәжаз сияқты жәрмеңке-базарлары мен Ислам әлеміндегі кітап дүкендері арасында бір ұқсастық бар. Надандық заманында арабтар бұл жәрмеңкелерге сауда жасау үшін келетін. Бірақ әдебиетке деген құштарлықтарын көрсету үшін осы жәрмеңкелерді пайдаланатын. Ақындар өлең оқып, шешендер сөз жарыстыратын, әртүрлі тартыстар орын алып жататын. Кітап дүкендері де осы жағынан бұл жәрмеңкелерге ұқсайды. Бұл дүкендер сауда жасау үшін ашылса да, уақыт өте мәдениетке, әдебиетке құштар адамдар бұл жерді мәдени орталыққа айналдырды. Олар үшін ғылыми ізденіс орнына айналды. Дүкен иелері де кітаптарды көбейтіп, халыққа қызмет ететін, бұны өздеріне борыш санайтын. Ғылыми жұмыстар тек кітап дүкендерінде ғана емес, басқа да сауда-саттық орындарында болған. Бұған Әбул-Атахияның ыдыс-аяқ сататын дүкенін мысал келтіруге болады. Кітап дүкендері Аббаси халифатының құрылуы кезінде пайда болып, кейін Ислам әлеміне тараған. Мәмун дәуірінде ғылыми клубтар салынып, Мутауаккил мен Муғтазид заманында бұл клубтарда ғалымдар жиналып, философиялық мәселелерді талқылайтын. Андулусия II Хакамның салдырған кітапханасындағы каталогтың өзі 44 том еді⁴⁰.

⁴⁰ Хусейн Алгул. Ислам тарихи, Стамбул, 1997

7. Әдебиет салондары

Бұндай салондар Ислам әлемінде алғашқы халифалар заманынан бері бар. Аббаситтер дәуірінде кең жайыла бастады. Халифа дін және дүние істерін реттеп, жолға қоятын адам болғандықтан, ол әрі әмірші, әрі рухани жол көрсетуші еді. Сондықтан оларға қойылар ең маңызды талап ижтиһад (ғалымның аят пен хадиске сүйеніп үкім шығаруы) ете алатындай дәрежеде болуы еді. Ең алғашқы төрт халифадан әртүрлі жиындарда діни және басқа тақырыптарда сұрақтар сұралатын. Олар жауап бере алмаса, басқа сахабалардан сұраудан тартынбайтын. Жиынға қатысушылар қарапайым төсенішке немесе жерге отыратын, қалаған адам қатыса алатын және кез-келген уақытта шығып кете алатын. Қатысушылар халифаны атымен немесе «мұсылмандар әміршісі» деп атайтын. Бұл халифалар жиындары мен әдеби залдар, мәдени даму жолында қызмет етті.

Кейін әдеби залдар мұсылмандардың қол астына кірген басқа халықтардың мәдениетінің ықпалында қалды. Бұл залдар өте жоғары дәрежеде дайындалып, белгілі адамдар ғана қатыса алатын. Қатысатын адамдар белгілі уақытта келіп, халифа тағайындаған ережелерге сәйкес орындарын алатын. Масғудидің айтуынша, әдеби залдар сарайлармен бірге пайда болған. Мұғауия (41-60/661-680) сарайында заманының мықты ғалымдарын жинап, араб тарихы, соғыстар мен басқа мемлекеттердің билеушілері мен әкімшіліктері жайында тартысатын. Бұл дәстүрді басқа да Умауия халифалары жалғастырды. Абдулмалик ибн Маруан да (65-86/685-705) әсіресе ақындарды шақырып, мәжіліс жасаған. Бұны Аббаси халифасы Әбу Жағфар әл-Мансур да жалғастырған. Аббаситтер дәуірінде бұндай

мәжілістер тек халифаның ғана емес, уәзірлердің де сарайында ұйымдастырылған. Бұл, сол дәуірдің мәдениетін көрсететін. Халифа Харун Рашид (170-193/786-809) дәуірі бұл тұрғыда назар аударуға тұрарлық. Өзі де жақсы тәрбие көрген халифаның мәжілісінде діни тартыстар, әдебиет, поэзия жарыстары болатын. Харун Рашидтің мәжілісіне қатысқандардың бірқатарын атап өтетін болсақ, ақындар – Әбу Нуас, Мүслим ибн Уәлид, Аббас ибн Ахнаф, күйші Мусулдық Ибрахим мен баласы Ысқақ, әдебиетші Әбу Убайда, атақты шешен ибн Сәммәк, тарихшы әл-Уақиди және танымал дінтанушы Әбу Юсуф (өлген жылы милади 182/799, хижри 33 жылы)⁴¹.

Ислам әлемінде тәуелсіз және жартылай тәуелсіз кіші мемлекеттер пайда болған кезде, бұлардың әміршілері де өнер-білімді дамыту үшін осы дәстүрді жалғастырды. Олардың сарайлары сол замандағы мәдениет ошағына айналды. Тіпті бұл сарайларды қазіргі университет, институттармен салыстыруға болады. Мысалы Сәйфуд-Дәулә Хамаданидің (916-987) Халептегі сарайында араб әдебиеті аз уақытта өзінің шырқау шегіне жетті. Сәйфуд-Дәуләнің ғылым мен әдебиет адамдарына көрсеткен құрметі, жомарттығы сол уақыттағы көптеген ғалымдардың оның сарайына жиналуына себеп болды. Атақты философ әл-Фараби (870-950) өз шығармаларын осы сарайда жазған. Мұндай сарайлардың тағы бірі Махмуд Ғазнауидің (997-1030) сарайы. Мұнда тарихшы Утби, Бируни, ақын Фирдауси сияқты атақты ғалымдарды атап өтсек,

⁴¹ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 33 б.

бұл сарай жайында мәлімет алуымыз жеткілікті болатын шығар⁴².

Селжүктер заманында да бұл дәстүр өз жалғасын тапты. Тіпті атақты Имам Ғазали Селжүк уәзірі Низамулмүліктің (өл. 495/1092) құзырында бір тартыста жеңіп шыққаннан кейін, Бағдаттағы Низамия медресесіне мударрис болып тағайындалған.

Сарайдағы ғылыми сұхбат және тартыстар Осман мемлекетінде «Хузур дәрістері» деп аталған. Хузур дәрістері рамазан айының алғашқы күні басталып, падишаһтың құзырында «мукаррир» деп аталған, сол дәуірдегі атақты ғалымдар өткізетін, көбіне сегіз сабақтан тұратын болған. Хузур дәрістері «мухатаб» деп аталған, 7-15 шақты ғалымдардан тұратын топ қатысатын. Рамазан айына тән бұл әдет падишах, шахзада және басқа да мемлекет қайраткерлерінің діни ғылымдарда көптеген нәрселер үйренуіне себеп болды. Бұл сабақтарда Құран кәрімнен аяттар оқылып, мукаррир оны тәпсірлейтін. Кейін мұхатаптардың (қарсылас) қарсылықтары мен сұрақтарына жауап беретін. Осылайша ғылыми пікірталасқа жол ашылатын. Мукаррирлер Шейхул Исламнан ғана сайланатын. Мукаррир немесе мұхатап болу үшін белгілі бір шарттар қойылған еді. Шартқа сай болмағандар сайлана алмайтын.

8. Шөл

Білім алу, әсіресе, арабша шешен сөйлеу надандық заманында да өте маңызды еді. Пайғамбарымыз да осы мақсатта сүт анаға (Халима) берілген⁴³. Бүкіл қауым

⁴² Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай, Ата баба діні, түркілер неге мұсылман болды? Алматы 2000.

⁴³ Ғұсман Кескиоғлу, Сияри Нәби, Анкара 1995, 21 б.

жаңа туған балаларын араб әдеби тілін үйренуі және Меккенің қолайсыз ауа-райынан құтылуы үшін жасайтын ежелден келе жатқан әдет еді. Бұл әдет кейде үлкейгеннен кейін де қолданылатын. Әсіресе, ақын, шешен болғысы келетіндер бұл жолды жиі-жиі қолданатын. Мұндай дәрежеге тек қана әдеби тілді білу арқылы жететін. Ал бұл тек қана шөлде болып, тіл үйрену арқылы мүмкін болатын. Байлар мен мүмкіншілігі барлар бұл жолды қолданатын.

Умауия халифалары кезінде белгілі бір оқу-ағарту жүйесі жоқ еді. Олар үшін Шам шөлі медресе еді. Балалары сол жерде араб тілін, поэзияны үйренетін. Мұғауия осы мақсатта ұлы Язидті шөлге жіберген. Шөлде мазасы болмайды деп, Уәлид ибн Абдулмәлик шөлге жіберілмеген. Сондықтан да араб тілін, оның ережелерін жақсы білмейтін, сөйлегенде өрескел қателіктер жіберетін. Әкесі Абдулмәлик ибн Маруан: «Уәлидті жақсы көргендігімізден шөлге жібермеуіміз бізге қымбатқа түсті» деген екен⁴⁴.

Әсіресе, хазірет Омар заманынан бастап арабтардың мұсылман болған басқа ұлттармен қарым-қатынасы күшейеді. Көптеген басқа ұлттар мұсылмандықты қабылдап, Ислам мемлекетінің түкпір-түкпірін емін-еркін аралап, қалаған жерлеріне ораналасты. Осы себептен көптеген қалалардың, әсіресе Мәдина, Шам және Бағдат сияқты маңызды қалаларда әртүрлі тілдер араласқан қойыртпақ тіл пайда болды. Куфа, Басра сияқты қалаларда мұсылмандықты қабылдаған Ирандықтар да өмір сүретін. Оның үстіне жыл сайын әртүрлі ұлттан мыңдаған қажы Қағба және басқа да

⁴⁴ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 36-37 б.

қасиетті жерлерге зияратқа келетін. Осының барлығы әртүрлі тіл араласқан шала, бұдан араб тілінің пайда болуына себеп болды. Бұдан құтылу және арабша сөйлеуді үйрену үшін шөлге барудан басқа шара қалмады. Аббаси халифасы Мұғтасым және Имам Шафидің тіл үйрену үшін шөлге барғаны риуаят етіледі.

Ислам әлемінде медреселер:

Оқу-ағарту орындары құлшылық орындарының қасында орналасқан. Арнайы оқу-ағарту орындары жоқ еді. Бұл жерде оқудың мақсаты бастапқыда діни оқу болып, кейін барлық ғылымдарды қамтыған. Құлшылықпен айналысып, халықты дінге шақыратын адамдар тәрбиелеу мақсатында бірнеше мекемелер ашылды. Мұндай құлшылық орындары медреселер мен жоғары оқу орындарының алғашқы формасы болып табылды. Мысалға, Шумелерде құлшылық орындарының жанында мектептер болғандығы, онда дін адамдары сабақ бергендігі белгілі.

Ислам келгеннен бастап халықтың діни оқуға ықыласы күшейіп, оқу-ағарту орнына айналған мешіттерде дәріс алқаларының көбейгені соншалық, халық мешітке сыймауға айналды. Бір мешітте бірнеше алқа құрылып, бұл алқада сабақ берген мұғалімдер мен сұрақ қойған шәкірттердің даусы мешіттің тыныштығын бұзып, намаз оқуға келгендердің мазасын алды. Сонымен бірге осы уақытта кәлам, муназара сияқты ілімдер пайда болып, бұл ілімдер тартыссыз өтпейтін. Бұл жағдай мешіттерді құлшылық және оқу орны ретінде бірдей қолдану мүмкін еместігін көрсетті. Сондықтан 378/988-жылдан бастап Каирдегі әл-Әһар мешіті тек

қана дәріске арналды, бұл жерде жұма намазы ғана оқылатын. Алайда бұл да бір нәтиже бермеді. Өйткені мешіттің салынуының негізгі мақсаты құлшылық ету үшін еді. Осы себептерге байланысты Исламның алғашқы уақыттарында оқу орны қызметін атқарған мешіттер кейіннен бұл саладағы сұраныстарға жауап бере алмағандықтан, жанынан медреселер ашылды. Егер медресе мешіттен ұзақ болса, онда медресенің жанына мешіт салынатын. Бұл медреселердің салынуын, даму сатысын негізге ала отырып, Осман мемлекетіне дейінгі медреселер және Осман мемлекетінің дәуірі медреселері деп екі бөлімге бөлеміз.

Осман мемлекетіне дейінгі медреселер:

Оқу-ағарту үшін мешіттен тыс өз алдына салынған алғашқы құрылыс Аббаси халифасы Мәмун (813-833) кезінде Бағдатта салынған Бәйтул-Хикма⁴⁵. Бәйтул-Хикмада улумуд-дахила, (арабтарға кейіннен келген ғылымдарға берілген жалпы атау) практикалық және теориялық ғылымдар оқытылып, аудармалар жасалатын. Мұнда оқылатын ғылымдар мен мешіттегі дәрістер бірдей емес. Медреселер мешіттегі сабақтар оқытылатын орын болғандықтан мешіттің міндетін өзіне алды. Мешіттегі дәрістерге қалаған адам қатыса алатын. Әркім қалаған ғылымды оқып, қалаған ғылымды оқытатын. Бәйтул-Хикмада да осылай еді. Бірақ медреседегі дәрістер белгілі бағдарламамен оқытылатын, мұғалімдер мен шәкірттерге белгілі талаптар қойылатын.

⁴⁵ Ислам тарихы. (Умаялықтар және Аббасттықтар кезеңі), Сейтбеков С. Нысанбаев С. Шымкент 2002, 154б.

Бәйтул-Илим, Бәйтул-Хикма сияқты құрылыстар оқу-ағарту мекемелері ретінде медреселердің құрылуына негіз болған. Кейбір ғалымдар Бәйтул-Хикманы алғашқы медресе деп санайды. Аббаситтер кезінде медресе термині қолданылмаған. Бұл термин алғаш IX ғасырда қолданыла бастап, ресми түрде мемлекеттік мекеме ретінде Қарахандықтар заманында қолға алынған. Мұнымен қоса Ислам тарихшылары бір ауыздан алғаш медресе ашқан Селжүк уәзірі Низамулмүлк екенін айтса да, одан бұрын Нишабурда Бәйхақия медресесі ашылған. Махмуд Ғазнауи де Ғазнада Низамулмүлктен бұрын медресе салдырған⁴⁶. Белгілі ең алғашқы медресе 349/960 жылы Нишабурда Әбул Уәлид Хасан ибн Мұхаммед әл-Умауи салдырған медресе екенін айта аламыз. Медреселердің алғаш құрушысы ретінде Низамулмүлктің аталу себебіне келсек, оның құрғаны белгілі бағдарламамен үзіліссіз жұмыс істейтін, мемлекеттің түкпір-түкпіріне тараған оқыту жүйесі. Содан бастап, медреселердің жаңа дәуірі басталды. Низамулмүлктен бұрында медресе терминінің қолданылуына келетін болсақ, олар бейресми оқу орындары еді. Бұған қарамастан Ислам тарихшылары медреселердің құрылу тарихын нақты айта алмайды.

Медреселер көбіне бір сынып және жан-жағында шәкірттердің жатақханасынан тұратын. Ашылған уақытынан бастап қорлар арқылы басқарылғандықтан, оқу ғимараттары жанында қордың ақшалай жағдайына қарай көпшілік тамақтанатын асхана, кітапхана, монша сияқты құрылыстар да салынатын.

⁴⁶ М. Фарук Байрактар, Ислам егитиминде Өғретмен-өгрөнжи мунасебетлери, Стамбул 1994.

1. Бейресми медреселер

Бұлар жалпы көпшілікке ашық еді. Қалаған адам оқып, қалаған адам оқытатын.

2. Ресми медреселер

Бұған Низамулмүлк салдырған Низамия медреселері жатады. Бұлар Ислам өлкесінде өнер-ғылымды дамыту, мұсылмандардың мәдени және рухани сұранысын өтеу жолында жұмыс істеді. Бірақ бұлардан басқа дербес медреселерде де оқу-ағарту ісі жүргізілген. Ресми медреселер деп белгілі бағдарламамен оқытылатын, бітірушілерге мемлекеттік қызмет берілетін медреселер айтылады. Бұлардан басқалары жалпы білім беретін медреселер.

Медреселер ашылмай тұрып та Ибн Сағд, Имам Мәлик, Әбу Ханифа сияқты атақты ғалымдар шыққан. Бұл, ресми оқу-ағарту орындары құрылмай тұрып та ғылыми ізденістердің болғанын көрсетеді. Медреселер де мешіттер сияқты Ислам әлеміне тез жайылды. Аббаситтер дәуірінде тек қана Шам төңірегінде 300 медресе болған. Бұлардың ішінде 631/1234-жылы Халифа әл-Мустансир салдырған төрт мәзһаб үшін ашылған әл-Мустансирия медресесі сол дәуірдегі ең атақты оқу орны еді. Әр мәзһабқа бір мударрис, 4 муид, 75 шәкірт, бір-бір хадис мұғалімі және екі-екіден Құран мұғалімі, бұған қоса бір дәрігер және медицинамен айналысатын он мұсылман шәкірт, медресенің жанында бір кітапхана, аурухана, асхана, моншасы бар болатын.

Селжүктердегі оқу-ағарту

Селжүктердегі оқу-ағартуды басты үш бөлімде қарастыру керек. Мемлекет басшыларының білімге

құштарлығы, ресми және бейресми оқу орындары және Атабектік құрылымы. Селжүк мемлекет адамдарының білімге деген құштарлығы: Тұғрұл бей, Алпарслан, Мәлікшах, Низамулмүлк, Санжар және басқа да мемлекет басшылары ғалымдарға, өнер адамдарына үлкен құрмет көрсеткен, өнер-білімнің жайылуына үлес қосқан. Тұғрұл бей «Өзіме сарай салдырып, жанына мешіт тұрғызбауға Аллаһтан ұяламын» дейтін. Қоластына қараған қалаларына кіргенде ең әуелі ғалымдарды, дін адамдарын құрметтеп, соларға жолығатын. Алпарслан мемлекеттің барлық бұрышында медресе салдырды. Нишабурда бір мешіттің алдында нашар киімді шәкірттерді көріп, Низамулмүлктен кімдер екенін сұрады. Уәзір бұлардың, адамдардың ең құрметтісі, дүниеге қызықпайтын ілім ізденушілер екенін жеткізді. Алпарслан оларға жатақхана салдырып, айына белгілі мөлшерде ақша берілуін әмір етті.

Селжүктердің ресми және бейресми оқу орындары:

1) Ресми оқу орындары

Медреселер; Алғашқы Селжүк медресесін Нишабурда Тұғрұл бей ашқан. Қорлар арқылы мұғалімдерге жалақы төлеп, шәкірттерді тегін оқытатын Низамия медреселері Алпарслан заманында ашылды. 467/1064 жылы Бағдаттың жоғарғы жағында Тигр өзенінің жағасында салына бастаған бұл медресе екі жылдан кейін іске қосылды. Мударристігіне әуелі Ибн Саббағ (өл. 477/1084) тағайындалып, 20 күннен кейін орны-

на Әбу Ысқақ Ширази әл-Фирузабади қойылды⁴⁷. Сол кездерде мемлекеттің барлық жеріне жайылған медреселердің ең бастылары Бағдат, Нишабур, Балх, Герат, Исфахан, Мерв, Амул, Рей, Тус қалаларында еді. Бұл медреселерде сол дәуірдегі атақты ғалымдар сабақ берген, шәкірт тәрбиелеген. XIV ғасырда шығармалары Осман медреселерінде оқытылған Сағадуддин Тафтазани (өл. 792/1389) осы медреседе мударрис болған.

Селжүктерде медреселердің кең тарауының басты себептері мыналар:

1. Сүнни-Ханафи Селжүктердің көршілері Фатимилер мен Шиилерден сүнни мәзһабын қорғап, Ханафи, Шафиғи, Ханбали, Малики мәзһабтарын жаю.
2. Күн санап үлкейген мемлекетті басқаратын кадрлар дайындау.
3. Исламды қабылдаған Оғыз руларының жаңа сенімдерін нығайтып, ескі сенімдерінен аластау.
4. Дін адамдарын тәрбиелеу.
5. Жағдайы нашар, қабілетті оқушылардың білім алуына мүмкіншілік жасау.
6. Мемлекет басшыларының білімге құштарлығы.

Бұл медреселерде оқытылатын басты пәндер төмендегідей:

Дін және құқық сабақтары – Құран, тәпсір, хадис, фикһ, кәлам.

⁴⁷ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам эғитим тарихи, Стамбул 1995 40-44 б.

Дін және әдебиет сабақтары – араб әдебиеті, парсы әдебиеті, синтаксис, морфология, шешендік өнер, поэзия, хадис ғылымы, тарих, әдеп⁴⁸.

Философия сабақтары мен логика.

Жартылыстану ғылымдары – медицина, хирургия, математика, геометрия, астрономия, табиғаттану⁴⁹.

Андалусияда III Абдуррахман заманында ашылған Куртуба медресесі батыс Ислам әлемінің көз қуанышы еді. Бұл медреседе кәлам, фикһ, астрономия, математика, медицина факультеттері бар еді⁵⁰. Медреселердің барлығы, соның ішінде Низамия медреселері де негізінен дін, құқық, тіл-әдебиет сабақтарын оқытқан. Медицина көбіне ауруханаларда және осы мақсатта ауруханалардың жанынан ашылған Бимаристан, Даруш-Шифа деп аталған медреселерде оқытылған. Астрономия обсерваторияларда қолға алынды. Философия және философиямен байланысы бар ғылымдар көп ұзамай Исламға қайшы деп табылып, бағдарламадан шығарылған, оның орнын кәләм басқан. Медреселерде оқу методы көбіне жаттауға сүйенетін. Тартыстар да болып тұратын. Белгілі бір оқу мерзімі болмайтын, мақсат жыл бітіру емес, белгілі бір кітаптарды оқу еді. Бұл шәкірттердің ынтасына, мударристердің қалауына байланысты еді. Сонда да жоғары білім беретін медреселерде оқу мерзімі ең аз бес жыл болған.

Мударристер: Оқытушылар уәзірдің әмірімен жоғары білімді адамдардан сайланатын. Бұлар қартайып, дүниеден қайтқанға дейін қызмет істейтін.

⁴⁸ Субни ес-Салих, Хадис ыстыластары, Стамбул 1996. Енвер Өрен, Дини теримлер сөзлүгі, Стамбул 1996

⁴⁹ Яхия Акуүз, Түрк егитим тарихи, Анкара 1985

⁵⁰ Хусейн Алгул. Ислам тарихи, Стамбул, 1997, 537 б.

Мударристер адамгершілігі мол, білімді, діндар адамдар болатын, халық арасында беделді еді. Әр медреседе бір мударрис және оған жәрдемші «Муид» деп аталатын қызметкерлер болатын.

Шәкірттер: Қалаған адам шәкірт бола алатын. Жастарына шек қойылмаған. Шәкірттер медреселерде жататын, олардың оқуы үшін арнайы қорлардан және мемлекеттен ай сайын қаражат бөлінетін.

Бауырластық ұйымы: Селжүктер кезінде пайда болып, Осман мемлекетінің алғашқы уақытында да маңызын жоймаған бейресми оқу-ағарту мекемелерінің бірі. Исламда Пайғамбарымыздан (с.а.с.) келе жатқан футууат түсінігі бар. Бұл тәңірінің бұйырықтарын орындау, жақсы мінезді болу, барлық адамдарға жақсылық істеу мағынасына келеді⁵¹. Селжүктерде бұл ахилікке айналған. Бауырмалдық қолөнершілер мен шарулардың арасында тарап, оларды адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін құрылған. Тасаууф ағымдары табан-ақы, маңдай-терімен күн көретін еңбекші халық арасында тез тарайды. Ұлы суфиердің көпшілігі осылардың арасынан шыққан. XIII ғасырда Қыршеһирде өмір сүрген Ахи Эвран ахилік құрушысы болып саналады. Әр ағымның өзіндік пікірлері бар еді. Мысалы, кеме құрастырушылар мен ағаш ұсталарының пірі Нұх пайғамбар, тігіншілердің пірі Ыдырыс пайғамбар еді.

Атабектік ұйымы: Түркілерде шахзадаларға соғыс пен саясат өнерін үйрету үшін тәжірибелі кісілерді кеңесшілікке сайлайтын болған. Кейбір ғалымдар Орхон-Енесей жазбаларына сүйене отырып, Йоллығтегін,

⁵¹ Субни ес-Салих, Хадис ыстылахлары, Стамбул 1996. Енвер Öрен, Дини теримлер сөзлүғү, Стамбул 1996, 133 б.

Күлтегіннің кеңесшісі болғанын айтады. Селжүктерде Лала Атабек, Лалабек терминдері және кең тараған Түрік-Атабек деп аталған. Селжүктерде Атабектік өте жоғары ресми қызмет және атақ болып саналған. Селжүк әміршілері шахзадаларды тәрбиелеуді Атабек лауазымы берілген тәжірибелі мемлекет адамдарына (қолбасылар, уәзірлер) тапсырып, аймақтарға әкім етіп тағайындаған. Селжүк сұлтанына тәуелді болған Атабектер сол аймақтың жартылай тәуелсіз әміршісі еді. Сұлтанның сенімді адамдарынан сайланатын Атабектердің бір міндеті шахзадалардың, біреудің айдап салуымен әміршіге қарсы шығуларына кедергі болу еді. Бұл міндетті Османлыларда Лала деп аталған мемлекет адамдары атқарған.

Селжүк мемлекеті құлағаннан кейін де медреселер ашу жалғасын тапты. Мусул, Шам төңірегіне билік еткен түрік Атабегі Нуриддин Зенги Дамаск, Халеп, Хама, Хумус, Баальбек аймақтарында медресе салдырды. Бұлардың ішінде 159/1173 жылы Шамда ашылған Дарул-хадис ән-Нурия алғашқы хадис университеті болып табылады⁵². Мысыр, Сирия және Палестинада билік құрған Әюбилер көптеген медреселер ашқан. Тіпті Низамулмүліктен кейін ең көп медресе ашумен аты шыққан Салахуддин Аюби екені айтылады⁵³.

Медреселерде Құран, хадис және фикһ оқытылатын. Кейбір медреселерде наху (араб тілінің синтаксисі) дәрісі жүргізілетін. Бағдаттағы Низамия және басқа да

⁵² Хусейн Услу, Башлангычтан гүнімізге Ислам мүссеселери тарихи, Стамбул 1985, 63 б.

⁵³ Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине модерн арапча өғретими, Стамбул 1995, 9 том, 75 б.

шығыс медреселерінде философия да оқу жүйесіне енген.

Профессор-оқытушылар құрамы:

Мударрис (профессор): Бұдан бұрын да келтіргеніміздей Низамия медреселері жоғары білім беретін оқу орны еді. Сондықтан ол жерде және кейіннен ашылған барлық медреселерде сабақ беретін мұғалімдер «мударрис» деп аталды. Бұл араб тілінде сабақ беруші деген мағына береді. Медреселердің кең тарауымен мударристер де барлық жерде үлкен құрметке ие болды. Мударристерді әмірші немесе қорды құрған адам тағайындайтын. Олар сол дәуірдің атакты ғалымдары еді, діни ілімдердің барлығынан хабары болатын. Низамия медреселерінде мударрис болу үшін сол уақыттағы ең таңдаулы ғалым болуы, шет тілдерді білуі, діндар болуы керек еді. Әуелде мударристерді уәзірлер тағайындаса, кейіннен әміршінің бұйрығымен тағайындалатын болды.

Муид (ассистент): Араб тілінен келген сөз. Терминдік мағынасы мударристің сабағын қайталап, түсіндірме жасайтын көмекші. Қазіргі кезде ассистент десек те болады. Медреселердің құрылуымен бірге пайда болып, Аюбилер заманында өте маңызды қызметке айналған. Барлық медреседе бір-бір муидтен болған. Тіпті кейбір медреселерде бір мударриске екі муид тағайындалған. Муидтер сонымен бірге шәкірттердің тәртібіне де қарайтын. Мысырда бір медреседе мударрис, басқа медреседе муид болып қызмет атқарғандар да болған. Муидтердің бұл қызметті қанша жыл атқарғаны анық белгісіз болса да шамамен екі жыл болған деп айта аламыз.

Муфид (доцент): Тек қана Мысыр медреселерінде болған. Ұзынчаршылының айтуынша қазіргі замандағы доцент деуге болады. Муфид өтілген сабақтағы бөлімдерді қайталап кеңінен түсіндірген. Суюти бұл қызметтің тек қана хадис ғылымына байланысты екенін айтқан. Оның айтуынша муфид – мухаддистен жоғары хафыздан төмен дәреже. Алайда Шамсуддин әл-Исфаханидің Салихия, Мешхед-и-Хусейндегі сабақтарында қолданған муфид терминін алсақ бұл қызметтің тек қана хадиске байланысты емес, медресе оқытушылар құрамында да болғанын көреміз.

Тәлаба: Оқу-ағарту негіздерінің бірі шәкірттер екені шүбәсіз. Исламда шәкірттердің дені сау, зейіні ашық болуына қатты мән берілген. Осы себептен медресе мударристері тест дайындап, шәкірттерді қабілеттеріне қарай бөлек оқытатын. Оқу-үйрену үшін жасқа шек қойылмаса да мударристер кейбір ғылымдарды оқу үшін қабілет керек екендігіне назар аудара отырып, шәкірттерді белгілі бір жастан таңдаған. Шынында өзін ғылымға арнаған адамның дүниеге көп мән бермеуі, бала-шаға, үй-жай уайымы болмауы керек. Бұлардың барлығы тәлабаның белгілі дәрежеде жас болуын талап етеді. Тіпті кейбір ғалымдар тәлабаның мүмкіндігінше бойдақ болуын қалаған. Шәкірттердің саны 3 пен 100 арасында өзгеріп отырған.

Шәкірттер Ислам әлемінде әртүрлі аталған. Арабтар «талиб» десе, Селжүктер «факиһ», «мулазим» деп атаған. Османдарда талибтің көпше түрі «талаба», «туллаб», парсы тілінде ғалым, ақылды мағынасындағы «данишменд» және ғылым жолында жанғандар деп,

теңеу ретінде жанған мағынасындағы «сухта» сөзінің бұзылып айтылған түрі «софта», араб тілінде дарынды, қабілетті мағынасындағы «мустаид» сөздері қолданылған⁵⁴.

Медреселердің басқа қоғамдық мекемелермен байланысы:

Мешіттер: Бұдан бұрында айтылғанындай ежелден мешіт және жамилерде дәріс оқытылатын. Бұл медреселер көбейгеннен кейін де жалғаса берді. Тіпті қазіргі уақытта да жамилер оқу орны міндетін атқаруда. Кейбір мешіттерде арнайы сыныптар салынып, медресе деп аталады. Негізінде Ислам әлемінде медресе мен жамиді бір-бірінен айыру мүмкін емес. Өйткені кейбір мешіттен бөлек, дербес медреселерде уағыз айтылатын. Тіпті осы себептен кейбір медреселер мешіт деп аталған. Сонымен бірге Ұлы Хасан мешіті Каирдегі ең атақты медреселердің бірі еді.

Текке және завиялар: Теккелер мешіт пен медреселермен қатар жүргізілген оқу орны. Теккелердің өз алдына әдебиеті, терминдері бар. Алғашқы текке хижри жыл санауымен IV ғасырда Ремледе ашылған. Ислам оқу-ағарту тарихында теккелер мен медреселердің тығыз байланысы бар. Исламда ғылым мен ғибадат бір-бірінен ажыратылмағандықтан, қандай да бір текке немесе завиядағы шейх, діни сабақтарды да беретін. Олардан тек қана муридтері емес, қарапайым халықта сабақ алатын. Теккелер негізінде сопылардың отырып, зікір салулары үшін салынған еді. Бұл теккелер-

⁵⁴ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 58 б.

де сабақ оқылуына кедергі болған жоқ. Айта кететін болсақ, хижри 756-жылы салынған Шейху теккесінде төрт мәзһабтың фикһ, хадис және қырағат ғылымы кең көлемде оқытылатын. Аббасилер заманында теккеге ұқсас рибаттар ашылып, шекаралық елдімекендерде қызмет көрсеткен. Рибаттағылар шекаралық қызмет атқаратын және жолаушыларды қондырып, жол көрсететін. Ислам тарихында маңызды орны бар теккелер халыққа суфистік пікір таратып, осы түсінікте тәрбие берген жер. Тіпті IX, XIII ғасырларда текке мен медреселердің біріктірілгендігі айтылады. Қазіргі таңда бейресми оқу-тәрбие орны деуге болатын теккелер дін, педагогика, психология, тіпті медицина саласында да қызмет көрсеткен. Яғни, ол заманының мектебі, ауруханасы, спорт комплексі, демалыс орны, сол өлкенің өнер академиясы қызметін атқарған деп айта аламыз.

Ауруханалар: Медреселермен тығыз байланыста болған мекемелердің бірі – ауруханалар. Медреселердің жанында медициналық оқу орындарының негізінде салынса керек. Олар Дарул-марда, Маристан, Дарус-сыхха, Тыб медресесі деп аталған. Медицина оқыту үшін арнайы ашылған медреселер Даруш-Шифа деп аталған. Бұл жерде медицина оқытылып, аурулар емделетін, дәрілер жасалатын. Сонымен бірге Құран, хадис, фикһ дәрістері оқытылатын.

Кітапханалар: Ислам әлемінде кітапханаларға да үлкен мән берілетін. Медреселердің бай кітапханалары бар еді. Андалусия-Умауия мемлекетінің халифасы әл-Хакам қызметшілерін Дамаск, Бағдат, Искандария сияқты қалаларға жіберіп, кітап алдыратын. Осылайша мемлекет астанасы Куртубадағы кітапханада 400 000

кітап жиналған еді⁵⁵. Әл-Мустансирия медресесінде де бай кітапхана бар еді. Қысқаша айтсақ, Исламда оқу-ағарту ісі тек медреселермен ғана шектеліп қалмаған, ғалымдар мүмкіндігінше кез-келген уақытта, барлық жерде ғылым-білім үйретуге тырысқан. Бұл Исламның ерекшелігі болып табылады.

Мамандандырылған медреселер: Діни және басқа ғылымдарда мамандар дайындайтын медреселер. Қазіргі кездегі магистратура, аспирантураны, докторантураны бұған мысалға келтіре аламыз.

Дарул-хадистер: Негізінен мешіттерде оқытылатын хадис пәні Умаяттар дәуірінде патша ұрпақтарына арналған арнайы дәрісханаларда, Аббаситтер заманында медреселерде оқытылды. Бұл оқу орындарының барлығында негізгі пән Құран мен хадис еді. Тіпті жоғары білім беретін оқу орындарында хадис ғылымын бір жүйеге келтіру үшін арнайы хадис университеттері ашылды. Бұл медреселердің алғашқысы Халеб Атабектерінің бірі Нуриддин Махмуд ибн Зенги (541-569/1146/1174) ашқан Нурия медресесі⁵⁶. Оның алғашқы бас мударрисі, яғни ректоры белгілі мухаддис (хадис ғылымын терең меңгерген хадисші ғалым) әрі тарихшы Ибн Асакир. Бұдан бұрынғы «Дарул-хадистер» «Хадис мәжілістері» деп аталатын. Әрбір жамиде бір Дарул-хадис және Дарул-қурра болатын. 622/1225-жылы Каирде Әюби билеушісі әл-Мәликул-Камил кезінде әл-Камилия, 626/1229-жылы Дамаскіде Әшрафия Дарул-Хадистері ашылды. Әшрафияда атақты мухаддис Ибнус-Салах (өл. хижри, 643 милади, 1245) және

⁵⁵ Доғуштан гүнүмүзе бүйүк Ислам тарихи, Стамбул 1988 VI

⁵⁶ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 70 б.

Мухиддин ән-Нәуәуи (өл. 676/1277) мударрис болған. Ибнус-Салах атақты «Улумул-Хадисін» осы медреседе оқытқан. Дарул-хадистерде бұдан басқа Сахихул-Бухари, Сахихул-Муслим, Машарикул-Әнуар және де т.б. хадис кітаптары оқытылған. Османлылар да ең жоғары ғылыми атақ Дарул-хадис мударристігі еді.

Даруш-Шифа: Исламнан бұрын араб медицинасы тәжірибеге сүйенетін. Олар дәрі ретінде көбіне-көп өсімдіктерді, әсіресе, шөлдегі шөптерді қолданатын. Исламның келуімен медицинада жаңа көкжиектер ашылды. Пайғамбарымыз дәрігерлермен кеңесіп, олардың білімін пайдалануды өсиет етті. Ол дәрігерлердің мұсылман болып-болмағанына да қарамайтын. Қоштасу қажылығында ауырып қалған Сағд ибн Әби Уаққасты емдеуді әлі мұсылмандықты қабылдамаған Хари ибн Калда әс-Сақафиге тапсырған. Ислам тарихында алғашқы жүйелі түрде жұмыс істейтін аурухана Умаят халифасы I Уәлид кезінде 88/706 жылы Дамаскіде ашылған. Бұдан кейін Ислам әлемінің барлық тұсында ауруханалар ашыла бастады. Бұл ауруханалар өте жүйелі еді. Ешқандай дініне, ұлтына қарамастан барлық науқастарға қызмет көрсетілетін. Хирургия, көз, тері аурулары және басқалары үшін арнайы бөлімдерге бөлінген еді. Қорлар ашқан ауруханаларда барлық аурулар тегін емделетін, ем жақсы әсер ету үшін ауруларға жоғары калориялы тамақтар берілетін. Ауруханаларда көбісі медициналық кітаптардан құралған үлкен кітапхана болатын. Дәрігерлер дайындау мен бірге ауруларды емдейтін мекемелер Дәруш-шифа, Дәрут-тыб, Тымархана, Дәрул-афия деп аталған.

Бұл мекемелерде дәрі жасалатын, шәкірттер теориялық білімдерін ауруларды емдеу арқылы іс жүзінде қолданатын. Дәру-шифа шәкірті, Құран кәрімді жақсы оқи алатын, хадис білетін⁵⁷.

Дәрул-курра: Құран ілімдері оқытылатын оқу орындары. Құран дәрісі Исламда алғаш Меккеде, Әркамның үйінде басталған. Мәдинада Махрама ибн Нәуфалдың үйі алғаш Дәрул-курра атында ашылған. Дәрул-куран, Дәрул-хуффаз деп те аталған. Құранның жеті қаріпте түсуі оның жеті диалектіде оқылуына және осыған байланысты қырағат ілімінің шығуына себеп болды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі Құранды жеті қырағатта оқып, асхабына үйреткен. Хижри екінші ғасырдың басында бұл жеті қырағатты үйреткен Қурралар ашылды. Меккеде Абдуллаһ ибн Касир (өл. 120/737), Мәдинада Нәфи ибн Абдуррахман (өл. 169/785), Шамда Ибн Амир (өл. 118/736), Басрада Әбу Амр (өл. 154/770) мен Яғқуб (өл. 205/820), Куфада Асм (өл. 127/744) және Хамза (өл. 188/803) сияқты ғалымдардың жанында алғашқы қырағат халқалары құрылды. Бұлар кейін қырағаттардың шығуына және соған байланысты шығармалардың жазылуына себеп болды. Дәрул-қурраларда махарижул-хуруф (фонетика), қырағат ғылымдары оқытылатын.

Осман медреселері:

Осман мемлекеті заманында медреселер бағдарлама және архитектуралық тұрғыдан дамып, қалалардың архитектурасында маңызды рөлі болды. Фатих Сұлтан

⁵⁷ Хусейн Услу, Башлангычтан гүнүмүзе Ислам мүссеселери тарихи, Стамбул 1985, 66-85 б.

Мехмет алғаннан кейін мемлекеттің астанасы және ғылыми орталыққа айналған Стамбулда падишалар, уәзірлер, ғылым адамдары, кейбір сарай қызметшілері көптеген медресе салдырды. Осман кезеңінде медреселерден басқа жерлерде де әртүрлі дәрежеде оқу-ағарту ісі жүргізілді. Бұлардың бірі әскери-әкімшілік қызметкерлер дайындайтын Эндерун мектебі.

Эндерун мектебі: Осман мемлекетінде XV ғ. екінші жартысынан ең маңызды медреселерден тыс оқу орны. Әскери және әкімшілік мамандар дайындау үшін құрылған. Негізгі мақсаты әскери мемлекет болып табылатын Осман халифатына әскербасылар, өлкедегі әртүрлі мәдениетке, дінге, тілге ие халықтарды басқаратын кәсіби мамандар, сарай қызметкерлерін дайындау I Мұрад немесе Фатих заманында құрылғаны айтылады⁵⁸. Бұл жерге шәкірттер девширме (сарайда және әскерде қызмет ету үшін христиандардан балалар жинау) алынып, 7-8 жыл оқытылатын. Эндерун мектебінде кейде Стамбулға аманат етіп әкелінген басқа мемлекет әміршілерінің балалары да оқытылатын. Бұл жерді оқып бітірген соң қабілеттеріне қарай сарайда немесе әскери қызметтерге тағайындалатын⁵⁹.

Эндерун мектебінде оқытылатын сабақтар: Түрік тілі, араб тілі, парсы тілі, математика, әдебиет, тарих.

Діни сабақтар: Құран, хадис, тәпсір, фикһ.

Дене тәрбиесі сабақтары: Садақ ату, атқа міну, найза лақтыру.

⁵⁸ Хасан Али Көчер, Түркияде модерн еғитим доғушу ве гелишими (1773-1923) Стамбул 1992, 15 б.

⁵⁹ Енвер Өрен, Йени рехбер ансиклопедиси, Стамбул 1994 16 т, 16 б.

Өнер сабақтары: Музыка, каллиграфия, поэзия, сурет салу еді⁶⁰.

Медреселер: Осман мемлекеті ғалымдарға және ғылымға өте маңыз берген, олардың әлеуметтік жағдайын жасап отырған. Осман өлкесінде математика мен астрономияның дамуына себеп болған Мәуреннахрдан келген Әли Құшшы алғашқы математика мектебін ашқан. XVI ғ. екінші жартысында (1575) Стамбулда алғашқы обсерватория ашылған. Құран кәрімде Аллаһ тағала жұлдыздардың адамдарға жол көрсетуші екенін айтқан. Осыған байланысты IX ғасырдан бастап жұлдыздарға қарап отырып құбыланы белгілеу, оразаның басталуы мен бітуін, намаз уақыттарын белгілеумен айналысқан. Бұлардың барлығы мұсылмандардың астрономия, математика ғылымдарымен шұғылдануына себеп болып, обсерваторияларда жүргізілді.

Илмия ұйымы: Осман мемлекетіндегі әскери, қаламиямен (бюрократия) бірге негізгі үш ұйымның бірі⁶¹. Шейхул-Ислам, Нақибул-Ашраф, Қазаскер, қазы, Мударрис сияқты ғалымдар қоғамының жалпы аты. Кеңірек айтсақ, Осман Илмия ұйымы медреселерді бітіріп, диплом алған соң оқу-ағарту, құқық, пәтуа және басқа да басты діни қызметтерге тағайындалған мұсылмандардан тұратын ұйым⁶². Бұл ұйымның мемлекеттің дамуында өте маңызды орны бар.

Шейхул-Ислам: Осман Илмия ұйымының ең жоғарғы атағы. Бұл атақ Осман мемлекетінен

⁶⁰ Ислам ансиклопедиси, 11 т, 185-186 б.

⁶¹ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 81 б.

⁶² Ислам ансиклопедиси, 11 т, 141 б.

бұрында бар, бірақ ресми түрде бекітілмеген еді. Фатих Кануннамесінде ғұламалар басы деп танылған Шейхул-Исламның алғашқысы II Мұрад заманында тағайындалған Молла Фенари (1424-1431). Қазіргі кездегі әділет және білім министрлігі мен діни басқарма қызметін атқаратын. Падиша өзі тағайындаса да, әкімшіліктің жөнсіздік көрсеткен тұстарында Шейхул-исламдардан аяғын тартатын. Өйткені Шейхул-Ислам падишаның тақтан тайдырылуына пәтуа бере алатын еді.

Қазәскер: Илмия ұйымының ең жоғарғы мәртебелерінің бірі. Сөздікте әскер қазысы мағынасында. Байырғы заманнан келе жатқан бұл атақ Аббаситтерде, Хорезмшахтарда, Мәмлүктерде тіпті Қарамандарда да бар еді. Османдарда Қазәскерлік I Мұрад дәуірінде Чандарлы Қара Халил Хайриддин Пашаның тағайындалуымен басталды⁶³. Қазәскерлердің міндеті тек қана әскери салада емес, барлық құқықтық істерді қарайтын және әртүрлі дәрежедегі қазыларды тағайындау да солардың міндеті еді.

Мударрис: қазіргі кездегі профессор мағынасында қолданылған мударрис сөзі X ғасырдан бастап Ислам әлемінде кең тараған. Илмия және басқа ұйымдардың дамуында маңызды рөл ойнаған медреселер мен мударристер Осман дәуірінің соңына дейін өмір сүрді. Мударрис атағы республикаға жарияланған соң Дәрул-фунундар университет, ал, мударристер профессор деп аталған соң жойылды.

⁶³ Османлы тарихи деймлер ве теримлер сөзлүғү, Стамбул 1993 II, 229 б.

Осман мемлекетінде алғашқы медресе Орхан Фази заманында 731/1330-жылы Изникте ашылды⁶⁴. Алғашқы кездегі медреселер ішіндегі ең маңыздылары Изник, Бурса, Эдирне медреселері еді. Кейінірек мамандар дайындайтын арнаулы медреселер ашылып, олар екіге бөлінді.

1. Фатих медреселері: Фатих жаминің оңтүстік және солтүстігінде орналасқан сегіз медресе Сахны Сәман немесе Мударрисус-Сәмания деп аталған. Бұл университет еді. Кейінірек бұл жоғарғы оқу орнына шәкірттер дайындау үшін орта мектеп дәрежесінде Мусылаи сахна немесе Тәтимма деп аталған сегіз медресе ашылған.

2. Сулеймания медреселері: 1549-1556 жж. арасында салынған Сулеймания медреселері діни және жаратылыстану ғылымдары оқытылатын университеттер еді. Бұл медреселер Сахны Сулеймания деп те аталған⁶⁵.

Арнайы білім беретін медреселер:

Дәрул-хадис: Осман мемлекетінен бұрын да Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін және ғылымын оқытатын Дәрул-хадистер ашылғанын айтып өткенбіз. Бұл дәстүрді жалғастырған Османлылар да көптеген хадис оқу орындарын ашты. Бұлардың алғашқысы І Мұрад дәуірінде Чандарлы Хайридин паша салдырған Изник Дәрул-хадисі. Осман Дәрул-хадистерінде хадис ғылымынан басқа тәпсір, фикһ сияқты басқа да Ислами

⁶⁴ Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995, 81-82 б.

⁶⁵ Ахмед Ақгүндүз, Сайд Өзтүрк, Билинмейен Османлы, Стамбул 1999, 405-406 б.

ғылымдар оқытылды. Хадистен Сахихул-Бухари, Сахихул-Муслим, Машақирул-әннуар сияқты белгілі хадис кітаптары мен түсіндірмелер оқытылып, медреселердің мұғалімдері «мухаддис» деп аталды. Бұл медреселерге шәкірт болып қабылдану үшін жалпы білім беретін медреселерді бітіру керек еді. Дәрул-хадистер де өз арасында әртүрлі дәрежелерге бөлінетін. Архитектуралық жағынан медреселерден айырмашылығы жоқ Дәрул-хадистер ертеден арнаулы медреселер делініп келді. Бірақ тарихқа қарасақ, бұлай аталған медреселердің барлығының арнаулы оқу орны болмайтыны сияқты аймақтық жерлерде де болмайды. Бір жағынан Дәрул-хадистердің архитектуралық құрылысы мен көлемі, мударристердің дәрежелері назарға алынса, бұл оқу орындарының барлығы бірдей арнаулы медреселер еместігі белгілі болады.

Дәрут-тыб: Османлыда алғашқы Дәрут-тыб XV ғасырда Йылдырым Баязид салдырған Бурса Дәруш-шифасы. Бұл Дәруш-шифа тез арада үлкен атаққа ие болды. Осы ғасырдың соңында II Мұрад заманында Мұқбилзада Мүмин атты дәрігер шықты. Оның «Захира-и-Мурадия» деп аталған еңбегінде көбіне көз аурулары жайында жазылған. Бүгінге жеткен Ислам ауруханаларының көбі Османлыдан қалған. Османлы Дәруш-шифаларының маңызды архитектуралық ерекшелігі, олардың жами, медресе, асхана, керуен-сарай, монша, кітапханадан тұратын үлкен кешен құрауы⁶⁶. Бұл ауруханаларда христиандарға, әйелдерге арналған жеке бөлмелер бар еді.

Дурул-қурра: Османлы оқу-ағарту жүйесіндегі арнайы білім беретін оқу орындарының бірі Дәрул-

⁶⁶ Ислам ансиклопедиси, 11 т.

құрралар болып табылады. Жами қызметшілері осы жерді бітіріп шығатын. Бұл оқу орындары оқытылған дәрістеріне байланысты мешітте және мешіт жанында ашылған. Алғашқы Османлы Дәрул-қуррасы Бурсадағы мешітте ашылған Йылдырым Баязид Дәрул-қуррасы. Бұл оқу орындарының директоры «Шейхул-қурра» деп аталатын. Олар сол дәуірдегі ең жақсы Құран оқушылар еді. Дәрул-қурраларда дәріс кітабы Шәмсуддин Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Жазаридің (өл. 833/1429) «әл-Жазариі», қырағат ілімінде Әбу Мұхаммед әш-Шатибидің «Шатибия» атымен танымал болған «Қасида-и-амалиа» кітабы оқытылатын.

Осман медреселері мемлекеттің құрылуымен бірге салына бастап, Фатих заманындағы куллиялар (университет, кешенді құрылыс) кезінде дамып, ең жоғары дәрежеге жетті. Бұл медреселерде қандай дәрістер, қандай кітаптар оқытылатынын анық айту мүмкін емес. VII Османлы падишахы Фатих Сұлтан Мехмед Стамбулды алған соң Хауариюн Сүлейман дәуіріне дейін бұл Сахны Сәман медреселеріне мударрис болу үлкен абырой еді⁶⁷. Стамбулда Сахн және Мусылаи Сахн медреселері салынғаннан кейін Османлы медреселері жаңа жүйеге түсті. Бұл медреселер мыналар:

1. Хашия Тажрид
2. Мифтах
3. Қырықтық
4. Елулік
 - а) Хариж
 - б) Дахил
5. Сахны Сәман

⁶⁷ Хасан Али Көчер, Түркияде модерн егитим доғушу ве гелишими (1773-1923) Стамбул 1992, 10-11 б.

6. Алпыстық⁶⁸.

Османлы медреселерінде мударристердің күндік еңбекақылары медресенің дәрежесін көрсетеді. Мысалы: мударристің күндік еңбекақысы 20-25 Османлы валютасы болған медреселер Хашия тажрид немесе жиырмалық медресе деп аталатын. Күніне 30-35 Османлы ақша бірлігі берілетін Мифтах медреселері отыздық деп те аталады. Сахны Сәман медреселері ең жоғары оқу орындары еді. Сахны Сәманға шәкірттер дайындау үшін ашылған тәтиммалар Дахил медреселеріне кіреді. Алпыстық медреселерге келсек олар жайында мағлұмат аз. Медреселердің Фатихтен кейінгі маңызды даму дәуірі Сұлтан Сүлейман кезінде салынған Сүлеймания медреселері. Фатих Сұлтан Мехмедтің Сахны Сәман медреселерінде медицина, математика факультеттері жоқ еді. Падиша, Сулеймания мешітінің жанына медицина медресесі және Дәруш-шифа, математика ғылымдарын оқыту үшін төрт медресе мен Дәрул-хадис ашты. Осылайша Османлы медреселері құқық, дінтану, әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді оқытатын Фатих құрған Сахны Сәман және математика, медицина сияқты жаратылыстану ғылымдары оқытылатын Сүлеймания медреселері болып екіге бөлінді⁶⁹. Сүлеймания куллиясының салынуымен медреселердің дәрежесі жаңадан реттелді. Ең жоғары ғылыми атақ Сәмания Мударристігі емес, Сүлеймания Дәрул-хадисі

⁶⁸ Жеват Изги, Османлы медреселерінде илим, Стамбул 1997 I т. 36 б.

⁶⁹ Хасан Али Көчер, Түркияде модерн егитим доғушу ве гелишими (1773-1923) Стамбул 1992 10-11 б.

мударристігі болды⁷⁰. Бұл медреселердің профессор-оқытушылар құрамы да үш дәрежеге бөлінді.

1-дәреже: Кибарул-мударрисин (профессор) деп аталып, бұлардың ішіне мыналар кіретін: Дәрул-хадис, Сүлеймания, Хамиса-и-Сүлеймания және Мусыла-и-Сүлеймания мударристері.

2-дәреже: Харекет-и-Алтмышлы, Ибтида-и-Алтмышлы және Сахн-ы-Сәман мударристері.

3-дәреже: Мусыла-и-Сахн және төменгі медреселердің мударристері⁷¹.

Хариж және Дахил медреселерін бітірген шәкірт, қаласа Сахны Сәман, қаласа Сүлеймания медреселерінде оқуын жалғастырып, бұларды да бітірген соң диплом алатын⁷².

Османлының алғашқы медреселердің ашылуынан басталып, Фатихтың Сәмания медреселерінен кейін бір жүйеге қойылған медресе мен мударристік өте жақсы жұмыс істейтін мекеме еді⁷³. Бірақ XVI ғ. соңғы жағында бұл мекемеде әртүрлі себептермен кейбір кемшіліктер көріне бастады. Бұлар медреселердің құлдырауына, тіпті кейінірек күйреуіне себеп болды. Әр уақытта жасалған реформалар жемісті нәтиже бермеді.

⁷⁰ Жеват Изги, Османлы медреселерінде илим, Стамбул 1997 I т.

⁷¹ Ахмед Акгүндүз, Сайд Өзтүрк, Билинмейен Османлы, Стамбул 1999 406 б.

⁷² Ферит Девеллиоглу, Османлыжа-Түркче сөзлүк, Анкара 2000

⁷³ Өрнеклерийиле түркче сөзлүк, Стамбул 2003 III том.

Үшінші бөлім

**ИСЛАМ ҒЫЛЫМЫ МЕН
МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМГЕ ТАРАЛУЫ**

Мәдениет сөзінің анықтамасы:

Мәдениет сөзінің мағынасы шаһарлану, қалалық өмірге бейімделу деген мағынаны білдіреді. Араб тілінде «шаһар» қала деген сөз. «Мәдина» сөзінен шыққан «мәдениет», батыстықтардың тілінде «цивилизация» деп аталады.

«Мәдениет» сөзі IX ғасырдан бастап қолданылады. Османлы жазушылары бұдан алдын адамзаттың материалдық және рухани дамыған ғасырларын таныту үшін, мәдениет деген мағынадағы «өркендеу», «гүлдену», «жетістік» деген сөздерді қолданғаны белгілі.

«Мәдениет» сөздікте әділет сүйгіштік, адамзат баласының көңілінен шығатындай молшылықта, тоқшылықта, тыныштықта өмір сүру, қалалық тұрғын тәрізді ғұмыр кешу, ғылым, өнер, техника салаларында дамыған халықтардың жай-күйі деген мағыналарға келеді⁷⁴. Мәдениет – өміріміздің әр сәтінде, сезімде, ой-пікірде, кез келген іс-әрекетте кездесіп отыратын өзекті фактор. Яғни, әрбір іс-әрекетіміз мәдениетпен өлшеніп, бағаланады. Сондай-ақ мәдениет арқылы іс-әрекетіміз белгілі бір өзгеріске ұшырап, жалғасын табады, әрі

⁷⁴ Өмер Телиоғлу, Ислам Ансиклопедиси, Медениет. М. XIV т. Стамбул 2000

белгілі бір жетістікке қол жеткізеді. Ой-пікір, сезім, іс-әрекет, мінез-құлық, өмір сүру салты тағы басқа амалдар мәдениетпен тығыз байланысты.

Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік-бостандығы мен философиялық жүйелері, рәміз-таңбалық өсиеттері, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан⁷⁵.

Мәдениеттің шын мәнінде қандай мағынада қолданылатынын жақсырақ түсіну үшін культура сөзін түсіндіре кетейік. Француз тілінде «культура» сөзі жерді жыртып пайдалану, егістіктен жеміс алу және оны кеңейту деген мағынаны білдіреді. Араб тілінде дәл осы мағынада «харс» сөзі қолданылады. Сонымен қатар культура сөзі кейінірек батыс Еуропа тілінде «жалпы жоғарғы білім» деген мағынада қолданылатын болды. Ал қазақ тілінде біз оны өркендеу деп қолданып жүрміз. Кейін уақыт өте келе, яғни, ғылым дами келе «Элементарлық культура», «Көшпенділер культуранысы», «Ауыл культуранысы» терминдері пайда болды. Сонымен бірге осы уақытқа дейін «мәдениет» және «культура» сөздеріне неше түрлі анықтамалар берілген және берілуде, бірақ күнімізге дейін бұл екі терминнің нақ қандай мағынада екендігі дәл белгіленбеген. Мысалы, әлеуметтанушылар мен психологтар культура сөзіне мынадай анықтама берген:

«Бір топтың өмір сүру тәсілі» (С. Уислер).

⁷⁵ Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков, Философия және мәдениеттану, Алматы 1998, 206 б.

«Ата-бабалардан қалған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы». (С. Спир)

«Адамның табиғатты және өзін-өзі басқару жолымен жасаған еңбегі» (А. Еон)

Бұл анықтамалардан біз культура бір топтың тек өзіне қатысты өмір сүру жолын білдіретіндігін байқаймыз.

Түрік мәдениеттанушысы Зия Гокалыптың көзқарасы бойынша, «Культура» немесе «харс» бір ұлттың діни, ахлақи, құқықтық, эстетикалық, тілдік, техникалық өмірлерінің өзара үйлесімдігі».

Мәдениет туралы айтатын болсақ, оның тіптен басқа мағыналары бар. Ол ұлттардың ортақ құндылықтары дәрежесіне жеткен, оларға түсінікті әрекеттер мен өмір сүру даңғылы. Бұл ортақ құндылықтардың қайнар көзі культура болып табылады. Осы тақырыпта зерттеу жүргізген Зия Гокалп мәдениет пен культураны бір-бірінен ажыратып тұратын айырмашылықтарды былайша қатарымен көрсетеді:

1. Мәдениет ұлтаралық, культура тек бір ұлтқа тән.

2. Мәдениет бір ұлттан басқа бір ұлтқа өте алады, ал бірақ культура өте алмайды.

3. Бір ұлт мәдениетін өзгерте алады, бірақ культурасын өзгерте алмайды.

4. Мәдениет қағида және ақыл арқылы болады, культура ильхам және интуиция арқылы болады.

1. Мәдениет экономикалық, діни, құқықтық, ахлақи пікірлердің жиынтығы. Культура діни, ахлақи, эстетикалық сезімдердің жиынтығы⁷⁶.

⁷⁶ Өмер Телиоғлу, Ислам ансиклопедиси, Мәдениет. М. XIV т. Стамбул 2000, 78 б.

Бұл айтылған анықтамалардың барлығынан мынадай қорытынды шығаруға болады:

а) Культура – болмысы жағынан жеке, мәдениет – жалпы.

ә) Мәдениет культурадaн шығады.

б) Бір культураның бар болуы, бір ұлттың бар екендігін немесе бір топтың бар екендігін білдіреді.

Культураның пайда болуына адамның өзі және оның өмір сүріп жатқан ортасы қатты әсер етеді. Бір культураны басқа бір культурадaн жоғары деу дұрыс емес. Осы тақырыпта Еуропаның оқымыстылары бір культураның басқа бір культурадaн жоғары екендігін айтып, адамдарды жоғарғы және төменгі сатыларға бөліп, жаңылыс пікірлердің шығуына себепші болған.

Ислам мәдениеті

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға келген соң (622 ж.) қаланың саяси тұрақтылығын және мұсылмандардың амандығын қамтамасыз ету мақсатымен іске кірісті. Өйткені бұл қаланың халқы яхудилерден және де басқа да ұлттардан құралған-ды. Бұған дейін Мәдинада орталық билікпен қала тұрғындары ортақ ымыраға келген басқару жүйесі болмаған еді. Сахаба Әнас ибн Мәликтің үйінде мұсылмандар мен мұсылман еместердің уәкілдері келісім шарттар жасасып, барлығы келіскен ортақ жазба мәтін дайындады (623 ж). Мәдина тұрғындарының бәрі ұйғарысқан осы келісім шарттардың жазбаша нұсқалары бүгінге дейін жеткен. Ғалымдар осы келісімді «Мәдина Ислам мемлекетінің Конституциясы» деп атайды. Осы негізгі заңда қамтылған тақырыптар мен баптардан

және пайғамбардан (с.а.с.) кейінгі халифалардың жаңа бағындырылған елдерде ұстанған бағытына қарасақ, басқа мәдениеттерге кең әрі тең рұқсат бергенін байқаймыз.

Ислам діні бөтен мәдениеттерді жатсынған емес. Қайта олардың жақсы жақтарын алудан ешқашан тартынбаған. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) түрік-соғды сауытын киюі, Қытайдан әкелінген заттарды пайдалануы, түрік шатырында соғысқа шығуы, арабтардың төрт жағындағы Мысыр, Византия (395-1453), Сасани (224-651) қатарлы патшалықтарға елшілер жіберіп, (630 ж.) оларды хақ дінге шақыруы, тіпті император Ираклимен хат алысып тұруы, Оның күллі адам баласына жіберілген елші екеніне әрі мәдениеттің құрушысы екендігіне бұлтартпас айғақтар болып табылады.

Мұсылман ғалымдар бар ғылымын жұртшылықтың пайдалануына жұмсайды. Ғылымды күнкөріс пен мәртебе алудың құралы деп есептемеген. Бір мысал келтірелік, Иран патшасы I Шапур кезінде (241-272) Хұзистан аймағында Жундишапур деген қала тұрғызылады. Осы шағын қалашық Сасани билеушісі I Хұсраудың кезінде (531-579) патшалықтың екінші қаласына айналады. Мұнда атақты дәрігерлік мектебі салынады. Бірақ Жундишапурлық дәрігерлер өздерінің кәсіби сырларын тек өз топтарында ұрпақтан ұрпаққа қалдырып сақтайды да монополия мен кірістен айырылмас үшін басқа ешкімге білдірмейді һәм үйретпейді. Аталған аймақ мұсылман билігіне қаратылған соң ғана мұсылман ғалымдар олардың кейбір ғылымын ашып, пайдалана алған. Алайда ибн Сина сықылды біртуар мұсылман ғалымдардың жазған кітаптары мұсылман елдерінде ғана емес, сонау Еуропаның өзінде кем де-

генде 6 ғасыр бойы оқулық есебінде оқытылған. Сол ғасырлардың ең мықты Батыс елдерінде де, мұсылман ғалымдарымен салыстырарлық ғалымдардың шыға алмағаны баршаға аян. Бұл жөнінде Бартольд (1869-1930) былай дейді: «Исламның басты артықшылығы және мұсылман әлемінің сол дәуірдегі білімді халықтардан көш ілгері болуының сыры, материалдық һәм рухани мәдениет жағынан ортақ түсінікті ұстануында жатыр».

Халифалар дәуірінде дүние жүзі мәдениеттері тығыз араласты. Қиыр шығыстағы Қытай мәдениетінің жетістіктері батысқа, мұсылмандардың ғылым-мәдени табыстары Қытай еліне мәлім болады. Талас (751 ж.) соғысынан кейін Атлант мұхитына дейінгі халықтардың бірін-бірі жақын тануына мүмкіндік туды. Мұсылмандардың үш құрлықтағы билігі халықтар арасында тығыз мәдени байланыстардың орнауына орасан зор үлес қосты. Халифалар Батыстағы Франк, Герман, Рим патшаларымен және Қытай императорларымен тығыз байланыста болды. Мәселен, Қытай деректерінде халифалықтан 651-798 жж. аралығында 37 рет, ал 908-1168 жж. аралығында 49 рет елші келгені жазылған⁷⁷.

Тарихта мәдениет қатынастарының дамып, өзара бірігуі һәм араласуы Исламнан кейін ғана мүмкін болды. Оған дейін мәдениеттер арасында өшпенділік ушығып тұрса, Исламмен бірге Шығыс пен Батыстың барша мәдениеттері арқа-жарқа болып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Оған дейін белгілі бір мәдениетке ғана тән болып саналған нәрселер мұсылмандардың арқасында бүкіл әлемдік мәртебеге ие болды. Мысалы

⁷⁷ Тарихчылар хейети, Доғуштан гүнүмүзе бүйүк Ислам тарихи», III том, Станбул 1999 жыл, 314 б.

араб цифрлары деп атағы шыққан сандардың ежелгі дәуірде үндістандықтарға ғана мәлім болғаны белгілі. Мұсылмандар осы цифрларды жетілдіріп қана қойған жоқ, оларды құр символдықтан шығарып, мағыналы белгілерге айналдырды. Адамзат тарихында бірінші рет нөлді (сыфр / цифр), мұсылман ғалымдар тапты және еңбектерінде пайдаланды; нөлді бірінші рет сан ретінде қолданған Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми (780-850) еді. Арал теңізі маңында дүниеге келген дана бабамыз сонымен қатар 1-ден төмен қарайғы сандарды белгіледі. Мысалы, жүздік, мыңдық және ондықтарды жүйелеп, бөліп жазуды көрсетті. Оның бұл табыстары тарихтағы ең маңызды ғылыми жаңалықтарға жатады. Күніміздегі информация ғасырында, телекоммуникацияда мұсылмандар ашқан осы жаңалықтардың қызығын күллі әлем көруде. Орыс тіліндегі цифр мен Батыс тіліндегі «cipher» сөздері арабша нөл дегенді білдіретін «сыфр» сөзінен алынған. Шындығында араб сандары рим сандарымен салыстырғанда қолданымы өте икемді және оңай. Әл-Хорезми ашқан бұл жаңалық Еуропаға тек X-XII ғғ. ғана мәлім болған. Осы жаңалықты Еуропаға жеткізген Герберт есімді адамның абырой-беделінің артқаны соншалық, кейін ол Рим папасы болып сайланған. Оның есімі папа Силвестр II ретінде Еуропа тарихында қалды. Әл-Хорезмидің «Кітап әл-Жәбр уәл Мұқабала» (Алгебра мен теңдіктер кітабы) атты еңбегі латын тіліне аударылғанда (XII ғ.) әл-жәбір сөзі алгебра деп аударылғандықтан осы сөз, термин ретінде қалыптасты. Оның екінші бір кітабы латыншаға «Algoritme de Indorum» деп аударылғандықтан алгоритм сөзі де терминге айналды.

Адам құқықтары жөніндегі үндеудің XX ғасырда ғана бекітілгенін ескерсек, XIV ғасыр бұрын Раббымыздың Құран кәрімде барлық адамдардың құқықтарын қорғау міндетін бұйырғанын көріп, таң қаламыз:

«Адамдардың құқықтарын бұзбандар! Жер бетінде бұзақылық шығарып, бүлік жасамандар!»
(26-сүре, 183-аят).

Ислам ғылымы мен мәдениетінің Батыс арқылы әлемге таралуы

Ислам мәдениетіндегі мемлекеттер Батыс мәдениетінің шекараларын Әмәуилер, Аббаситтер мен Осман империясының шарықтау кезеңдерінде өздеріне қосып алуға тырысқан, бұл жаулап алу әрекеті, әсіресе, түріктердің Исламды қабылдауларынан кейін өрши түсті. Анадолының басып алынуынан кейін крестшілер жорықтарының себебімен және мұсылман түріктердің Батыс елдеріне жасаған шабуылдарының нәтижесінде Ислам мәдениеті мен Батыс мәдениеті бетпе-бет кездесті.

Фараби, Ибн Сина, Ғазали сияқты Ислам философтарының және Аристотельдің шығармаларын Еуропа, латын тілдеріне аудару еңбегімен қатар, Батыс әлемі өзге ғылымдармен де шұғылдану керектігін байқады. Тіпті университеттерінде де XII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап медицина сабақтарының тақырыптарын Ибн Синаның «Канон» және Ибн Рушдтің медицина жайындағы еңбектерінен алды.

Римдіктер және олардың ізбасарлары болып табылатын византиялықтар Шығыс культураның Батысқа

өтуіне себепкер болды. Ислам дінінің келуінен бастап Батыс әлемі Шығыс культураны Ислам мәдениеті арқылы алуға және жаюға мәжбүр болды.

Ескі Шығыс мәдениетінің және антикалық (ежелгі) дәуір ғылымдарының Батысқа өтуіне мұсылмандар себепші болған. Ежелгі замандарда шыққан ғылымдарды сол елдерге барып үйренген мұсылмандар, бұл ғылымдарға көптеген өз үлестерін қосып Батысқа жеткізген.

Ислам мәдениетінің Батысқа келуінің бірнеше жолдары бар:

1. Орта ғасырда Ислам мәдениеті Еуропаға Испания арқылы алғаш қадам басты. Экономикалық және культуралық өркендеу, қысқа уақытта Еуропа өлкелеріне өз әсерін тигізді.

711-жылы Испанияның мұсылмандар тарапынан басып алынуынан кейін 755-жылға дейін Сириядағы халифалық орталығы тарапынан басқарылды. 715-жылы III Абдуррахман Куртубаның бостандығын жариялады. Куртуба III Абдуррахман дәуірінің соңына дейін (912-961) ислами тәрбие, өнер және ғылымдармен Еуропаны қамтамасыз етіп отырды. Ол дәуірде тіпті еуропалық профессорлардың өзі Куртубада тәжірибе жинап, емтихан тапсыратын еді.

2. Ислам мәдениетінің Батысқа әсер етуінің екінші жолы Сицилия арқылы болды. Мұсылмандар христиандардың білім үйренгісі келген адамдарына медреселерде сабақ алып, білімдерін жоғарылатуларына жәрдем ететін еді. Ислам мемлекетіне ғылым үйрену мақсатымен келген христиандар да Ислам мәдениетінің дәстүрлері мен ғылымдарын жалғастырушылар қатарына қосылды.

Ресми тіл ретінде араб тілі қолданылды. Тіпті дипломдарының бір бөлімі арабша толтырылды. Қысқаша айтар болсақ, Хғ. Сицилия мен Нормандияның басқару жүйесінде ислами дәстүр бар еді.

3. Ислам мәдениетінің Еуропаға келуінің үшінші және ең маңызды жолы тарихта крестшілер жорықтары арқылы болған. Бұл жорықтар шіркеулер тарапынан Исламның сол кездегі билігін, күшін жойып, әлсіретіп, христиандықты жоғары ұстау мақсатында ұйымдастырылған. Олардың жорықтары мұсылман түріктердің және арабтардың қарсы тұруларымен тоқтатылған. Бірнеше рет қайталанған крестшілер жорықтары еуропалықтардың Ислам өлкелерімен қарым-қатынас жасауына себеп болды. Бұл жорықтардан отандарына аман-есен оралғандар, мұсылман түріктердің имандарын, басшыларына деген құрметтерін, тазалықтарын, жомарттық пен дұрыстықтарын ауыз толтыра мақтап жеткізе алмайтын еді. Крестшілер жорықтары кезінде Еуропа ұйымдастырылған мемлекет ретінде емес еді. Осы жорық барысында мұсылмандардан мемлекетті қалай ұйымдастыру керектігін үйренген. Құдыста тек қана жарты ғасыр өмір сүрген еуропалықтар мыңдаған мұсылмандарды шейіт етті. Бұлар тек біраз жылдар өткеннен кейін мұсылмандарға еліктей бастады. Мұсылмандардың шығармаларын аудару бастады. Бұл шығармалардың көбі Ислам мемлекеттерінің мәдениеті мен тұрмысын әңгімелейтін шығармалар еді. «Константинополь» және «Адлер» деген шығармалар Ислам халифалығы туралы әңгімелейді. Ибн Синаның «Китабун-Нәфс» және «Шифа» атты шығармалары Иеханның аударуымен Еуропаға ұсынылады. Фараби

және Ғазали сияқты философ әрі ғылым адамдарының еңбектерін зерттей бастады.

4. Италияның порттық қалалары арқылы, солтүстік Еуропаға Венеция, Генуя және осы сияқты порттық қалалар арқылы келіп жатты.

5. Ғылым саласында түрік әлемінің Батысқа әсер етулерінің XII ғ. басталғандығын айтуға болады. Мысалы, Ғазали, Ибн Сина және Фарабиден басқа дәрігер Разидің әртүрлі ауруларға қарсы қолданған дәрілері медицина тарихында белгілі. Осман империясының үстемдігі ұзақ уақытқа дейін жалғасты. Бұл үстемдіктің айқын дәлелі балқандықтардың тіліне енген түрікше сөздер және түрік тіліндегі словияндық терминдер еді.

Мұсылмандар билік жүргізген елдерде әрқашан да бейбітшілік орнап, дінге ерік берілгені және халықтың мұң-мұқтажы ескеріліп, өмір сүргендігіне тарихи деректер мол. Бұған Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.с.) Ислам әлеміне қосылған жерлердегі халықтармен қарым-қатынасы айқын мысал бола алады. Құран мен Аллаһ елшісінің жолынан таймаған мұсылман билеушілері өздері құрған қоғамның тыныштығы мен әділеттілігін қамтамасыз етіп, діни сенімге адалдық танытып, мұның өзі кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қалды.

Мұсылмандар, христиандар мен еврейлер ешқандай қақтығыс-соғысты көрмей қатар өмір сүрген мұсылмандардың биліктерін мойындаған. Палестина мен Иерусалим жеріндегі тұрақтылық пен діни сенім бостандығы бұған бұлтартпастай айқын мысал. Исламның 1400 жыл бойы Иерусалим мен Палестина жерінде бейбітшілік кепілі болып тұрғаны талассыз тарихи факт.

Иерусалим біздің дәуіріміздің 71 жылына дейін еврей патшаларының астанасы болған. Бірақ осы жолы Рим әскерлері үлкен жорыққа шығып, еврейлерді талқандады. Халықты аяусыз қырды. Бейбіт халық қоныстарынан қуылды. Еврейлер үшін диаспора дәуірі, міне, осы кезден басталды, ал Иерусалим мен оның төңірегі иесіз бос үйіндіге айналды. Рим империясы император Константиннің тұсында христиандықты қабылдағаннан кейін ғана Иерусалим қайта назарға ілігіп, құрметке ие бола бастады. Римдік христиандар қалада шіркеу салып, бұл жерлерге еврейлердің қоныстануына рұқсат етті. Біздің дәуіріміздің VII ғасырында Палестина Шығыс Рим (Византия) империясының құрамында болды. Біршама уақыттан кейін бұл территорияны парсылар жаулап алды. Бірақ көп кешікпей Византия Палестинада өз үстемдігін қайта орнатты. Палестина тарихындағы жаңа кезең бұл жерлерге 637-жылы араб халифатының әскерлері-мұсылмандардың енуімен басталды. Нақ осы оқиғадан соң ғасырлар бойы толассыз соғыс пен билеушілердің қатыгездігі, бейбіт халықты қуғындау, бір діннің екінші бір дінге үстемдігімен алма-кезек ауытқулардан мезі болған Палестина жерінде енді діни сенім бостандығы мен өркендеу дәуірі басталды.

Палестинаға Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) кейінгі екінші халифа болған Омардың (р.а.) әскерлері кіреді. Қалаға келген Омар Фарук (р.а.) Палестинаны мекендеген барлық этникалық және діни топтарға жылы ықылас танытып, құрметпен қарады. Бұл Палестина жұртшылығы арасындағы дін еріктігі мен өзара сыйластық дәстүрінің басы еді.

Дін мен ғылымның арақатынасы

Негізгі көпшілік, оның ішінде өзіміздің мұсылман қауымының кейбірі де, ғылым мен дінді, дәлірек айтсақ, Ислам діні мен ғылымды бөле қарайды. Ал Ислам діні мен ғылым ешуақытта да әсте бөлінбек емес. Сол үшін де дін мен ғылым хақындағы сөзімізді, дәлелдәйектерімізге, қайнар-көздер мен ойшыл ғалымдардың айтқандарына сүйендірсек. Төрткүл дүниеге атымәшһүр ғалымдар дін мен ғылымды ешқашан бөліп қарамаған. Өткен ғасырдың ғалымдарының бірі, ұлыбританиялық Луи Пастер: «Иман, яғни Жаратушының барлығына деген сенім, ешқашан адамзаттың алға басу процесіне тосқауыл болмайды. Өйткені прогрестің әрбір сатысы Аллаһтың жаратқан таңғажайып нәрселерін анықтап көрсетіп берді» деген. Негізі ғылымды діннен бөліп қараудың бірден-бір себебі құдайға деген сенімнің әлсіздігі немесе жоқтығы. Бұл жөнінде тарихшы Фебер: «Әрбір дәуірдің өз ерекшелігі болады. Біздің дәуірдің ерекшелігі – Жаратушыға деген сенімсіздік. Менің Жаратушыға деген сенімімді тартып алғаннан гөрі терімді сыдырып алса, соған разы болар едім» депті⁷⁸.

Мұсылман шығыс ғалымдарының ғылым тарихындағы орны

Ислам тарихына көз жүгіртсек, ежелгі сахаралық арабтар дін келмей тұрып нағыз надандықтың шыр-мауында болатын. Не мәдениет саласында, не ғылым саласында іліп аларлық дәнеме жоқ. Олардың ел сыйларлық, санасарлық, тағылым аларлық дәрежеге жеткендігі осы діннің арқасында. Неге десеңіз,

⁷⁸ <http://www.aikyn.kz> «Ғажайып ғалам» айдары

әлгі әлемді дүр сілкіндірген не бір ғұламалар осы алдыңғы надан, кейінгі ойшыл ғұлама арабтардан шықпап па еді?! Яғни, Ислам дінінің алып келген ұлы мәдениетінен кейін. Содан барып XI-XII ғасырларда бұл көркем мәдениет өзімен қоса өзге елдерге, әсіресе, Еуропа елдеріне қатты әсерін тигізеді. Өйткені ежелгі грек тіліндегі ғылыми және философиялық кітаптарды араб ғалымдар арабшаға аударып, оны аударумен ғана шектелмей, мазмұнын әрмен қарай дамытты да. Ал осы аудармаларды кейін еуропалықтар латын және басқа да шет тілдеріне аударып қажетіне жаратты. Бұны мұсылман емес сол діні, ділі, түрі, тілі бөлек Еуропа ғалымдарының өздері де мойындап, тілге тиек еткен⁷⁹.

Сонау кеңестік дәуірдің дүркіреп тұрған кезінің өзінде Мұхтар Әуезов жұртшылыққа жақыннан таны- мал «Абай жолы» романында Абай мен досы әрі ұстазы болған орыс ғалымы Михайлов арасында өрбіген маңызы зор бір сұхбатты келтірген. Онда Михайлов Ислам діні турасында ой бөлісе келіп, Абайдың бұл дін туралы үстірт, қате ойлайтынын аңғарып, өзінің дін жайындағы өте құнды пікірлерін білдірген. Романдағы тексті сол күйінде келтірсек:

– Ендеше, мен сізге айтайын, Ислам тарихы – білім, ол үлкен білім! Тек қандай тарихшы жазғанын талдау керек – деп, Михайлов Абайды қайран еткен қызық жаңалықтар айтып кетті. Ислам, араб өнері жалпы дүние жүзінің ғылыми дамуына көп ғасырлар бойы аса зор жемістер берген. Ескі антик өнері мен Еуропаның беріде келіп шыққан ояну дәуірінің арасында жатқан бірнеше жүз жылдар меңіреулігі бар. Сондағы

⁷⁹ Ғарифолла Есім, Фалсафа тарихы, 2 басылым, «Раритет», баспасы, Алматы-2004

көп ғасырдың қараңғылық заманына сәуле беретін тек араб (Ислам) мәдениеті екенін айтып өтті. Арыдағы Сократ, Платон, Аристотель мирастарын жеткізушілер Шығыстан шыққан данышпандар болғанын ескертті»⁸⁰.

Мұсылман араб ғалымдарының ғылымдағы орны мен жетістіктері жөнінде кезінде Еуропа ғалымдары да көп айтқан. Мысалға алсақ И. Г. Гердер: «Арабтар болмаса, Гердер де, Альберт Великий де, Вилла Новалық Арнольд те, Роджер Бэко да, Луллия Раймунд та болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих II нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор болып, ғылымдарының жандануына жағдай жасады» деп жазып қалдырса, Роберт Брифаулт «The Making of Hummanity» атты кітабында мынаны келтіреді: «Еуропаның жетістікке жеткен әрбір саласында міндетті түрде Ислам мәдениеті маңызды рөл атқарған. Тигізген пайдасы мен әсері шаш- етектен»⁸¹.

Әрине, ғылым тек Ислам әлемінен ғана тарады деген жаңсақ пікірден аулақпыз. Өйткені білім-ғылым біреудің меншігінде тұрған зат емес. Кім еңбектенсе, соған ашылады. Сондықтан да, ғылым кейде батысқа, кейде шығысқа ауысып отырған. Тек Ислам әлемі ғана демей, шығыс пен батыс деп бекер атап отырғам жоқ. Неге десеңіз, шығысқа Ислам әлемімен бірге Қытай, Үндістан секілді ғылымға өзіндік үлкен үлестерін қосқан алып елдер мен мәдениеттер де кіреді.

⁸⁰ Мұхтар Әуезов, Абай жолы, II том, «Жазушы» баспасы, Алматы 2002, 153-154 б.

⁸¹ Али Хасан ән-Нәдуи, Мұсылманларын герилемесиле дуния Нелер кайбетти, тержуме Мехмет Суслу, «Китапеви» Стамбул 1996, 68-82 б.

Исламның қайнар көзі – Құран және сүннет

Құран – Ислам мәдениетінің және құрылымдарының ең маңызды және басты қайнар бұлағы. Әлеуметтік топтардың мойынсұнуын қажет ететін заң. Әрбір кісінің мемлекет пен халық алдындағы міндеттерін көрсетіп тура жолды меңзейтін қасиетті кітап. Бұл кітап мұсылман жамағатының діни, саяси, әлеуметтік, ахлақи және әскери құрылымдарының құрылып, ары қарай өркендеуіне себепші болды. Өйткені мұсылмандар білгісі келген нәрселердің барлығын Құраннан алатын еді. Құранда артық, керексіз болған ешбір нәрсе жоқ. Адамдарды тура жолға шақырушы бұл кітапта ақыл иелеріне айтылған «Оқы» сөзінен-ақ, Аллаһ тағаланың білімге берген маңызын түсінуге болады. Исламның бұл әміріне мойынсұнған және маңызын түсінген әртүрлі нәсілдегі мұсылмандар әдебиет, ахлақ, социология, философия, өнер, құқық және методология сияқты ғылым салаларын зерттеуге белсенді талпыныстар көрсетті.

Хазірет Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың Құрандағы түсіне алмаған аяттарын хадисімен, іс-әрекеттерімен, амалдарымен білдіріп отырған. Осылайша оның әрбір іс-әрекеті және амалдарынан шыққан сүннеті Ислам әлемінің ең маңызды жол көрсетуші қайнар көзі болып сүннет есептеледі. Шындығында да Ислам әлеуметі үшін мемлекеттің басшысы, қолбасшысы, соты, мұғалімі және тәрбиешісі болған Мұхаммед (с.а.с.) ең алдымен пайғамбар еді. Оның сүннеті Құранның түсіндірмесі, ал өзі тірі Құран еді. Ол екі дүниеде де бақытты болу жолын көрсетуші, жетекші. Сахабалар тұтас тәрбиені Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренсе, Аллаһ елшісін Раббымыз өзі тәрбиелеген. Осы себептен де оның іс-әрекеттері өзінің қалауы бойынша емес, уахи жолымен

болатын еді. Сахабалар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ең ұсақ әрекеттеріне дейін елеусіз қалдырмайтын. Оның әрбір әрекетін иләһи әмір ретінде қабылдайтын. Әрбір мәселеде сүннетін үлгі тұтатын, тіпті қазіргі таңдағы және ақыр заманға дейінгі үмбет осылай жалғастырмақ.

Құран кәрімдегі **«Пайғамбар сендерге нені берсе, қабыл алындар, нені тыйым салған болса, тыйылындар»** («Хашыр» сүресі, 6) деген аят мұсылмандардың Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әмірлеріне, оның күнделікті іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлулеріне себепші болған.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ИСЛАМНЫҢ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ ТҮРЛЕРІН ҚАМТУЫ

Исламдағы ахлақ (этика) ғылымы

Мәдениетті болу мен көркем мінезді болу арасында жақынырақ байланыс бар. Мәдениет ұғымын жете түсініп, мәдениетті болудың алғашқы шарты кісінің көркем мінезге ұмтылуы және жағымсыз қылықтардан бойын аулақ ұстауында жатыр. Көркем мінезге ие адам ғана мәдениетті бола алады. Сәйкесінше, мінезі нашар пенде мәдениетсіз ретінде саналады. Ислам діні, әрбір тұлғаның мінез-құлқының көркем болуына үлкен мән берген. Құран кәрімде де, Пайғамбарымыздың (с.а.с) хадистерінде де ахлақ (мінез-құлық) тақырыбына көп тоқталынған. Тіпті көркем мінез-құлық мәселесінде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өмірі бүкіл адамзат баласына ең үздік үлгі-өнеге бола алады. Бұл жайында Құран аяттарында былай делінген: **«Аллаһтан және ақырет күнінен жақсылықты үміт еткендер мен Алланы көп еске алған кісілерге Расулаллаһта көркем өнегелер бар»** («Ахзаб» сүресі, 21). **«Шын мәнінде сен ұлы мінезге иесің»** («Қалам» сүресі, 4).

Расында да Пайғамбар (с.а.с.) дін тарату, үкім жүргізу, ел басқару барысында, т. б. іс-әрекеттерінде

керемет үлгіні көрсетіп кеткен. Хадисінің бірінде: «Мен көркем мінезді толықтыру үшін келдім» деген⁸².

Бұл хадис Исламның өзінен бұрынғы тәңірлік діндерді толықтырып, көркейткен ең соңғы дін екенін көрсетеді. Әрі бұл міндетті атқаратын да Пайғамбарымыз (с.а.с.) екендігі білдірілген. Расулаллаһтың (с.а.с.) Аллаһ тағала тарапынан пайғамбар етіп жіберілуіндегі мақсатының өзі – көркем мінез-құлықты орнықтыру. Яғни, өзінің жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, істеген ісі арқылы адам баласына үлгі болу. *«Шынында, Аллаһ тағала сұлу, сондықтан сұлулықты сүйеді. Көркем мінез-құлықтан разы болып, жаман әрі жағымсыз әдеттен жиренеді», «Мүминдердің иман жағынан ең күштісі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны», «Сендердің ең қайырлыларың – әйелдеріңе ең жақсы қарағандарың және көркем мінезді болғандарың»* сынды хадистері осыны айғақтайды.

Ғұламалар Ислам діні мен көркем мінез-құлықты бұл дүниеміз бен о дүниеміздің баянды болуына бастайтынын айтуда. Пайғамбардың мына бір дұғасында бұл жайында анық айтылған: *«Уа, Аллаһ! Атқарған істерімнің кепілі болған дінімді баянды қыл. Өмір сүріп жатқан осы дүниемізді де баянды ет. Ақыретімізді де баянды қыл. Оларды әр түрлі қайырлы істерді атқаруға себепші ет. Өлімді де (яғни, өлер шағымда жанымды қинамай, иманмен ал) әр түрлі жамандықтан сақта!»*

Көркемахлақтың сүннеттеорын алған ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – адамдарға қатандықпен емес, мейіріммен, дөрекі емес, биязылықпен, жатырқап, жақтырмай қарау емес, елпілдеп, құшақ жайып, жайрандап қарсы алу. Сондықтан да Құран аятын-

⁸² Муслим, Салатул-Мусәфирин, 139

да былай делінеді: «Мүминдер үшін былай делінген: «Ол тақуа кісілер, молшылықта да, жоқшылықта да Аллаһ үшін (мал-мүлік) сарп етеді, ашу-ызаларын басып, адамдарды кешіреді. Аллаһ тағала жақсылық жасаған кісілерді жақсы көреді» («Әли Имран» сүресі, 134).

Бір сөзінде сүйікті Пайғамбарымыз хазірет Айшаға (р.а.) қарап: «Айша, күдіксіз, Аллаһ Рафиқ (биязы мінезді), биязылықты жақсы көреді. Қатаңдық және өзге де қытымыр мінездерге бермеген несібесін биязлықтың үлесіне береді» деген. Бұдан шығатын нәрсе адамдарға кішіпейіл болып, ілтипат көрсету, бұл әрекетің несібенді көбейтіп, көп сауапқа кенелтеді, ал қатаңдық пен дөрекілік абырой әкелмейді⁸³.

Пайғамбардың салмақты да сабырлы, кішіпейіл әрі биязылығы туралы Құран кәрімде былай делінген: «(Мұхаммед ғ.с.), оларға Аллаһтың мейірімімен жұмсақ сынай таныттың. Егер тұрпайы, қатал болғаныңда, олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларға кешірім етіп, жарылқау тіле, іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең, Аллаһқа тәуекел ет. Негізінде Аллаһ тәуекел етушілерді жақсы көреді» («Әли Имран» сүресі, 159).

Тіпті, мешітке кіші дәрет сындырған наданға сахабалар ашуланып, жазаламақ болғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) ара түсіп әлгі кісіні кешірген. Пайғамбарымызға: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бәріміз де мейірімдіміз!» дегендерге былай деп жауап берді: «Бұл – біреуіңіздің жолдасына не тек бауырына ғана мейірім көрсетуі емес, барлығына бірдей мейірім көрсету». Сонымен қатар үлкенге құрмет, кішіге ізет жайында былай деген: «Үлкеніне

⁸³ «Рахмет самалы» журналы, №6

кұрмет көрсетпеген, кішісіне мейірім, ізет етпеген әрі ғұламаларын танымаған адам менің үмбетімнен емес».

Бұл шексіз мейірімнен жан-жануарлар да несібелерін алды. Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.с.) аштықтан терісі сүйегіне жабысып, қарны қабысқан бір түйені көріп: *«Сөйлеуге тілі жоқ мына жануарлар үшін Аллаһтан қорқыңдар, оларды көлік етіп мініңдер, етін жұғымды етіп жеңдер»* деген.

Құрбанға шалынатын малдың да жанын қинамай шалуды, жан-жануарларға да мейіріммен қарауды үмбетіне үйретіп, былай деген: *«Біріңіз құрбан шалатын пышағын жақсылап тұрып қайрасын, сөйтіп құрбанын қинамай шалсын».*

Ислам діні адамзат баласына жақсы мінез-құлық арқылы мәдениетті болудың ең әдемі үлгілерін ұсынған. Пайғамбарымыздың салып кеткен жолы, көрсетіп кеткен үлгі-өнегесі қияметке дейін мінез-құлығымыз бен болмысымыздың таразысы, өмір-тіршілігіміздің өлшемі болып қала бермек.

Исламдағы психология

Діни психология дегеніміз – белгілі бір дінге байланысты адамдардың сезімдерінің, көңіл-күйлерінің, мінез-құлықтарының жиынтығы. Гегель философиясында діннің де мақсаты біреу, ол абсалютты тану болып табылады. Діни психология қалыптасқаннан кейін адамдардың жан дүниесінің үлкен күшіне айналады, стихиялы түрде қалыптасқан кезінде түсініктері мен бейнелерін өңдеу, жөндеп бағыттау өте қиынға түседі. Өз алдына ғылым ретінде дін иелерін адамның рухани сана-сезімін ұтымды

пайдалануға шақырады. Діни психология – белгілі бір тәртіпке, жүйеге келтірілген діни ойлардың жиынтығы. Діни ғұламалардың, қайраткерлердің жасаған идеялогияларының жүйесі. Қоғамдық болмысты, адамдарды қоршаған дүниені танудағы мазмұнды түсініктер мен ұғымдар болып табылады ⁸⁴.

Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі. Ол қандай да болмасын бір іспен айналысады. Оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады. Бірақ әлі де жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер, тәжірибе, білім, іс-әрекет т. б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүние танымынан, сенімінен, талғамынан, мұратынан, бағытынан, қабілетінен, қызығуынан жақсы байқалады.

Жеке адам – тарихи әлеуметтік жағдайының жемісі. Ол әлеуметтік ортада, белгілі қоғамда коллективте ғана қалыптасады. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені, оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана мазмұнға ие болады. Жеке адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты, қоғамнан, әлеуметтен тыс адам өмірінің болуы мүмкін емес ⁸⁵. Қоғам әрқайсысының өзіне тән өзгешелігі бар жеке адамдардан құралады. Жеке адам әлеуметтік дамудың жемісі. Ол халықпен бірге өмір сүріп, коллективпен бірге еңбек процесіне қатысып отыратын әлеуметтік

⁸⁴ Социология, проф. Ә. Х. Тұрғынбаев, 51-52 б.

⁸⁵ Дин психоложисі, Проф. док. Хусейн Пекр, 17-18 б.

қайраткер. Жеке адам әлеуметтік ортаға ғана қалыптасады⁸⁶.

Исламдағы қоғамтану

Діннің идеялогиялық маңызын тереңірек түсіндіру үшін алдымен адам өміріне қажеттілігін айқындау қажет. Біріншіден, дін қоғам өмірінде адам арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыру үшін қажет. Діндердің бірі Исламды зерттеп көрсек: Ислам адамзат өміріндегі ең жаңа және өмірге өскелең көзқараспен қарайтын дін. Ол тек тұрмыстық өмірді ғана өзгертіп қойған жоқ. Сонымен қатар адамның сана-сезімін, қоғам идеялогиясын өзгертуге ықпал жасады.

Ислам – шынайы еңбек жолы, адам өмірін жарқын болашаққа бағыттайтын бірден-бір жол ашушы дін. Яғни, діни сезімге бет бұрғызу заңдылық. Ислам адам жаралғаннан бастап оның санасымен, сезімімен, жанымен, биологиялық тұрғысымен беріледі. Биологиялық дене жан арқылы өмір сүреді. Сол денеде жан болса ғана адам өмірде тіршілік жасайды. Ал сол жан денені тастап шықса, онда дене барлық қасиетінен айрылған түрде қажетсіз затқа айналады. Ал адамға Аллаһ тағала жан бергенде өз рухынан үрлеген. Ол байланыс мәңгілік. Бұл пәни өмірден мәңгілік өмірге өткенде Аллаһ тағаланың алдында өз ісіне есеп береді. Байланыс әрі қарай жалғасады. Адам келесі өміріндегі жағдайда да Аллаһ тағаламен байланысты болады. Міне, осы байланыс есеп беру заңдылығы пендеге тежеу салады. Сондықтан өз өміріне сын көзбен қарап келешек өміріне қызмет жасайды. Шынайы идеялогияның өзі

⁸⁶ Психология, Қ. Жарықбаев, 46-47 б.

осы. Адамның жан сезіміне әсер етуден басқа әлемде ешқандай құбылыс адамның жан-дүниесін өзгерте алмайды.

Идеялогия арқылы жалпы адамгершілік нормалары, рухани құндылық, рухани сезім, Аллаһтың құдыретіне сену деген Дюркгеймнің тұжырымдамаларында жиі талқыланды. Оның еңбегінде дінді жалпы қоғам мен сананы салыстырып теңестіруде. Ол дін кез келген қоғамға қажет. Ол адамдардың мәңгілік серігі деген тұжырымға келді⁸⁷.

Егер де біз тарихқа терең үңіліп қарайтын болсақ адам баласының ешқашан да дінсіз өмір сүрмегендігін көреміз. XIX ғасыр діни социологиясы тақырыбын таңдауымыздың себебі қалың бұқараға діннің ақиқат мағынасын, оның, адамзаттың бүкіл өмірін қамтитынын және де қоғамдағы алатын орны мен қоғамға деген пайдасын түсіндіре білу.

Дін – адамзатпен бірге келгендіктен, әрдайым адамзатпен бірге болмақ. Тарих сахнасына терең үңілетін болсақ, дінсіз адам кездестіруге болады, бірақ дінсіз қоғам кездестіру мүмкін емес. Қай жерде бір қоғам болса, ол жерде бір дін кездестіруге болады. Яғни адамзат діннен ешқашан ажырамаған деген сөз. Адам баласы әр уақыт өзінен үстем бір құдірет күштің бар екенін және оған жалбарыну керек екенін білген. Адамның немесе қоғамның діннен айрылуы мүмкін емес. Өйткені дін өміріміздің әрбір кезеңінде орын алады. Адамдарға сенімділік пен төзімділікті, жақсылық жасауды, сабыр қылуды, мейірімді болуды, кешірімді болуды үйретті. Қоғамда тыныштық орнатқан, тәртіпке шақырған, бай

⁸⁷ Психология, А. Темірбеков, С. Балаубаев Алматы 1966, 96 б.

мен кедей арасында теңдік орнатқан да Ислам діні болатын.

Адам жаратылысы жағынан да дінге мұқтаж. Өйткені рух және денеден тұрады. Дененің қажеттілігін қанағаттандыру өмір сүру үшін керек болса, рухани қажеттілігін өтеуі үшін дінге мұқтаж. Дін адам рухының жаңбыры тәріздес, онсыз жердің көктемейтіні сияқты, дін болмаса рухымыз да шөлдеп, сусайтыны анық. Сондықтан дін секілді адамдықтың басты көрсеткіші болып табылатын қасиетті ұғымды құртамын деп соғыс ашқандардың өздері құрдымға кеткен. Дін – қоғамды дамытып, ілгерілететін, жөн көрсететін бір жүйе, хақсыздықтың, әділетсіздіктің, жамандықтың дұшпаны. Қоғамды тәртіпке келтіруде діннің алатын орны ерекше. Егер қоғамда дін әлсіресе, тәртіпсіздік пен әдепсіздік кең етек алар еді.

Діннің идеологиялық маңызын тереңірек түсіндіру үшін алдымен адам өміріне қажеттілігін айқындау қажет. Біріншіден, дін қоғам өмірінде адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыру үшін керек– деп философтар түйіндейді.

Коммунизм құруға бағытталған Маркстік, Лениндік идеялогияның құрдымға кеткеніне адамзат куә. Коммунизм қоғамында өмір сүретін адамды тәрбиелеу орындалмайтын арман екенін адамзат тарихындағы тәжірибе көрсетті. Коммунизм идеялогиясына ақылмен жетсе де, ақылға сай емес материяға негізделіп құрылған. Өйткені, ол, пікірден бұрын материя болған дейді және оны барлық нәрсенің негізі етіп қояды. Сол себепті коммунизмдегі материялистік идея діндар кісілер мен ойшыл адамдардың арасында бірнеше ғасыр бойынша жалғасқан қанды таластың

нәтижесінде келіп шыққан ортақ шешімге негізделіп құрылған. Ол шешім дінді мемлекеттен бөлектеу керек дегенді білдіреді. Сондықтан коммунизм сәтсіздікке ұшыраушы ретінде саналады. Ол табиғатқа қарама-қайшы және ақылға негізделмеген.

Француз социологы Э.Дюркгейм Аллаһты әлеуметтік тұтастық көрініс ретінде қарап, діннің әлеуметтік ролін атап көрсетті. Қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін күш қоғамдық сана идеялогиясы деп көрсетті.

Қоғам мен дін арасындағы байланыстарды дін социологиясы ғылымы зерттейді. Жалпы әлеуметтанудың діни мәселелерді зерттеуіне байланысты қалыптасып, діндердің сенім жүйелерін, құлшылық түрлерін, құрылымдарын, қоғамдағы орнын зерттейді. Дін социологиясы – кез-келген бір діннің қандай әлеуметтік шарттарға байланысты өзгергенін, ауысу түрлерін, әлеуметтік топтармен байланысын, әртүрлі діни ахлақ түрлерін қарастыратын ғылым саласы.

Бұл ілім өткен ғасырдың басында өз алдына жеке бір ғылым саласы болып келген. Ескі дәуірден бергі дінді, діни сенімдерді, құлшылықтарын, діни топтар және олардың қоғамға әсерін зерттейді. Сонымен қатар кәлам, дін психологиясы, дін феноменологиясы және діндер тарихын да қарастырады. Бір жағынан мемлекет, экономика, мәдениет пен саясат арасындағы қарым-қатынастарға байланысты әлеуметтік ғылымдармен де жақыннан таныс. Бұл тақырыпта дін социологиясының зерттеулері нәтижесінде Ислам дінінің қоғаммен байланысына және оның қоғамда алатын орнына тоқталып өтеміз.

XIX ғасырдағы діни социологияға, яғни діннің әлеуметтік тұрғыдан алатын орнына тоқталып өткенде мына мәселеге де ерекше назар аударғанымыз жөн: идеология мен дін арасы күрделі қатынаста және өзара диалектикалық тәуелсіздікте. Бұл екеуі де адам санасына әсер ететін, оның танымы мен өмірлік принциптерін қалыптастыратын субъективтік факторлар. Адам Құдайды сүйсе, барлық адамзат баласын өзіне тең көрсе, діннің гуманистік потенциалына ден қойса, оның адами сапалары шыңдала түсері ақиқат. Адамгершілік идеялогиясы да осы сапалар үшін күреседі. Қазақстан идеялогиясы діннің өзіне емес, дінді құрал етіп бөлінуді, адамды азғындатуды, елдің әлеуметтік және саяси бірлігін әлсіретуді мақсат еткен діни ағымдар мен секталарға қарсы. Сол себепті, Исламның гуманистік потенциалы Қазақстан идеялогиясының құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Діннің қоғамдағы орны мен мәнін, қызметін толық ұғыну үшін ең алдымен оның табиғатын танып білу қажет. Қарапайым өмірде болып жататын өзгелердің өлімі мен өз басына келетін өлімді толық елестету, қайғы шегіп, тұрмысқа қанағаттанбау, тағы басқалары адамның қалыпты күйінен ауытқып, өкініш пен қорқынышқа берілуіне алып келеді. Әлемдегі тұрақтылық өзгермелі өмірдің кездейсоқ көріністеріне негізделе алмайды. Өмірдегі діннің орны мен рөлін айқындаудағы академиялық пікірлер бірізділікпен өзара тоқайласып жатады. Осылардың нәтижесінде дүниеге көзқарас, таным мен сенім, салт-дәстүр арқылы қалыптасып, күдіретті бір Құдайдың барлығына, адам түсінігіне сыя бермейтін Жаратушының бар екендігіне негізделеді. Тек адамгершілікпен ғана шектелмейтін

діннің шегі түптеп келгенде оның тікелей қоғамдағы ықпалына байланысты болып келеді.

Исламдағы педагогика

Қай уақытта болмасын қоғамда әрдайым педагогиканың орны ерекше. Әр елдің, халықтың қанына сінген тәрбие беру ерекшеліктері бар. Ал Ислам дініндегі тәрбие жүйесі өте сапалы дәрежеде құрылған. Еуропалық үлгідегі педагогика жүйесінде тәрбие беруден гөрі білім беру бағыты басым. Ал мұндай педагогиканың белгілі дәрежеде кемшілігі болады⁸⁸. Себебі тәрбиесі кем болған білімді адамнан қоғамға зиян келуі мүмкін. Қандай да бір қарулы қорғаныс мақсатынан тыс қарақшылық және жаугершілік мақсатта қолданылуы сияқты.

Ислам діні басқа діндермен теңдесі жоқ дәреже, білімге, ақылға, жақсы ниетке, қоғамдық-әлеуметтік әділеттікке, сонымен қатар адам құқығы мен құрметіне ерекше көңіл бөлген дін⁸⁹.

Педагогика, адамның жетілуі, іс-әрекет және қарым-қатынасты реттеу тұрғысында Ислам діні ерекше орын алады. Тәрбие үлгісін көрсетуші Аллаһтың елшісі Мұхаммед (с.а.с.) туралы Құран кәрімде: **«Шындығында, Алла елшісінде сендер үшін керемет өнеге бар»** дейді («Қалам» сүресі, 4)

Құран өткен пайғамбарлардың өз елімен, халқымен қарым-қатынасы, олардың Аллаһ елшілеріне қарсы келіп, соңында Аллаһтың қаһарына ұшырағандығы туралы оқиғаларды үлгі етеді. **«Ей, пайғамбар, біз**

⁸⁸ Исламда еғитим, Байрактар Байрақлы, 190 б.

⁸⁹ Дин еғитими билими ве Туркие дин еғитими, 130 б.

Құранды уахи етумен саған бұрынғы қауымдардың оқиғаларын ең жақсы түрде түсіндірудеміз» («Юсуф» сүресі, 3).

Педагогтар адам фантазиясынан туындаған ертегі, киссаларды бала тәрбиесінде кеңінен қолдануды пайдалы деп біліп, көп әңгімелеуді кеңес қылады. Ал Ислам педагогикасы барлық жас дәрежесіндегі адамдар үшін ертегі емес, нағыз тарихи үлгі-өнегеге толы оқиғаларды әңгімелейді және оларды көп еске алып жүруге үндейді. Адамдарды ақыл жүгіртуге шақырады: **«Олар өздерінен бұрынғылардың ақыры не болғанын көрмей ме? Әрине, ақырет жұрты тақуалар үшін қайырлы, ойланбайсыңдар ма?» («Юсуф» сүресі, 109).**

Құран кәрімде 823 жерде білім турасында, 49 жерде ақыл жүгірту жайында, 18 жерде ойлануға шақыратын үгіт сөздер кездеседі⁹⁰.

Бұл аяттарды негізге ала отырып, тәрбиелеу нәтижесінде адам Аллаһтың барлығын, оның сипаттарын саналы түрде түсініп, соқыр сенімнен құтылады. Педагогтар адам тәрбиесінде елеулі орын алатын тәрбие ошағы ретінде қоршаған ортаны алады. Ислам дінінде де бұл мәселе ескеріле отырып, Құран кәрімде ізгі адамдармен бірге болуға шақырады: **«Мүміндер, Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар» («Тәубе» сүресі, 119).**

Бұл аят қай уақытта, қандай қоғамда болмасын ұдайы кеңес етіледі. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жолдас таңдауда ақыл береді: *«Жақсы жолдас пен жаман жолдастың мысалы қолында иіс суы бар адам мен көрік үрлеуші адам сияқты. Иіс суы бар адам саған*

⁹⁰ Кимияйы сағадат, Имам әл-Ғазали, 86 б.

оны сыйлайды немесе одан сатып аласың, оның хош иісін сезесің. Ал көрік үрлеуші сенің киіміңді күйдіруі мүмкін немесе одан жағымсыз иіс сезесің»⁹¹ дей отырып жақсымен жолдас болудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. Осылайша Исламның педагогикадағы маңызы қоғамда елеулі орын алады.

Исламдағы әлеуметтану

Ислам діні қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынасты орнатады. Құранның «Хужурат» сүресіндегі 10-аятында: **«Шын мәнінде мүміндер туыс. Сондықтан екі туыстың арасын жарастырындар және Аллаһтан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер»**. Мұндай бауырмалдық мұсылман қоғамында жүзеге асты. Сүйіспеншілік, татулық, бір-бірімен жәрдемдесу секілді ізгі қасиеттер орнаған ортада бір-бірімен түсінбеушілік қарама-қайшылық болмайды.

Мұсылманның бәрі бауыр дей отырып, бір-бірімен қоян-қолтық өмір сүрулерін әмір етеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) *«Көршісі аш болып, өзі қарны тоқ күйінде түнеген бізден емес»* дей отырып, көршілердің араларында айрықша жақындық бар екендігін айтуда. Өмірде әділ, шыншыл, ісіне берік, іскер болуын бұйырады. Бұлардың бәрі бір Аллаһтың әміріне бағыну және сауапты амалдар қатарынан. «Маида» сүресінің 64-аятында былай дейді: **«Олар жер жүзінде бұзақылық жасауға тырысады. Аллаһ бұзақыларды жақсы көрмейді»**⁹².

⁹¹ Бухари, 45 хадис

⁹² Риязус-Салихин, Имам Нәуәуи, 326-397 б.

Бұл аяттың мағынасына қарағанда әлеуметтік маңызын өте қажет деп санаған нәрсені айтып отыр. Өйткені ел арасы ұжым болып ұйып тұрғанда, арасына іріткі салғаннан ауыр қылмыс жоқ. Дін адам өмірі мен тәрбиесіне қатты көңіл бөледі.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген сөзінде үлкен мән бар екендігін білеміз. Сол себептен, адам біреуді әдейілеп өлтірсе, барлық адамды өлтіргендей болады. Мұның жазасы ретінде ол адамды өлтіру керек деп бұйырылады. Сонымен бірге отбасы мемлекеттің тірегі болғандықтан, үйлену, ажырасу, мирас, әке-шешеге құрмет көрсету сияқты мәселелерді қолға алады. Әке-шешеге құрмет ету жайында Аллаһ тағала Құрандағы «Исра» сүресінде былай дейді: **«Раббың өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті. Ал егер екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, ешқашан «Түһ» деме (кейіс білдірме), сондай-ақ оларға зекіме, сыпайы сөйле»**. Осы ойды Имам Табари былай түсіндірген: «Раббың өзіне ғана құлдық етуін және әке-шешемен жақсы қарым-қатынаста болуды және оларға құрмет етуін үндейді. Әке-шешенің сенің қасыңда қартайған кезде оларға реніш білдіріп, «түһ» деп кейіс білдірме, керісінше жұмсақ сөйле». Ибн Кәсир былай дейді: «Сені кішкентай кезінде нәжісінді тазалағандай, сен де қартайған әке-шешенің жәрдемдес, олардан қиыншылық көргеніңде «түһ» деп айтпа, сабыр ет». Бұл аятқа қарағанда Ислам діні адам баласын мейірімділікке, сабырлыққа үндейді. Ілім жеміс болса, тәрбие – жеміс ағашы. Кімде әдеп болмаса, онда ілім жоқ деп Хасан Басри бекер айтпаса керек. Ислам жолы мен

негіздерін игерген әрбір мұсылман өзі өмір сүрген қоғам мен ортада жақсы белсенділік көрсете алады. Ислам мәдениетті мінез-құлықтан бастады. Ғылым ізденуші мұсылман адам алдымен мінез-құлқын жөндеуі тиіс. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Мен көркем мінезді кемеліне келтіруге жіберілгенмін»* деп пайғамбарлық міндетінің негізгі мақсаты әдеп екендігін нұсқап көрсетті.

Діннің, сенімнің қоғамда алатын орны ерекше. Бұл мәселе тек қана XIX ғасыр немесе XX ғасырдың діни социологиясы үшін емес, әрбір кезең үшін маңызды болып есептеледі. Шынында да сенім мен адам болмысы арасында өте терең байланыс бар. Доктор Генри Линк өзінің «Дінге оралу» атты кітабында АҚШ-та психологиялық зерттеулер бөлімінің бастығы ретінде 15321 әйел мен ер адамдарға жасаған зерттеу нәтижесі мен 73226 психологиялық тестінің қорытындысын былайша келтіреді: «Бір дінге сенген және құлшылық орындарына үзбей баратын жандарда адамдық және көркем мінез-құлық, дінге дұшпандық танытып, құлшылық орындарына бармайтын адамдарға қарағанда жақсы көрініс тапқан әрі берік қалыптасқан».

Ал Дейл Карнеги болса: «Уайымды таста, өміріңе мән бер» атты кітабында «Уайым – қайғының алдын алу шараларының бірі ретінде мыналарды жазған: «Бүгін жарты сағаттық тынығу уақытын бөлемін. Бұл тынығу кезінде Хақ тағаланы ойлаймын» дейді. Бұның өзі Алланы зікір етудің, уайым-қайғыдан құтылып, аз да болса тынықтыруға әсерінің барын білдіреді. Қоғамдағы әрбір жеке тұлға Аллаһты жиі еске алса, басына қиыншылық түскенде сабыр етіп, қуаныш келгенде шүкір етсе, қоғам өздігінен кемелденген болар еді.

Гарвард университетінің пәлсапа профессоры Уиллиам Джеймс: «Уайым-қайғыны емдейтін ең қуатты дәрі – діни сенім» деген. Доктор А.А.Брилл шынайы діндар болған кісінің рухани ауруларға шалдығуы мүмкін еместігін айтады. Психология мамандары дұға мен қуатты сенімнің реніш, уайым мен қорқынышқа жол бермейтінін дәлелдеген. Бұл үш кесел ауруларымыздың жартысын тудырған себептер. Ең атақты психиатрлардың бірі доктор Карл Юнк «Рухын түсіну жолындағы қазіргі заман адамдары» атты кітабында мыналарды жазады: «Соңғы отыз жыл ішінде дүниенің әр тарапынан көптеген науқастарды қабылдадым. Жүз шақтысын емдедім, отыз бес жастан асқандардың ауруға шалдығуының негізгі себебі – діни сенімдерін жоғалтқандықтарынан еді. Бұлар өмірге діни көзқараспен қарамайды, діндар жолдастары сияқты әрекет етпейді. Діни сенімдеріне қайта оралмай, толығымен шипа таба алмайды» дей келе, адамдар діни сенімге бекінбесе, руханияттан жұрдай болса, жанға дауа табулары өте қиын екендігін айтуда.

Психологтар жүйкеміз жұқарып, рухымыз құлдырап, ішкі жан-дүниеміз қиналғанда біреуге мұңымызды шағып, жеңілдеуді дәрі ретінде көреді. Ешкімге айта алмайтын ішкі сырларымызды еститін және күллі нәрсеге күші жететін Аллахқа айта аламыз, жалғыз содан көмек күте аламыз. Ислам діни сенімінде болудың отбасы тұрақтылығын баянды етудегі рөлі аса үлкен. Ж. Доминиян «Ажырасу» атты кітабында діни үкімдер бойынша жасалған некелерде басқаларға қарағанда, ажырасу аз кездесетіндігін айтуда. Еңбекте

діни сенімі жоқ адамдардың ажырасу дәрежесінің өте жоғары екендігі көрсетіледі⁹³.

XIX ғасырдағы діни социологияны қарастырғанда мына мәселелерге көңіл аудару маңызды: иманы, діни сенімі әлсіз адамдардың өзін-өзі өлімге итермелеуі көп кездеседі. Материалдық жағдайдың барлық нәрсені шешетінін мақұлдағандар статистикаларды мұқият зерттеген кездерінде жаңылысқандарын түсінеді. Мысалы: АҚШ-та жыл сайын жүз дәрігер өз-өзін өлімге байлайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және БҰҰ баспасөздеріне қарағанда Жапонияда 22477 адамның суицид оқиғасы тіркелген. 1978 жылғы статистикаларға сүйенсек, мұндай өлім көрсеткіші Швецияда 20000 адам болыпты. Барлық нәрсені материяға тіреп, экономиканы негізгі тірек ретінде түсіндіретіндердің бұл жерде ойланулары керек-ақ. Мұндай қоғамда Ислам діні орнықпағандықтан рухани түрде шаршаған адамдар өмірден түңіліп, өз-өздеріне қол жұмсауда. Ақиқат дін жүрегіне орнаған адамның иманы өз-өзіне қол жұмсауына жол бермейді, мұсылмандар тіпті өзін-өзі өлтірген адамның жаназасын да оқымайды.

Дінсіз қоғам, қоғамсыз да дін өмір сүруі мүмкін емес. Дін қоғамның дамуына бірден-бір әсер ететін қозғаушы күш. Бұны өткен тарихымыздан анық көруімізге болады. Сол діндердің ішінде Ислам діни қоғаммен және сол қоғамды қалыптастыратын адамзат дүниесімен өте тығыз байланысты⁹⁴.

XIX ғасырдағы діни социология мәселесі сол дәуірдің де, бүгінгі күннің де ең маңызды

⁹³ XXI ғасыр: Білім беру және руханият мәселелері. Ғылыми еңбектер жинағы. Шымкент 2002.

⁹⁴ Көбеева Оразкүл, Дінтану негіздері. Алматы 1998.

мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл тақырыпта діннің қоғамға әсері, оның қоғамда алатын орны мен ролі, қоғамға тигізер пайдалары мен тәртіп орнатудағы маңыздылықтары ерекше атап көрсетілді. Біз аталған тақырыпқа тоқталу арқылы өткен ғасыр мен осы дәуірдің танымал қоғамтанушылары мен философтарының, психиатрлары мен діндерді зерттеуші көрнекті тұлғалардың деректері мен көзқарастарын пайдалана отырып, діни социология мәселесін жан-жақты ашуға тырыстық. Нәтижеде мынадай қорытынды пікірді айтуға болатынына көз жеткіздік: демек, дінсіз қоғамның, ал қоғамсыз діннің өмір сүруі мүмкін емес. Дін – қоғамның дамуына әсер ететін ең негізгі қозғаушы күштердің бірі.

Құран кәрімнің ғылыми жаңалықтардан хабар беруі

Құран кәрімде ғылыми дамуларға бағыт беретін көптеген аят бар. Бірақ Құранның негізгі мақсаты – тәухидті, яғни Аллаһты бірлеу жүйесін қабылдатып, адамзатқа тура жолды көрсетуші болу. Расында қарастырған бүкіл мәселелерді осы негізгі мақсатқа сәйкес ұсынады. Сонымен қатар, жаратылыс заңдары турасында адамзатқа ғибрат болу үшін берген мәліметтер де толығымен ақиқатқа сәйкес. Бұл Құран кәрімнің қияметке дейін барлық замандар мен мекендерге жалғасатын ерекше иғязы болып табылады. Осы ақпараттар Құран кәрімнің көркем мұғжизаларын танытып, қазіргі ортамен дәнекер етеді. Шынында, соңғы ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар Құран берген мәліметтерді растап мақұлдайды. Мысал ретінде келесілерді айта аламыз.

А) Адам баласының дамуы мен көбеюі:

Адамның көбеюі мен эмбрионның дамып жетілу мәселесінде Құран қазіргі кездегі медицина ғылымы жаңадан тапқан бірнеше нақты мәліметтерді қамтыған. Бұлар «Хаж» сүресінің бесінші және «Мүминун» сүресінің он бірінші, он үшінші аяттарында егжей-тегжейлі түрде түсіндірілген: **«Әй, адам баласы, егер өлгеннен кейін қайта тірілуден күдіктенсендер, әрине, біз сендерді топырақтан, содан соң жыныстық тамшыдан, кейін ұйыған қаннан, бейнеленген кесек еттен өздеріңе тектеріңді білдіру үшін жараттық. Сондай-ақ жатырда қалаған мерзімге дейін қойып қоямыз. Соңында сәби түрінде шығарамыз. Одан кейін ер жетесіндер. Кейбіреулерің қайтыс болып, кейбіреулерің әр нәрсені білгеннен кейін түк білмейтін өмірдің ең нашарына қайтарыласыңдар. Сен жердің құрғап, қаңсығанын көресің. Бір жаңбыр жаудырсақ оған жан бітіп көпсіп шыға келеді де, түрлі өсімдіктерді өсіреді». «Адамды Біз топырақтың ең асылынан жараттық. Одан соң оны ұрықтың тамшысына айналдырып, өте сенімді орынға (жатырға) орналастырдық. Одан әлгі ұрықты ұйыған қанға айналдырдық. Бір жапырақ етке сүйек бітірдік, одан соң сүйекке ет қондырдық, оған жан кіргізіп басқадай жаратылысқа айналдырдық. Аса шебер Жаратқан Ием аса ұлы».** Адамның рухани құрылысы Аллаһ тағаланы түсіне алатындай қабілетпен жаратылған. Сонымен бірге дене құрылысы да Ұлы Аллаһтың орасан әрі айбынды бір таңғажайып өнері. Раббымыз бұл аяттарда осы үлкен өнеріне назар аудартады. Аяттағы басқа бір сыр адамзат баласын өте көркем бейнеде жаратқан.

Жаратылысқа байланысты аяттарды баяндаған Аллаһтың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «*Әрбіреулеріңіз ана жатырында аталық ұрық (шәует) болып қырық күн теріліп жиналады. Одан соң (қырық күн ішінде) ұйыған қан күйіне келеді. Бұдан кейін бір періште жіберіледі де оған рух үрлейді және ризығын, ажалын, амалын, тозақтық немесе жәннаттық болатынын жазады*». Ұрықтың ана жатырында өткізетін алғашқы қырық күні хадисте нутфә мерзімі деп баяндалған. 40 пен 80-ші күндер арасы алақа мерзімі, 80 мен 120-шы күндер арасы ұрықтың «кесек ет» мерзімі болады. 120-шы күнде, яғни, ұрықтанғаннан кейінгі төртінші айдың басында іште жатқан ұрыққа бір періште жіберіліп рух (жан) үрленеді. Құран кәрімде және хадистердің берген мәліметтері мен «жаңа» биологияның осы мәселелердегі табыстары салыстырылғанда, араларында ешбір айырмашылық болмай, дәлме-дәл сәйкестік көрінеді. Алайда Құран берген осы мәліметтер ХІХ ғасырдан бұрын жер-жүзінің ешбір жерінде білінген емес еді. Құран адамзат баласының көбеюіне байланысты ғасырлар бойы зерттеулерден кейін ортаға шыққан ақиқаттарды ХІV ғасыр бұрын нақты түрде баяндаған.

Ұрықтың бүкіл өмір ерекшеліктері, қоюланып қалған қанда жиналған «мүдға» шайналған ет деген даму сатысына қарағанда үстінде тістің іздері бардай шайналған бір жапырақ ет сияқты көрінеді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ғалым Кейтч қайран қалып, Құранның 1400 жыл бұрынғы мұғжизасын толық сеніммен қабылдайды. Жаратылысқа байланысты жоғарыда айтылған көркем аяттарға қосымша адамзат баласының жатырда өсу кезіндегі мерзімдердің үш бөлек мекенде жүзеге асатыны «Зұмар» сүресінің 6-аятында

былай делінген: «Аллаһ сендерді аналарыңыздың жатырында үш қабатты қараңғылық ішінде түрлі мерзімдерден өткізіп жаратады».

Биологиялық тұрғыдан қарағанда осы үш қараңғы орынның эмбрионның даму кезінде бірінен біріне өтетін үш орын екендігі баяндалуда.

Ә) Баланың ана құрсағындағы өсуі:

Келесі аяттарда баланың ана құрсағындағы өсімі медицина ғылымымен үйлесімді түрде баяндалады. Мысал ретінде бірнеше аят келтіре кетсек.

«Шүбәсіз біз құдіретімізді көрсету үшін сендерді топырақтан, сосын бір тамшы судан (сперма), сосын ұйыған қаннан, сосын (алдымен) мүшелері белгісіз, кейін белгілі жанды бір бөлшек еттен жараттық. Қалағанымызды белгілі бір уақытқа дейін құрсақта күттіреміз, сосын сендерді сәби түрінде дүниеге келтіреміз» («Хаж» сүресі, 5). **«Шүбәсіз біз адамды балшықтан жараттық. Сосын оны мықты бір орында сперма халіне келтірдік. Сосын бұл сперманы ұйыған қан қылдық. Артынан ұйыған қанды бір жапырақ етке айналдырдық. Сосын осы бір жапырақ етте сүйектерді жараттық, сүйектерді етпен қаптадық. Сосын оны басқаша бір жаратылыспен адамға айналдырдық»** («Мүминун» сүресі, 12-14, 67)

Хазірет Пайғамбар хадистерінде ана құрсағындағы даму былай баяндалады: *«Шүбәсіз сендердің пайда болуларың анасының құрсағында қырық күнде жинақталады. Сосын ол жерде сондай уақыт ішінде*

ұйыған қан болады. Сосын сондай бір уақыт ішінде біржапырақ етке айналады. Соңынан періште жіберіліп оған рух салынады. Періштеге төрт сөз әмір етіледі. Бұлар: дүниеге келетін баланың ризығын, өмір сүретін уақытын, істейтін амалдарын, дұрыс жолда (жаннаттық) немесе теріс жолда (жәһаннамдық) болатындығын жазуы»⁹⁵.

Амр ибн Уасила (р.а) риуаят еткен бір хадисте мынадай қосымшалар бар: «(Ананың құрсағына түскен) сперма қырық екі күн өткеннен кейін, Аллаһ оған бір періште жібереді. Оған бейне беріп, құлағын, көзін, терісін, еті мен сүйектерін жаратады. Сосын періште: «Ер ме, әлде қыз бола ма, ажалы және ризығы қалай болады?» деп сұрайды. Аллаһ қалағанына үкім шығарады және оны періште жазады. Сосын періште осы парақты ұстап шығады. Әмір етілгені сияқты не артық, не кем жасамайды»⁹⁶.

Басқа бір хадисте қырық күндік бірнеше даму кезеңі айтылғаннан кейін, сүйек пайда болатындығы баяндалады. «Аллаһ осы бір жапырақ еттің жаратылысын тәмамдауды мақсат еткен кезде оған бір періште жібереді» делінеді. Періште баланың жынысын, дұрыс жолда немесе теріс жолда болатындығын, ұзын немесе қысқа болатындығын, ризығы мен ажалын, ауру немесе сау болатындығы жайлы ерекшеліктерді жазатындығы айтылады⁹⁷.

⁹⁵ Бухари, Бәдул-Халқ, 6. Әнбия: 1. Қадар: 1. Муслим, Қадар, 1; Әбу Дәуіт, Сунан, 16.

⁹⁶ Муслим, Қадар, 4; Ибн Мажа, Мукаддима, 7; Ибн Ханбал, II, 176.

⁹⁷ Муслим, Қадар, 4; Ахмад ибн Ханбал, I, 374, III; 397.

Б) Жасанды жолмен жүкті болу

Ана құрсағындағы баланың аят пен хадис бойынша даму барысын жоғарыда жеткізуге тырыстық. Енді қазіргі кезде биология және медицина ғылымы тұрғысынан адам баласының дамуы қалай іске асуда? Осыны түсіндіруге тырысып көрейік.

Мәселен, медицинаның жетілген технологиясы арқылы жасанды инкубаторда дамыған бала туралы айтсақ. Ағылшындық Гилберт Жонн Браун және Лесли Броун жұбы кез келген жанұя сияқты балалы болғысы келеді. Бірақ Лесли Броунның жұмыртқа каналдары жабық болғандықтан мұның іске аспайтындығын дәрігерлер анықтайды. Лесли Броунның жұмыртқа жолдары операция жолымен тазартылғаннан кейін, жұмыртқалығынан жетілген бір жұмыртқа клеткасы алынып, осы түйіршікті Жонн Броуннан алынған сперма клеткасымен инкубатор ішінде қосады. 2,5-3 күннен кейін жұмыртқа клеткасының ұрықтанып, бөліне бастағандығы анықталады. Осы ұрықтанған жұмыртқа клеткасы (зигота) қайтадан әйелдің жатырына салынды. Кейіннен жатырға жабысқан зигота, табиғи түрде дамуын аяқтап, 1978 жылы 25-тамызда кәдімгі бала дүниеге келеді. Бұл алғашқы “инкубатор бала» дүние жүзінің назарын өзіне аудартады⁹⁸.

Жасанды жолмен жүкті болу медициналық емдеу тәсілі болып, тек некелі жұбайлар арасында ғана рұқсат етіледі. Сондай-ақ хатиб әш-Ширбини былай дейді: «Бір әйел жүніп болған күйеуінің спермасын алып, өзінің жыныстық мүшесіне орналастыру арқылы жүкті

⁹⁸ Бахри Дайыоғлу, Яаратылыш мужизеси, 2 баскы, Илим ве техник сериси, нешр: Яени Асия йайыны, Стамбул 1986, 5-6 б.

болса, дүниеге келген бала заңды болып саналады және әйел осы ісі үшін күнәһар болмайды»⁹⁹.

В) Биологиялық даму және түрдің сақталуы:

Еркектің сперма клеткасы мен әйелдің жұмырқасының клеткалары қай жерде және қалай әзірленіп, бұлар қалай табысады, біріккен кезде жаратылыстың кереметі болған адам денесі қалай пайда болады? Биология мен медицина ғылымы осы сұрақтарға белгілі бір дәрежеде түсініктеме береді. Енді адам жаратылысының ең кішкене ірге тасы болып саналатын клеткалардан бастап осы үлкен жаратылыстың пайда болуын түсіндіруге тырысып көрейік.

Қазіргі таңда медицина ғылымының айтуы бойынша, адам денесінің негізгі іргетасы болып саналатын еркектің сперма клеткасы мен ұрғашы жұмыртқа клеткасының негізі әке-шешеміздің жыныстық мүшелеріне, олар аналарының құрсағында алты апталық кезінде орналастырыла бастайды. Үлкен өмір жоспарын арқалаған сперма мен жұмыртқа клеткалары алғаш рет қосылған кездерінде тек микроскоппен ғана көрінетіндей дәрежеде бір клетка пайда болады. Кішкентай тозаңдай ғана осы жалғыз клетка, одан кейін миллион рет бөлініп дамып, өзінен ең азында 25-30 мың есе, бәлкім одан да үлкейіп адам бейнесіне келеді.

Адам клеткасының тұқымында 46 хромосом болады. Бұлар 23 жұп құрайтындай екіден тізілген.

⁹⁹ Әш-Ширбини, Муғнил-мухтаж, Мысыр, III, 384. Хамди Дөндүрен, Делиллерийле Ислам илмихали, Стамбул 1991, 640 бет.

Әрбір жұптың біреуі анадан, екіншісі әкеден келеді. Сол себепті әке мен шешеден ГЕН арқылы өткен ерекшеліктер, адамның тырнағының ұшынан бастап шашына дейін барлық клеткаларына өтіп, алдын ала белгіленіп қойылған.

Адам денесіндегі клеткалар бөліну жолымен көбейеді. Бұл екі түрлі болады: митоз және майоз бөлінулер. Митоз бөлінуде клетка тең қасиетке ие тағы 46 хромосомдық екі егіз клеткаға айналады. Клетканың бөлінуі ең жоғарғы технологиямен жабдықталған химия лабораториясының жұмысы сияқты жұмыспен іске асады. Мәселен, клетканың бөлінуінде, жансыз заттардың ең кішкентай шикізаты болып саналатын 20-30 түрлі «атом» қолданылады. Осы атомдардың шамамен жүз триллион данасы клетка ішіне алынып, клетка фабрикасында өңделіп үлкен молекулаларды құрайды. Сосын осы молекулалардан клеткаға қажетті мүшелер жасалынады. Ана клетканың ішіндегі 46 хромосом бірдей синтез етіледі. Нәтижесінде, өзімен бірдей екі клетка тудырады. Биологиялық тұрғыдан жанды болып саналатын бір клетканың, өзі сияқты бір клетканы 100 триллион жансыз атом бөлшектерінен тұрғызуы тамаша оқиға. Бірадамның денесінде шамамен 100 триллион клетка болғанына қарағанда, тамақ арқылы денеге кірген триллиондаған жансыз атомдарға клетка ішілік синтез арқылы жандандырылатындығы байқалады. Ер мен әйелдің балиғат шағына дейін жыныстық клеткалары да жоғарыда айтылғандай бөлінуге ұшырайды.

Балиғатқа толған кезден бастап ер мен әйелде тек жыныстық клеткалары ерекше бөліне бастайды. «Майоз» бөліну деп аталатын бұл бөлінуде негізгі клетка екіге бөлінген кезде хромосом саны екіге азаяды. Осылайша еркектің спермасы мен әйелдің жұмыртқасы 23 хромосомдық бала клетканы құрап көбейеді.

Бір алманың екі бөлшегі сияқты жарты клетка түріндегі және кем болған аталық және аналық клеткалар ұрықтанғаннан кейін тағы 46 хромосомдық ана клетканы құрайды. Бұл зигота деп аталатын ұрықтанған жұмыртқа клеткасы адамның негізін құрайды¹⁰⁰.

Г) Баланың ұл немесе қыз болуы:

Туатын баланың ұл немесе қыз болуы да ғылым түсіндіре алмайтын, Аллаһ тағаланың еркіндегі нәрсе. **«Аллаһ қалағанына қыз бала, қалағанына ұл балаларды береді. Немесе оларды, әрі ұл әрі қыз бала ретінде қостан береді. Қалағанын бедеу етеді. Ол барлық нәрсені білуші және барлық нәрсеге күші жетуші»** делінеді Құран аятында. («Шура» сүресі, 49-50).

Ана құрсағында жыныстың пайда болуы былай іске асады. Еркек спермасының ана клеткасында $44+XY=46$ хромосом болады. Кәмелетке толған шағынан басталатын «майоз» бөліну арқылы осы ана клеткадан $22+Y=23$ хромосомдық аталық қабілетке ие сперма клеткасын құрайды. Әйелдегі жұмыртқа ана клеткасының кәмелет шағынан бастап «майоз» бөлінудің нәтижесінде үнемі $22+X=23$ хромосомдық аналық қабілетке ие екі

¹⁰⁰ Бахри Дайыоғлу, Яаратылыш мужизеси, 2 басқы, Илим ве техник сериси, нешр: Йени Асия йайыны, Стамбул 1986, 5-6 б.

жұмыртқа клеткасы пайда болады. Ақыры сперма мен жұмыртқа клеткасының бірігуінен 46 хромосомдық не аталық қабілеттегі немесе аналық қабілеттегі зигота құралады. Әйелдің құрсағында пайда болған зиготаның дамып, адам пайда болатындығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Медицина ғылымы еркек сперма клеткасында аталық және аналық (яғни X және Y) қабілеті, әйелдің жұмыртқа клеткасында болса тек аналық қабілеті (X) болатындығын 40 жыл бұрын ғана анықтаған болатын. Алайда Аллаһ тағала төмендегі аятта мұны 6-шы ғасырда баяндаған: **«Аллаһ спермадан (еркектің ұрығынан) екі жұпты, ер мен әйелді жаратты»**. (Қиямет сүресі, 39)

Әйел етеккірінен тазарған соң шамамен он күннен кейін босатқан ұрықтануға қолайлы бір ғана жұмыртқа клеткасына қарсы, еркектің спермасында 200-300 миллионның арасында сперма клеткасы болатындығы белгілі. Осы спермадан жұмыртқа клеткасына тек 500 бен 1000-дайы ғана жетіп, біреуі ғана жұмыртқаны ұрықтандырады. Сперманың саны 50-ден төмен түскен кезде белсіздік туралы айтуға болады.

Екінші жағынан, сперма клеткасы, әйелдің аналық жұмыртқасына жеткен соң, жұмыртқа клеткасы «фертилизин» осыған қарсы сперма клеткасы «антифертилизин»деп аталатын бір зат бөліп шығарады. Егер осы екі зат сәйкесе алса, сперма клеткасы жұмыртқаның бетіне жабыса алады. Әйтпесе олардың жабысуы және баланың болуы мүмкін болмайды. Бұл, әр түрлі түрге тән сперма клеткасының жұмыртқа клеткасына жақындауының алдын алу және түрдің бұзылуының алдын алу үшін маңызды шара.

Сондықтан да әр түрлі түрге жататын маймылдан адамға немесе адамнан маймыл түріне өту биологиялық тұрғыдан мүмкін емес.

Д) Адам клеткаларына мәліметтердің жүктелуі:

Әйелде ұрықтанған жұмыртқа клеткасы 46 хромосомнан тұратын, еркек пен әйелге қатысты генетикалық ерекшеліктерге ие толық клетка болып саналады. Адамның толық жоспары осы 46 хромосомның 15-ін ғана құрайтын «ДНК» молекулаларында жазылған.

Карл Саган, микроскоппен де көрінбейтіндей кішкентай түйіндерге жазылған осы мәліметтер жайлы былай дейді: «Бір «ДНК» молекуласында бес миллиард «бит» мәлімет бар. Осы мәліметтер мың томдық кітап болатындай ауқымда»¹⁰¹.

Бұладамның мақсатсыз, басы бос, кездейсоқтықтарға тәуелді өмір сүрудің орнына, жоспарлы және тұрақты жаратылысқа ие болғандығын көрсетеді. Адамның тырнағының ұшынан бастап шашының ұшына дейін шамамен жүз триллионнан артық клеткаларына жазылған осы мәліметтер оқылған жағдайда, адамның қандай да бір клеткасында өткеніне және бұрынғысына, бәлкім шексіз келешекке байланысты өмір кезеңін білу мүмкін болар еді. Жапонияның бастамасымен басталған кейбір өлкелерде, клеткадағы осы «ДНК» молекуласының сырын ашуға талпыныс жасалуда.

Париж Клаудиа-Бернард қарттық зерттеу орталығының директоры Жакк Третон, адамның әрбір клеткасында жазылған бұл жоспарды былай баяндайды: «Зерттеулер, біздің өмір сүру уақытымыздың

¹⁰¹ Карл Саган, Космос, Стамбул 1982.

генетикалық бір жоспарға тәуелді екендігін көрсетеді. Барлық нәрсе, әрбір клетканың ішінде бір сағат бар екендігін көрсетеді. Клеткалар неше есе көбейгендіктерін және қай жерде тұрақтайтынын біледі. Мысалы, отыз жастағы адамнан алынған клеткалар сыртта 60 рет бөлініп көбейе алса, жетпіс жастағы адамнан алынған клеткалар, тек 20 рет қана бөлініп көбейе алады¹⁰².

Құран кәрімде, адам физиологиясындағы осы құлдырауға былай ишарат етіледі: **«Біз кімге ұзақ өмір берсек, жаратылысын керісіне бұрамыз, күштен кейін әлсіздікке түсіреміз. Еш ойланбай ма?»** («Ясин» сүресі, 68).

Жоғарыда келтірілген кейбір аяттар мен хадистерде, ана құрсағындағы шикі етке періштелер арқылы мәліметтер жүктелетіндігін айтқан едік. Бұлар дүниеге келетін баланың рыздық, өмір сүру ұзақтығы, амалы, жынысы, дұрыс немесе бұзақы болуы сияқты негізгі өмір жоспарларын қамтиды.

Осыншалық оригинал және жоғары жаратылысқа ие болған адамның, түрлердің дамуының нәтижесінде, маймылдан адамға айналғандығы туралы көзқарастар айтылып, дүниеден кейінгі өмірді мойындағысы келмеген кейбір атеистер осы көзқарасты қолдаған. Сол себепті төменде, «Дарвинизмде» айтылған осы теорияға біраз тоқталамыз.

Ж) Дарвинизм:

Чарлз Дарвин (1809-1882), Бейжл кемесімен жер шарының айналасында жасаған саяхаты кезінде

¹⁰² Билим ве техник дергиси, Нешр: ТҮБИТАК, 24 том, 282 сайысы, Майс 1991, 12-13 б.

жолықтырған жер бетінен жойылып кеткен тіссіз жануар түрлерін зерттегеннен кейін, түрлердің тұрақтылығынан күмәнданып, атақты «эволюция» теориясын алға тартқан. Бұл теория бойынша, шығу тегі бірдей түрлер қоршаған орта, өсіп-өну т.с.с. әсерлер арқылы өзгеріп, тұрпаты мен өсу клеткалары өзгеріске ұшырайды. Екінші жағынан барлық жәндіктер өмір сүру үшін күреседі де қоршаған ортаға бейімделгендер өмір сүреді. Осылайша табиғи орта, жаңа түрлердің қалыптасуы және қоршаған ортаға бейімделу жолымен үнемі өзгеріп отыруды қажет етеді.

Дарвиннің идеялары нақтылықты білдірмейді, бұл тек бір теория және өзінің көзқарасы ғана. Бұл идея көп тартысқа түсіп, көптеген идеалары негізсіз болып шыққан. Сондықтан, жанды түрлердің, мәселен адамның маймылдан ұзақ эволюцияның нәтижесінде пайда болғандығы туралы идея қазір ғылыми ортада сөз болмайды. Қазіргі кезде биология ғылымы, түрлер арасында өзгеру болмайтындығын дәлелдеген. Бұл жоғарыда айтылды.

Ислам діні мен басқа да Құдайдан келген діндер, адамның өмірге адам болып бастағандығын, басқа түрден өзгермегендігін ортаға қояды («Араф» сүресі, 11; «Бақара» сүресі, 30; «Сад» сүресі, 71; «Хижр» сүресі, 28).

Адамның шығу тегін бір жануарға телу, оның сезімдері мен жаратылыс құндылығын негізгі түрден ажырату болып табылады. Алайда, адам баласы жаратылғандардың ең абыройлысы ретінде, ең жоғарғы дәрежеде жаратылған. **«Біз адамды ең тамаша түрде жараттық»**, – делінеді «Тин» сүресінің төртінші аятында.

Кейбір жануарлардың қаңқасын зерттегендер, бұлардың адамның атасы болуы мүмкін екендігін алға тартқан. Енді осыларға қысқаша тоқталайық.

Адам мен құйрықсыз маймылдың ортақ атасы:

Мұндай ортақ атаны көрсететін бір жануар өмір сүрмеген, мұндай қаңқа табылмаған. Алайда эволюциялық теорияны қолдаушылар мұндай ортақ атаның 30-70 миллион жыл бұрын өмір сүргендігін алға тартқан.

Құйрықсыз маймылдарға (арес) қатысты әр түрлі қаңқалар, адамның атасының осы жануар болуы мүмкін деген теориясын жарыққа шығарады. 1932 жылы Үндістанда табылған қаңқа (рамапитек) осылардың ішіндегі ең маңыздысы. Ол, бар болғаны бірнеше тіс және жақ сүйегінің жартысы ғана. Осы топтың барлық қаңқаларын зерттеген Пенсилвания университетінен доктор Роберт Экхард былай дейді: «Бұл қаңқалар тек өз түрі болып саналатын құйрықсыз маймылдардың ғана атасы болуы мүмкін. Бұлар, морфологиялық, экологиялық дене қимыл тұрғысынан да құйрықсыз маймылдарға ұқсайды»¹⁰³.

Шығыс Африкада Лоус Леки және басқалар тарапынан табылған қаңқалар «шығыс маймылдары» деп аталады. Эволюциялық пікірді ұстанушылардың пікірі бойынша, бұлар 2-3 миллион жыл бұрын өмір сүрген, тік жүретін және кейбір құралдарды пайдаланған бір жаратылыс. Миының көлемі, кейбір дамыған маймылдардікі сияқты, шамамен 500 ж.ж. тістері де құйрықсыз маймылдың тістеріне ұқсайды. Бірақ Лоус Лекидің ұлы Ричард Леки сол түрден табылған қаңқалардың қолы

¹⁰³ Хенри М. Моррис, Тержуме. Хейет, Яратылыш модели, Нешр, М. Е. Г. С. Б. Анкара 1985, 157-158 б.

ұзын және аяқтары қысқа болғандығын ортаға қойды. Екінші жағынан көптеген эволюционерлердің сенгені сияқты, бұл жануар тік емес, еңкейіп жүрген. Қысқасы бұл жануар тек ми тұрғысынан ғана құйрықсыз маймылдарға ұқсайтын. Сондықтан оның құрып кеткен маймыл түрі екендігіне күмән жоқ.

Ява адамы, Пекин адамы, Гейделберг адамы деп аталған кейбір қаңқалардың шамамен 500 000 жыл бұрын өмір сүргендігі алға тартылған. Бұлардың тік жүргендігі, ми көлемі шамамен 1000 ж. ж. болғандығы және қарапайым құралдар мен қару-жарақтарды қолданғандығы эволюционерлердің ұстанған көзқарастары. Бірақ Ява адамы кейіннен осыны тапқан адам тарапынан жоққа шығарылады. Пекин адамына қатысты сүйектер болса екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жоғалып кеткен. Сондықтан зерттеу мүмкіндігі жоқ. Гейдельберг адамы болса тек қана үлкен жақ сүйегі ғана. Бұл қаңқалардың (Хомо ерктус) кішкене ми көлеміне (900-1100 ж.ж.) ие болуы, олардың адамның атасы ретінде қабылдануына мүмкіндік бермейді.

Адам баласының алғашқы атасы хазірет Адам мен Хауа. Бұған кереғар көзқарастар қазірге дейін дәлелденбеген. Адам тарих бойы, өзінің қоршаған ортасының шарттары ішінде дамып, тың ғылым мен мәдениет жетістіктері, оның рухын жаңартып, миына қуат берген. Бірақ бұл, адамның жүздеген жыл бойы қарапайым жануардан дамығандығын білдірмейді.

Жоғарыдағы аяттар мен хадистерге қарағанда, балаға ана құрсағында даму кезінде өмір жобасы жүктеліп, оның биологиялық жаратылысында тағдыры жазылатындығы аңғарылады. Тіпті Хз. Пайғамбар (с.а.с.) өмір бойы жәннатқа кіретін амалдарды жасап

сосын жәннатқа арқан бойы қалған кезде жәһаннамға апаратын амалдың, нәтижені өзгертетіндігін; өмір бойы жәһаннамға апаратын амалдарды жасап, соңында жәннатқа апаратын амал жасағаны үшін жәннатқа кіре алатындығын және бұл, ана құрсағында жазылған жо-спар бойынша осылай болатындығын айтқан кезде бір сахабалар «Тағдырымыз жазылып қойса амал етуге не қажет бар?» – деп сұрайды. Сонда Аллаһ елшісі бы-лай дейді: *«Амал етіңдер! Барлық адамға мүмкіндік берілген. Бақытты болатындарға бақыттылардың амалы ыңғайластырылған. Бақытсыз болатындарға бақытсыздардың амалы жеңілдетілген»*, сосын мына аятты оқиды: **«Кімде-кім Аллаһ жолында жұмсап, Одан қорқып, ең тамаша «Ислам» сенімін қолдайтын болса, біз оның қолын ең жеңіліне жеткіземіз. Бірақ, кімде-кім сарандық жасап, Аллаһқа мұқтаж еместігін айтып, ең тамаша «Ис-лам» сенімін жоққа шығаратын болса, біз оны ең қиынына итермелейміз»**.

Барлық нәрсе Аллаһтың құдірет қолында және оның қалауына байланысты болғандықтан, кейбір кезде өмір бойы үлкен жамандықтар мен былықтың ішінде жүрген адам, өмірінің соңына қарай Аллаһтың ризашылығына жеткізетін бір амал жасап, дүниеден ізгі нәтижемен кетуі мүмкін. Бірақ көбінесе адамдардың ақыреттегі жағдайын дүниедегі амалдары айқындайды.

Дактилоскопия:

Саусақтарды зерттейтін білім саласы саусақ ұштарындағы бедерлердің өмір бойы өзгермейтінін, бір адамның саусақ ұшы бедерлері басқаларға ұқсамайтынын ортаға қойған. Сондықтан қауіпсіздік заң органдарында ең сенімді сипаттану саусақтағы бе-

дерлер арқылы жасалуда. Осы ақиқат ХІХ ғасырдың аяғына қарай табылып пайдаға аса бастаған. Құран кәрімде: **«Адам баласы біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлайма? Әрине жинаймыз, оны саусақтарының ұшына дейін әдемілеп, орын-орнына келтіріп қайта жасай аламыз»,** – деп айтып саусақ ұштарының осы еркешелігіне талай ғасырлар бұрын назар аудартқан. Ешбір адамның беті басқасына ұқсамағанындай саусақ ұштарныдағы бедерлер де, толығымен өзгеше өрнектермен салынған. Осыншама кішкене әрі тар жерде осындай қайталанбастай өзгеше керемет өрнектердің салынуы шексіз бір құдыретпен ғылым иесі болған және ең үлкенінен кішісіне дейін оңайлықпен жаратып, бүкіл жаратылғандарды кәміл бір тәртіпке бағындырған, өнерін жүргізген ұлы заттың туындысы.

Терінің гажайып жайы:

Батыстың белгілі ғалымы Тайасон бұрыннан азапқа байланысты зерттеулер жасап мынандай нәтижелерге жеткен. Тері отта жанып, сезімі жоғалғанда қайтадан сол сезімді жандандыратын бір жағдай болуы керек. Яғни, азап тері үстінде болғандықтан тері жанып ішіндегі бұлшық ет бұзылады да істемей қалады. Осы жағдайда азап сезімі болмайды. Өйткені ми басқаратын сезу жұмысын тері арқылы жүргізеді. Басқаша айтқанда тері бұлшық ет өз міндетін атқаратын алаң деп есептеледі. Сондықтан тері жанып көмірдей қарайып кеткенде бұлшық еттер міндетін атқара алмайды. Жаңа бір тері кигізілуі керек. Сонда ғана азапты сезінетін жүйе қайтадан құрылады. Осындай ғылыми табысқа жеткен Тайасонға төмендегі мына аяттар көрсетіледі:

«Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламызда олардың терілері жанған сайын азапты тартулары үшін оны басқа теріге ауыстырамыз. Шексіз Аллаһ тым үстем аса кемеңгер» («Ниса» сүресі, 56).

Сүттің кереметтілігі:

Сүтті құраған элементтердің хайуан денесінде пайда болатын жер туралы Құран кәрімде берілген мәлімет қазіргі кездегі ғылыми табыстармен бірдей. Осы мәселеге байланысты мына аятта былай делінген: **«Шын мәнінде сендер үшін малдарда ғибрат бар, малдың қарнындағы қанымен жынның арасынан шыққан ішушілерге сүйкімді нағыз сүтті сендерге ішкіземіз»** («Нахыл», 66). Аяттағы жын мен қан сөздері химияның және сіндіру физиялогиясының жеткен табыстарының арқасында қазіргі кезде енді ғана түсініліп отыр. Бұл мәліметтер ХХІ ғасырдың алдында ғана табылады. Ал қанның айналу жұмысын Құраннан Х ғасырға жуық уақыттан кейін Харвей тапқан. Бұл жерде ана сүтіне байланысты бір ақиқат туралы сөз етілген Құран кәрімде: **«Емізуді тоқтатқысы келген кісі үшін аналар балаларын толық екі жыл емізеді», «Біз адамзат баласына ата-анасына қарайласуды ұсынамыз. Өйткені анасы қаншама қиыншылықтарды көре отырып оған жүкті болған. Омыраудан айыруда екі жылдан кейін болады»** («Лүкман» сүресі, 14).

Аятта балалардың толық екі жыл емізілуі ұсынылады. Қазіргі замандағы дамыған медицина білімі де анасының баласын емізуі өзіне және баласының денсаулығына өте маңызды екендігін белгілеп қойған. Ана сүті Құдайы құдырет ағыстарына толы бір кәмілдік көрсетеді, онда баланың бүкіл өмірлік қажеттеріне жа-

уап беретін витаминдер, гормондар, қорғаушы элементтер бар. Дамыған білім бойынша да, емізу уақыты толық екі жыл болуы керек. Өйткені бауырдың қан жасауы себебінен жұмысы ауыр болып, және мүшелер өсу кезеңінде болғандықтан ана сүтіне деген қажеттілік екі жылға жалғасады. Ислам заңы бойынша балалық шақтың алғашқы екі жылы ішінде болған емізулерде сүт бауырлығы пайда болады. Ал екі жылдан кейінгі емізулер сүт бауырластығын іске асырмайды. Демек екі жылдан кейін ана сүті өзіндегі негізгі ерекшеліктердің көбісін жоғалтады. Ана сүті баланың жатырда ортаға шығуымен бірге пайда болады. Бұл сүт баланың жаратылуымен бірге пайда болғандықтан соны емген басқа баланың мінез-құлығы, сипаты да сол жатырдан шыққан баланың мінезімен бірдей болады.

Әлемнің ең алғашқы заты не болғаны туралы көне замандардан бері бірталай ойлар, пікірлер айтылған, бірақ бұл мәселе осы кезге дейін нақты түрде анықталмаған. Сонда да ортаға қойылған пікірлер арқылы Құран кәрімнің бұл мәселеге қатысты ақиқатын және мұғжизасын өте жақсы түсінуге болады. Көркем аяттарда: **«Әуелі көкпен жер бір тұтас еді ғой, біз екеуінің арасын ажыраттық, жанды мақұлықтың барлығын судан жараттық, кәпірлер осыны қалай білмейді? Оған неге сенбейді»** («Әнбия» сүресі, 30), **«Сонан соң аспанға бет бұрды бұл кезде аспан бұлынғыр түтін ғана еді»** («Фуссилат» сүресі, 11).

Қазіргі кездегі астрофизиктердің осы саладағы ой пікірлері де жоғарыдағы аяттардың мазмұнына сәйкес. Профессор Иушили бір конференциясында жердегі және көктегі басқа заттардың пайда болуы туралы қазіргі

заманымыздағы білім дүниесінің өте нақты табыстарға жеткенін айтып және осы заттардың тұрақты газ табы күйінде тұрған кезінде жарылудың нәтижесінде пайда болғанын түсіндірді. Құран осы жаратылу күйіндегі болмысты духан деп атаған еді. Өйткені сол кезге дейін білім газ табының жарылуының нәтижесінде белгілі бола бастаған жағдайда тұман сөзімен баяндаған. Алайда тұманда сұйықтық пен су сияқты ерекшеліктер болғандықтан тұман сөзі осы ақиқатты түсіндіре алмайтын еді.

Құран кәрімде жердің домалақ екендігіне ишарат еткен бірталай көркем аят бар. Осылардың біреуінде:

«Аллаһ түнді күндізге, күндізді де түнге айналдырады» («Зумар» сүресі, 5).

Жоғарыдағы аятта айтылған «юукауиру» сөзі бас сияқты дұмалақ бір заттың айналасында бір нәрсені, мысалы сәлдені айналдырып орау сияқты «орау» мағынасына келеді. Өз осінің айналасында айналған жердің күнге қарайтын бөлімі жарық, яғни күндіз болады. Бірақ жер айналғандықтан жарық болған бөлімі үнемі күндіз болып тұра бермейді. Жер айналған сайын жарық болған бөлімі қараңғы, ал қараңғы болған бөлімдері жарық болады. Яғни айналу арқылы түн күндізге, ал күндіз түнге айналып отырады. Бұл жердің домалақ болғанына жарқын мысалы. Міне аятта қолданған «юукауиру» сөзі жер-жүзінің шеті жоқ шар тәрізді домалақ болған әрі айналатынын баяндайды:

«Ай мен күн белгіленген жағына қарай жылжып кете барады. Мұның өзі әрі үстем әрі дана Аллаһтың алдын ала белгілеген ісі».

«Айдың да тұрақтайтын орнын белгіледік, кәрі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін ол аспанды кезіп жүреді».

«Күннің айды қуып жетуі, түннің күндізді басып озуы мүмкін емес, әрқайсысы өз орбитасында жүзеді де жүреді».

Аймен күннің жағдайларына қатысты «Ясин» сүресінің 38, 39 және 40-аяттарында жоғарыдағыдай айтылған. Бұл жерде бір мәселеге назар аудару керек, негізі өзгертілген Таурат күн мен айды «жарықтар» деп атап, бірақ бұлардың біреуі «үлкен», екіншісі «кішкене» деп сипаттайды. Ал Құран кәрім күн мен айдың бір-бірінен айырмашылығы болғанын білдіреді және ерекшеліктері бір-бірінен бөлек жарықтар екендігін айқын түрде баяндайды.

«Ол құрлық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратқан, расында аяттарымызды білетін елге ашық түсіндірдік» («Әнғам» сүресі, 97).

Әлемдегі бүкіл заттарда Құдайы бір өнер және орналастыру бар. Араларында жол апаты сияқты ешбір соғысу болмайды. Әрекеттерінде бір сәттік кешігу немесе артық кету мүмкін емес. Үнемі бір қалыпта Құдайы бір деңгейде жалғаса береді. «Рахман» сүресінің 19-20-аяттарда, **«Аллаһ ащы және тұщы сулы екі теңіздің бір-біріне араласып қосылмайтындай ағызып қояды. Араларында бөгет бар. Сондықтан бір-бірлеріне қосылмайды»**, делінген. Америкалық теңіз зерттеуші маман, профессор доктор Хелли ұзақ уақытқа созылған ғылыми зерттеулердің нәтижесінде теңіз суларының арасында тартылған Құдайы бір құдырет пердесі бар. Осы перде қатар жатқан екі теңіздің бір бірімен арала-

суына бөгет болғанымен, екі теңіздің суының бір біріне өтуіне бөгет болмайды. Бірақ бұл ағысты әр жақтың суын, өтетін жақтың химиялық құрамына сай қылып келістіргеннен кейін жүзеге асырылады. Яғни осы перде ағуы қажет болғанды өткізетін, ал, қажет болмағанды өткізбейтін екі жақты сүзгіш сияқты. Өйткені бүкіл теңіз және мұхит суларының ерекшеліктері әртүрлі. Температурасымен тұздылығына қарай іштерінде өмір сүретін жәндіктердің айырмашылығына дейін әрбіреуі басқа бір әлемді баяндайды.

«Сондай пәк Аллаһ барлық нәрсені жұп-жұбымен жаратты мейлі ол жердің өсірген нәрселерінен болсын, мейлі өздері өндірген және тағы білмегендерінен болсын» («Ясин» сүресі, 36).

Барлық жаратылғандардың жұп болып жаратылғандығын олардың біразының қазірге дейін білінгенін және де әлі білінбеген бірталайының бар екендігін хабарлайды. Расында жанды әлеммен жансыз әлемде бір жағынан өте үлкен (макро) екінші жағынан өте кішкене (микро) жүйелерде «екілі құралдарының» немесе екілі функцияларының қызмет жүйесі бар екендігі қазіргі кезде ғана білініп отыр. Сондықтан Құранның білдірген ақиқаттары мен қазіргі білім арасында ешқандай қайшылық жоқ. Қысқаша айтқанда бір болу, яғни, жалғыздық тек қана Аллаһ тағаланың ерекше сипаты болғандықтан жансыздар, хайуанаттар, көкөністер, жын және адамзаттың барлығы жұп болып жаратылған. Мысалы, оң зарядты тоқтың теріс зарядты тоққа ағуымен жарық пайда болады. Оң зарядты бұлт теріс зарядты бұлтқа қосылады да жаңбыр жауады. Бұл сүннетуллаһ, яғни Аллаһтың ісі, Құдайы заң барлық

жаратылғандарды қамтиды. Көркем аят өсімдіктердің де жұп-жұбымен жаратылғандықтарын білдіреді:

«Аллаһ әр жеміс-жидектен және өздерінің ішінде екі-екіден жұп қылып жаратқан» («Рад» сүресі, 31) аяты осы мәселені анықтайды. Сондықтан барлық өсімдіктердің гүлдерінде аталығы мен аналығы бар. Аталығы мен аналығының тозаңдануымен жеміс-жидектер пайда болады. Осы ұрықтандыру желдің арқасында болады. Білім осы кезде ғана жете алған осы ақиқат хабарын Құран кәрім XIV ғасыр бұрын білдіріп қойған.

«Біз желдерді егуші қылып жараттық» («Хижр» сүресі, 22).

Таулардың кереметтілігі:

Қазіргі замандағы геология ілімі таулардың жер үстіндегі бөлімінің көлеміндей жер астында да тегі ба-рын тапқан.

«Жер-жүзін төсек сияқты жасамадық па? Тауларды да қазықтар сияқты қағулы жасамадық па?» («Нәба» сүресі, 6-7)

Осы аяттарда таулар қазықтарға ұқсатылған. Шатырдың қазықтарының біраз бөлігі жерге қағылатыны белгілі, осы сияқты:

«Тауларды да Аллаһ мықтап қақты», («Нәзият» сүресі, 32) аяттарымен жерге қағулы екендігін білдірген.

Геофизикада «ыстық нүктелер» делінген таулардың дүние жүзінде 110-ға жуық белгілі топтары бар. Осылар жердің сыртқы қабаттарының қатты қозғалып әрекет етуіне кедергі болады және жердің терең қабаттарынан шығып, жердің бетінде қатайып, шеге іспеттес сыртқы қабаттарды тұрақты қылады. Әлемдік деңгейді қамтамасыз еткен үлкен магма топтары да бо-

лып бөлінеді. Аяттардағы келтірілген мәліметтер мен қазіргі замандағы ғылыми дамулар арасында толық сәйкестік бар.

«Расында Құранды біз түсірдік, әрі шын мәнінде оны біз қорғаушымыз». Хз. Пайғамбардың ең үлкен мұғжизасы болған Құран кәрім шешендігімен келер шаққа қатысты берген хабарларының оқиғаға сәйкес түрде шындыққа шығуы, адамдардан әрқандай бір килігуден қорғалуы жағынан және дамыған ғылымның алдында барған сайын оларға шырақ болуы жағынан қияметке дейін күшін жоғалтпай жалғаса беретін теңдесі жоқ мұғжиза.

«Құраннан мұминдерге шипа және рақым түсіреміз» («Исра» сүресі, 82).

Қасиетті Құран – ұлы мейірім және ұлы даналық. Исламды қабылдап Аллаһтың адамдарға деген қарым-қатынасы қандай? – деген сұраққа қасиетті Құранның ең алғашқы жолынан-ақ, «Аса қамқор ерекше мейірімді» екенін білеміз. Осы сөздерден Ислам дін ретінде аңғарыла басталды. Құранның адамдарға білдіргеніндей әмірлері мен тиымдары, ашық көрсеткен хикметтері мен шындықтары өте көп. Бұлар негізінде сенімдерге құлшылықтарға бір-біріне қарым-қатынастарға, мінез-құлыққа Аллаһтың ұлы құдыретін көрсететін айналадағы болып жатқан оқиғалардан үлгі өнеге алатын және басқа да нәрселерге байланысты. Бұларды мына түрде ерекшелендіреміз:

1. Құран кәрім адамдарға Ұлы Аллаһтың бар болуын, бірлігін, ұлылығын, хикметтерін және қасиетін білдіреді. Сол үшін де Құран кәрімнің жанында философиялық көзқарастар сөніп қалған шам сияқты болады.

2. Құран кәрім білім және ғылымға ғибрат алу үшін ойлануға шақырады. Ешнәрсе ойламастан уақытын бос ұйқы ішінде өткізуден сақтайды, қорғайды. Адамдарға ұлы Аллаһтың хикмет және құдыретін көрсететін үлкен кітаптарға, шығармаларға қарауларын үгіттейді.

3. Құран кәрім бізден бұрын өмір сүрген адамдарға жіберілген пайғамбарлардың бір бөлігіне қатысты хабар береді. Үлкен міндеттерге ие болып, міндеттерін қалай атқарғандығын және бұл кезде қандай қиындықтарға кездескендерін баяндайды. Пайғамбарларға ең соңғы келетін пайғамбарға бағынулары әмір етілген.

4. Құран кәрім өтіп кеткен үмбеттерге байланысты өздеріне сабақ алатындай үлкен ғибрат және тарихи оқиғаларға дейін білдіреді. Адамдарды осындай ғибраттардан өнеге алуға шақырады. Пайғамбарларға қарсы шығып, жамандық істеген күнәһар қауымдарды қорқынышты жаза күтіп тұрғанын хабар береді.

5. Құран кәрім адамдарға әрдайым ояу рухқа ие болуларына және Аллаһтан бейхабар болмауларын әмір етеді. Нәпсілеріне беріліп, дін және жақсы істерден құр қалмауларына үгіттейді. Бұл жалған дүниенің материалды қажеттіліктеріне рухани байлықтардан және ақырет нығметтерінен мақрұм қалатын болса үлкен бәлеге душар болатынын білдіреді.

6. Құран кәрім мұсылмандарға діндеріне өте мұқият болуларына үнемі ақиқатты насихаттауды үгіттейді. Дұшпандарына қарсы күшті әртүрлі сақтану жолдарына дайын жүрулерін ескертеді. Соғыс уақыттарында дін және рухани байлықтарын, сонымен қатар малдарын да қорғауларын әмір етеді.

7. Құран кәрім мәдени және әлеуметтік бір тәртіпте бақыт ішінде жүрулері үшін қажетті негіздер

мен құралдарды үйретеді. Адамдарға құқық және міндеттеріне мұқият болуларын ескертеді.

8. Құран кәрім адамдарға бейбітшілікке ие болуы үшін адалдыққа, туралыққа, кішіпейілділікке, жақсылыққа, кешірімділікке, адамдардың барлығына тең қарауларын әмір етеді. Адамдарды зияндықтан, қиянаттан, көкіректіктен, жүрегін қарайтқан кек сияқты сезімдерден, жиіркенішті сөздерден, зияны бар ішімдіктерден, харамнан қорғайды.

9. Құран кәрім ұлы Аллаһтың, бұл әлем үшін жаратқан табиғи заңдылықтарын ешкімнің ауыстыра алмайтындықтарын түсіндіреді. Әркімнің бұл заңдарға қарай қарым-қатынастарын өзгертулеріне керегінше меңзейді. Адамдарға қалай еңбек етсе солай жемісін көретінін ескертеді. Адамдарды адал еңбек етуге шақырады.

10. Құран кәрім ұлы Аллаһтың «істеніз, істеменіз» деген әмірлерін және тиым салғандарына ұйығандар үшін дүние және ақыретте көптеген нығметтер және жеңіске жететіндіктерін баяндап, қуантады. Имансыздарға алда үлкен жаза барын дозақтың азабын ескертеді. Құран кәрім осы айтылған белгілері арқылы адамды үлкен бір мақсатқа жетелейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Мұнда сендерге дейінгі сендердің араларыңда не болу керегі және сендерден кейін не болатыны толығымен бар, бұл күмәнсіз шешуші сөз».*

Құран – Аллаһтың үзілмес арқаны, тура жол. Кім оны көкірегінен тастаса Аллаһ оны құртады. Ал кім шындықты басқа жерден іздесе, Аллаһ оны адастырады. Құран тілді жаңылдырып, миды тұмандатпайды. Жауаптың көптігінен таусылмайды, құпиялары еш

бітпейді... Бізді қоршаған әлем құпияларға толы. Аллаһ тағала жаратқан белгілеріне, түсіне қарап, ол жайында ойлануды және заңына бағынуды қатаң әмір етеді. Бұл жайында қасиетті Құран былай дейді:

«Рас тозақ ішінде көптеген жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар алайда олар онымен түсінбейді, көздері бар онымен көрмейді, құлақтары бар онымен естімейді олар хайуан тәрізді, тіпті одан да азуда. Міне олар мүлдем қаперсіздер» («Ағраф» сүресі, 179).

Құрандағы осы айтылғанның барлығы бір кереметті білдіреді. Осы сияқты хикметтер мен ақиқаттарды қамтиды. Енді солардың біразына тоқталып өтейік:

Құран кәрім және темір құпиясы:

«Расында елшілерімізді ашық мұғжизалармен жібердік және елшілермен бірге адам баласының әділ тұруы үшін кітапты және таразыны жібердік. Сондай-ақ темірді пайда қылдық. Онда мықты күш әрі адамзат үшін қажеттер бар. Аллаһ онымен дініне елшілеріне көрмей-ақ көмек еткен кісіні мәлім етеді. Сөзсіз Аллаһ өте күшті тым үстем». («Хадит» сүресі, 25).

Біз Аллаһ тағала берген нығметтердің арасынан темірді де көреміз. Темір арқылы Аллаһ тағала адамның ықыласының құпия ойларының қандай екенін біледі. Әрине Аллаһ оны темірсіз-ақ біле алады. Бірақ оны өзі үшін емес, иманымызды күшейту мақсатында адамдар үшін жіберіп отыр.

«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріңдегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әрнәрсеге куә екендігі жеткілікті емес пе?» («Фуссилат» сүресі, 53).

Темір адамның құпия қалауы ойы сенімімен байланысты. Олай болса адамның ішкі құрылысында яғни қанында. Жоғарғы аятта қасиетті Құран **«Өздеріндегі қасиеттерді жедел көрсетеміз»** дейді. Кез келген дәрігер әрбір адамның қанында массасы бірнеше грамға жететін темір болатынын айтады, дәлелдейді. Осы темірдің арқасында біздің қанымыз қызыл түсті. Бұл түсте гемоглобин молекулалары қан құрамына кіретін эритроциттер.

Ғалымдардың санауы бойынша, адамның қаны жуық шамамен жиырма бес трилион эритроциттерден тұрады екен. Осының барлығына бес алты грам темір бөлінген.

Эритроциттер – кішкене дисктер, тоқтаусыз қан айналым жүйесін реттейді екен. Олар орта шамамен төрт ай уақыт өмір сүреді, одан кейін организмнен шығарылады. Ал коснимозг әр күні әркезде оның қанда болу жүйесін реттейді. Бір ескертетін жағдай эритроциттер әрбір адамда «узорына» байланысты әртүрлі. Темірдің құпиясының шешімі әрбір адамның қанын бір-біріне ұқсатпайтын осы узорларда жатыр. Эритроциттердің бетіндегі бұл узорлар бір жазу түрі. Ия, біз білмейтін әріптермен басылған. Бұл не басылым? Және адам клеткасында қалай жазылады? Бұған Петр Геряев институтының президенті жауап берді: жазу электромагниттік толқын арқылы жазылады. Электромагниттік толқын қайда басылады? Электромагниттік толқын басылатын құрал темір болып табылады.

«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз». Аллаһтағала темір арқылы адам жанынның

құпияларын біледі. Және де электромагниттік леньтаға эритроциттер дискіне яғни оның құрамындағы темірге жазылады.

Қажылықтың мұсылманды тазартатынын, оны тақуа, ойымен іс-әрекеттерінде адал, иманын күшейтетінін бәріміз білеміз. Мұсылмандар қара тастың жәннаттан Адам (ғ.с.) әкелгенін, төбесінен құс ұшырмайтын Аллаһтың нығметі дейді.

Қара тас метеорит немесе магнит. Екі жағдайда да онда магниттік қасиеттер бар. Ал біз магнит пен темір бір-біріне қалай әсер ететінін білеміз. Бұдан шығатын қорытынды. Қара тастың кереметтілігі сол Аллаһтың әмірімен қажылыққа барған әрбір мұсылманның эритроциттер дискіне яғни оның құрамындағы темірге жазылған адамның құпия әрекеттерінің ішінен кері қасиеттерін өшіріп, рухани тазартады. Сөзсіз Аллаһ өте күшті тым үстем.

Мұхит ғылымындағы Құран мұғжизалары:

Әлемге аты әйгілі «Мұхиттар» ғылым академиясының ғалымы океанолог Жак Ив Кусто ислам дініне өтті. Себебі ол теңіздің химиялық құрамын зерттеу барысында кездейсоқ Атланта мұхиты мен Жерорта теңізінің қосылған шекарасында көзге көрінбейтін бөгет барын, яғни олардың химиялық құрамы жеке-жеке екенін анықтады. Бірі-бірімен қосылып тұрғанымен араласпайды. Су температурасы тығыздығы ондағы тіршілікте екі түрлі. Парижге келгеннен кейін бұл жайында досы Доктор Морис Букайлға айтты.. Сол кезде оның есіне оған түсініксіз болып көрінген аят түсті. Кейін досына бұл туралы мың төрт жүз жыл бұрын Құран кәрімде әлде қашан айтылып қойылғанын айтады. **«Ол сондай Аллаһ екі теңізді қоя берді. Мынау**

тәтті сүйкімді және анау тұзды ащы. Екі арасында (қосылып араласпайтын) бөгет жасайды» («Бұрқан» сүресі, 53).

Өсімдіктер эмбриологиясы:

Қасиетті Құранда қазіргі іліммен сәйкес өсімдіктер эмбриологиясы жайында дәлелдер кездеседі.

Құрт-құмырсқалар, жел және хайуандар өсімдіктер тозаңын тасушылар болып табылады. Тозаңдану өсімдіктердің жыныстарына байланысты болады.

«Әртүрлі жемістерден екіден жұп жаратты. Түнді күндізге жабады. Шынында бұнда ойланатын қауым үшін дәлелдер бар» («Рағыд» сүресі, 3).

«Ол су арқылы түрлі өсімдіктерді жұп-жұбымен шығарды» («Рағыд» сүресі, 53).

Барлық мағлұматтар Құран сөзінің шын екенін дәлелдеуде. Құран – бұл өмірде дәлелдемесін тапқан. Оның аяттары барлық ілімдерге бағдар беруші, болашақты болжаушы. Құран – бұл адамды жоқтан бар еткен Аллаһтың сөзі. Бұған мына аяттар дәлел болады.

«Ал сонда олар Құранды түсінбей ме? Егер Аллаһтан басқаның қасында болғанында әрине олар көптеген қайшылықтар табар еді» («Ниса» сүресі, 82).

«Осы Құран Біз түсірген мүбәрак кітап. Енді соған еріндер сақтанасындар. Мәрхаматқа бөленесіңдер» («Әнғам» сүресі, 55).

XIX ғ. басында Дарвин «Тірі ағзаның бәрі жануар, жәндік адам т. б. барлығы бір клеткадан жаралды», – деді. Бірақ неден екеніне тоқталмайды. Ол бір клеткалықты да организм дейді. Ал клетканың қайдан пайда болғанына тоқталмайды. Яғни жануарлардың

бәрі бір-бірінен пайда болса ұқсас ортақ белгісі болады. Бірақ өте ертедегі қалдықтарымен салыстырсақ олай емес, мысалы киікті қазіргі жануарлармен салыстырсақ бір ортақ белгісі жоқ. Әр жануардың өзіне тән ерекшелігі бар екендігі дәлелденді. Дарвин ілімі бойынша бір клеткадан – маса, масадан балық, балықтан құс т.б. пайда болған. Мысалы, балық құрбақадан жаралды дейді.

Бірақ, бес жылдан соң Дарвиннің теориясын жоққа шығаратын бір биолог келеді. Ол: «Жануарлар бір-бірінен тараған жоқ, олар жоқтан шықты». Мысалы ол топыраққа бидай қойып тышқан шығарамын деді. Бірақ ол ісі нәтижесіз қалды. Немесе құрбақа балшықтан жаратылды деді. Ол да болмады. Одан кейін Жан Баттиш: «Бір жануар басқа бір жануардан шықты. Яғни, будандастыру арқылы ортаға келді. Мысалы сиыр мен жирафты будандастырса басқа бір жануар шығады», – деді. Бірақ бұл ісі де жүзеге аспады. Нәтижесінде кемтар немесе артық аяғы бар, өмір сүруге жарамайтын жануар пайда болды. Ол «Аюдың қолын кесіп тастаса, одан тараған бала қолсыз туады», деді. Әрине мұны да дәлелдей алмады.

Биолог Кегер Дарвиннің және басқа биологтардың теориясын жоққа шығарды. Барлық ағза «ГЕН» арқылы тарады. Бірақ ген өзінің қайдан пайда болғанын дәлелдей алмады. XX ғасырда эволюция жаңалығы күйреді. Ертедегі жануарлардың сүйектерін зерттегенде ертедегі аюдың сүйегі күніміздегіден еш айырмашылығы болмады. 400 миллион жыл бұрынғы құмырсқаның қазіргі құмырсқадан еш айырмашылығы жоқ. Жылдар өтсе де, өзгеріске ұшырамаған. Теорияның бұрыстығы табылған қалдықтар арқылы дәлелденді.

Кембри Дарик бір балық ұстап алады. Ол балықтың жарты өкпесі және аяқтары бар. Бұның басқа балықтан өзгешелігі көп еді. Бұл балық будандастыру арқылы дүниеге келген делінді. Алайда 1938 жылы Үнді мұхитында жоғарыдағы балықтың айнымаған түрі табылды. Араларында еш өзгешелік жоқ еді. Зерттей келе мұндай балықтың сирек кездесуі судың түбінде өмір сүрулерімен айқындалды. Бұл табылған балықтардан басқа осыған ұқсас балықтардың көп екенін білген Степхан өз қателігін мойындады.

Биологтар адам мен маймылдың бас қаңқасын салыстыра зерттей келе ұқсас жақтарын тауып, адам маймылдан жаратылды деді. Оңтүстіктен табылған маймылдың адам қаңқасымен бірдей екендігін алға тартты. Адам қаңқасы деп саналған бас сүйек кейінірек адамдікі емес шимпандзенің бас қаңқасы болып табылды. Фит Даун бір маймылдың бас сүйегін алып, адамның бас сүйегімен салыстыра отырып ұқсастығын дәлелдеді. Бұл екі айнымаған қаңқаны музейде сақтады. Кейінірек адамның бас сүйегі саналған қаңқа маймыл қаңқасына дәл ұқсатылып жасалған алдамшы қаңқа болып шықты. Қорыта келгенде айтарымыз бәрі бір уақытта бір жаратушының қалауымен жаратылған. Әрине ол аса мейірімді Аллаһ қасиетті Құран кәрімнің «Рахман» сүресінің он төртінші аятында былай делінген: **«Ол адамзатты құмырадай сыңғырлаған құрғақ топырақтан жаратты»** деп, адам баласын топырақтан жаратқаны жайында ашық баян етіледі.

Зина, яғни ойнастыққа тиым салынуымен жыныстық аурулардың алдын алуы, ұрпақтың табиғи және рухани тазалығын қорғауды қамтамасыз еткен.

Дене және ауыз қуысының тазалығы және де адам ағзасына зиян келтіретін өлік, қан, шошқа етінің жеуге болмайтындығы хабардар етіледі.

Дәрет, намаз және оразаның рухани пайдаларымен бірге денеге тигізетін пайдаларын да қабылдамау мүмкін емес.

Негізінде Құран кәрімде қаншама құпия мазмұнда жарық көрсететін жүздеген аяттар бар. Осы аяттардың мағыналары білім мен ғылым саласы дамыған сайын маңызы ашылуда. Сол себепті қазір, Құранның ең үлкен тәпсіршілерінің анықтама уақытының мезгілі жеткен секілді. Осындай шексіз көркемділік және шешенділікпен құрастырылған әдеби тәсіл арқылы, ішінде ешбір қайшылық пен күмән болмаған қияметке дейін пайда болатын бірталай ақиқаттардың басын ашатын, бүкіл адамзат пен жындар әлемін жекпе-жекке шақырса да, тіпті ең қысқа сүресінің де ешбір теңдесін келтіре алмайтын бір кітаптың оқу білмейтін қауымның ішінде өскен адамның сөзі болуы, ақыл, түйсік, сезім қабыл ететін жағдайда емес.

Құран және сүннет әр дәуірде білім мен ғылым салаларына жол көрсетуші болды. Құран және сүннеттің нақты түрде шешімін беріп қойған кейбір мәселелерде білімі олардың дәрежесіне жете алмағандықтан ықтимал деген үкім беруде. Заман ілгерілеген сайын ғылымның ықтимал деген үкімдері ақиқатқа айналып Құранның ұлылығын дәлелдеуде. Өткен беттерде көркем аяттардан мысал келтірдік. Енді киелі хадистен бір-екі мысал берейік Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Біреулеріңнің тамағына шыбын түсіп кетсе, алдымен оны батырып шығарсын, өйткені шыбынның бір қанатында ауру, ал*

екіншісінде осы аурудың емі бар», дейді. (Бухари, Ахмед ибн Ханбал хадистері)

Шыбынның микроб таситын жәндік екенін және денесінде осы микробтарды жоятын анти микробтық заттардың пайда болатыны ғылымға белгілі. Сондықтан шыбын тамағыңызға түссе істейтін ісіміз микробты жоятын анти микробтық заттар ортаға шығу үшін, шыбынды тамаққа бір батырып алу керек.

Аллаһтың пайғамбары қажет кезінде ыдыстағы тағамның немесе судың төгілмей пайдалануын ұсынған. Бертін кезге дейін шыбынның толығымен микроб таситын жәндік екені белгілі еді. Өз бойында у қайтарғыш заттардың болғаны білінбеген. Бірақ бұл ақиқат қазіргі заманда ғана пайғамбардың мұғжизасының көрінісі болып, ғылымның табысы болды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) басқа бір хадисінде былай деген: *«Егер де ит бір ыдысты жалап қойса, адамдар қолданудан бұрын жұқа, таза топырақпен бірге сумен жеті рет жуып шайсын»*. Осы киелі хадисте иттің ауыз қуысының ластығы және осы ластықтан тазалануда жұқа таза топырақтың маңыздылығы түсіндіріледі. Білім жаңадан тапқан осы ақиқаттарды сүннет мың төрт жүз жыл бұрын хабарлаған.

Ғылыми жетістіктердің жинағы болған энциклопедиялар жыл сайын қосымша нұсқаулар шығарумен өзгерген ғылыми шындықтарды жаңадан басып өз кемшіліктерін түзетуде. Ал Құран мың төрт жүз жылдан бері бір әрпін де түзетуді қажетсінбейді. Қияметке дейін жалғасады. Өйткені Аллаһ тағала кітабында:

«Расында өздеріне Құран келген кезде қарсы болғандар бар. Шын мәнінде ол ардақты кітап. Оның алдынан да артынан да бос сөз араласпайды.

Ол сөзсіз дана, мақтауға өте лайықты болған Аллаһ тарапынан түсірілген». («Фуссилат» сүресі, 41-42).

Америкалық профессор Доктор Жолли Сентонның Құранды мойындауы да қатты назар аудартатын жайт. Сентон христиандықтың бұзылған кітабындағы сандырақтардың себебінен дінге деген сенімсіздігі пайда болды. Ол тек қана Батыс әлеміндегі діннің масқаралығын білетіндіктен басында Құранға да сол көзқараспен қарады. Бірақ қарсы келе алмайтындай нақты және айқын ақиқаттармен кездескенде ғажайып түрде таң қалып былай айтқан: «Бұл дін Ислам білімге жол көрсетуші болып өте зор нәтижелерге жете алады. Ғылыми төңкерісті жүзеге асыра алады!»

Расында Құранның сарқылмайтын мұғжиза бұлағы болғанын және мағыналарының шексіздігін баяндау үшін көркем аяттар да былай айтылады: **«Айт! Раббымның сөздері үшін мұхит сия болып және тағыда соншама қосылса, Раббымның сөздері бітпей, алдымен мұхит бітіп қалады». («Кәһф» сүресі, 109).**

«Егер жер бетіндегі ағаштың бәрі қалам, ал теңіз сия болса оған тағы жеті теңіздей сия қосылса сонда да Аллаһтың сөздерін жазумен таусылмайды. Аллаһ шынында да үстем әрі данышпан». («Лұқман» сүресі, 27).

Зия Паша да «Ұлы түсінік осы кішкентай ақыл жете алмайтын, өйткені бұл таразы осындай ауырлықты тартпайды» деп әлемдегі және Құрандағы Құдайы өнер алдында сезген қайрандығын тілге тиек етеді. Және де өз әлсіздігін көріп Хақ тағаланы бүкіл кемшіліктерден пәк санап зікірін айтады.

«Күшті өнердің алдында ақылдар қайран қалған Аллаһты бүкіл кемшіліктерден пәк деп санаймын. Шексіз құдіретімен түйсіктерді әлсіз қалдырған Аллаһты бүкіл кемшіліктен пәк деп санаймын».

Аллаһ тағала: **«Құранның шын екендігі әбден белгілі болып, айқындалғанға дейін көкжиектегі және өз нәпсілеріндегі белгілерімізді көрсетеміз. Расында Раббының әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»** («Фуссилат» сүресі, 53).

Аяттағы «көкжиек» сөзінен адамды қоршаған сыртқы әлемді, «өз нәпсілері» сөзінен адамның табиғи, рухани құрамын түсінуге болады. Осы түсінікпен аяттың мағынасы былай анықталады: «Біз адамға өзін қоршап жатқан сыртқы әлемдегі әрі өзінің табиғи және рухани құрамындағы Біздің бар екендігімізді және күшіміздің кәмілдігін білдіретін дәлелдерді кезі келген сайын көрсетеміз».

Уақыттың ғылыми өлшемі:

Жер бетіндегі халықтардың бір-біріне ұқсамайтын күнтізбе жүйелері бар. Уақыт өлшеу мен есептеу әдістері ежелден белгілі және біртіндеп дамыған. Хижри жыл санауында 354, 36667 тәулік, яғни 354 күн 8 сағат 48 минут 35 секунд, ал григориан жыл санауында 365, 24219 күн бар григориан мен хижри жыл санауындағы айырмашылық 11 тәулік, дәл есебі 10, 8755 күн, осы айырма күннен бір жыл құралуы үшін 33, 5839 жыл өтуі керек, ал 9 жыл болуы үшін 300 жыл өтуі керек. Хижри мен милади күн тізбесіндегі айырма күндердің тура 9 жыл құрайтындығы туралы «Кәһф» сүресінде былай айтылған: **«Сонда олардың құлақтарына үңгірде неше жыл бойы перде қойдық (терең ұйқы бердік). Сосын екі жақтың қайсысы олардың жатқан**

мезгілін есептегенін анықтау үшін оларды ояттық». («Кәһф» сүресі, 11-12), «Олар үнгірде үш жүз жыл жатты, тоғыз жыл отырды». («Кәһф» сүресі, 25). Міне, бұл аяттар уақыт есебін жүргізу туралы болып отыр.

Бір қала шығанағында молалы көлі бар. Оның табиғаты шын мәнінде сирек кездесетіні соншалық тіпті суы бес қабат болып жатады. Көл онша терең емес, он жеті метр шамасында. Көлдің беткі суы кәдімгі өзге көлдердегідей. Ал одан төмен түсіп көлдің түбіне қарай барсаң болды, ғажап сонда кездеседі. Алты метр тереңдікте беткі тұщы судың орнына, көл суы ащылана бастайды, одан кейінгі қабат суы мүлде ащы теңіз суындай, одан әрі қарай көлдің дәл түбінде күкіртті сутегі әбден еріген су қабаты бар. Мұның өзі көлдің Молалы деген атын растап тұрады. Бұл су астында шөгіп жатқан өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарынан пайда болған мола тәріздес¹⁰⁴.

Ал Балқаш көлінің суы ащы және тұщы болып, ұзынаралық тұсынан бөлінеді. Ұлытау өңірінде Дулығалы өзенінің жағасында Қойлыбай бақсының моласы тұр. Моланың тұсында өзеннің бір жағындағы су теңіз суы сияқты өте ащы, ауызға алуға мүлдем келмейді. Екінші жағындағы су тұщы. Ал Қызыл теңізде екі бағытта ағысы бар екендігі ғылыми түрде дәлелденген. Бір қызығы екі ағыстағы су бір-бірімен араласпайды.

«Ағызған екі теңіз қосылады. Екеуінің арасында көзге көрінбейтін бөгет бар. Бір біріне араласпайды. Ендеше раббыларыңның қай нығметін өтірік

¹⁰⁴ Мезенцеф В. Әлемде талай қызық бар, Ғажайып құбылыстар энциклопедиясы, Алматы

дейсіндер. Екі теңізден де, інжу маржан шығады». («Рахман» сүресі, 19-22)

«Немесе жерді тұратын орын қылып, араларынан өзендер ағызып, оған асқар таулар жасаған кім? Аллаһпен бірге басқа тәңір бар ма? Жоқ олардың көбі білмейді». («Нәміл» сүресі, 61)

«Ол сондай Аллаһ екі теңізді ағызды, мынауы тәтті сүйкімді және анауы тұзды ащы. Екеуінің арасына қосылып араласпайтын бөгет жасадық». («Фурқан» сүресі, 53)

Жазудың пайда болуы:

Ғалымдардың айтуы бойынша, жалпы жазудың пайда болғанына 3000-4000 жыл болған. Шындығында жазу одан да ерте шыққан сияқты. Өйткені адам баласына өмір сүру ережелері Адам ата мен Хауа анадан бастап берілген.

Араб жазуы оның ішінде Құран жазуын оқудың өзіндік ережесі (тәжуид) бар зор ғылым. Себебі жазылғанындай оқылмайтын, өзгеретін, қосылатын әріптер бар. Араб әріптерінің бір-біріне ықпалы бар. Дыбысталуына тигізетін әсері, оның қандай белгіде болуына байланысты. Әріптердің алфавиттік реті екі түрлі: тілдік әліппе, кәдімгі қолданыстағы әліппе және есептегі хисаптық әліппе. Хисаптық әліппе сегіз сөзде топтастырылған.

Әрбір әріп белгілі бір санды білдіреді. Мұны әбжаттық әліппе дейді. Бұл үлкен әбжат және кіші әбжат деп бөлінеді. Кіші әбжатта 28 әріп, бірден онға дейінгі сандар қамтылған. Үлкен әбжатта бірліктер, ондықтар, жүздіктер және мыңдықтар қамтылған.

Әбжат саны:

Өздігінен жарық шығаратын радиоактивті соңғы тұрақты элемент – уранның реттік саны 92 болып, оның Мұхаммедтің (с.а.с.) санына дәл келуі, сонымен бірге әбжаттық мәнінің 256 санының Аятул курсидің реттік нөмірімен дәл келуі ұлы мұғжиза.

Менделеев кестесіндегі соңғы және ең қуатты элемент уран болса, пайғамбардың мөрі, яғни соңғысы әрі қуаттысына Мұхаммед (с.а.с.) ғажап, өздігінен нұр, жарық шығаратын элемент уран мен нұр сөзінің сан мәндері бірдей яғни 256, бұлда тегін емес. Сол сияқты Құран санының 382 Исрафил періштемен сандарының бір болуы хикметтің ишараты шығар.

«Адамның ғылымы білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін хикметін білмекке ынтық бірлан табылады». (Абайдың 39 қара сөзі)

Ғылымның өзі Аллаһтың шынайы сегіз сипатының бірі болып табылады. Ұлы ғалымның бірі: «Ақиқат бар, ғылымның қасиетін білу, мұның шексіз де шетсіз екенін түсінудің өзі ғана зор білім, ұлы мәртебе», деген.

Ғылым үйрену туралы Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деп баяндайды: «Бір күн бойы білім үйрену, үш ай ораза тұтудан абзалырақ».

1. Жәбірейіл періште арқылы адамзат үшін пайғамбарлар арқылы хабар жіберіліп отырды. Аллах тарапынан жүз төрт кітапты жеткізуші.

2. Микайыл періште, табиғат құбылыстарын басқарып, қадағалаушы міндетін атқарады.

3. Өзірейіл ажал жеткендердің жанын алушы.

4. Исрафил періште қиямет күні сұр үрлеуші адамдардың қайта тірілуін бақылаушы.

Енді осы төрт періштенің аты мен оның сандық мәнінің арасындағы байланысты қарастырайық.

Жәбірейіл, Микайыл және Өзірейіл періштелердің аттары алты әріптен құралған, ал Исрафилдің аты жеті әріптен құралады. Сан мәндері ретімен қойсақ 246, 111, 318, 382 жиыны 1057. Үш періште аттарының әріптік жиын саны $6 + 6 + 6 = 18$. Бұл он сегіз мың ғаламның ишараты. Алты мыңы мәден (минерал, метал), алты мыңы өсімдік (флора), алты мыңы тіршілік (фауна), дүниесіне ие дегенді білдіреді. Шындығында Исрафил қиямет күнінің періштесі, ал жоғарыдағы үшеуі осы дүниедегі барлық істің бақылаушылары. Үш періште санын адам санына яғни 45-ке бөлгенде 15 шығады. Ал 15 «Хижр» сүресі. «Хижр» сүресінің бір мағынасы Меккедегі мешіттің Қағбадан солтүстік батысына қарай тұрған бір орын мағынасын береді. Бұл сүреде періште, адам, ібіліс сөздері бес реттен қайталанып, барлығы 15 болады. Құранда ай сөзі 11 рет, күн сөзі 354 рет, ал күндер сөзі 27 рет қайталанады. Бұл сандар ретімен бір жылдағы алар саны он екі айдағы күндердің саны және әр айдағы күннің санын білдіреді. Бұл ұлы мұғжиза. Мұны кездейсоқтық жәй сәйкестік деуге болмайды. Ендеше ғылыми деректерді берудің бір тәсілі Құранда осылай кездеседі.

Аллаһты Құранда айтылған дәрежеде танып, жүрегімен қабылдаған адам, оның алдындағы қорқыныш сезімінен айрыла алмайды. Себебі иман келтірген адам Аллаһтың қалауына қарсы келген әрбір іс үшін жаза бар екендігін біледі.

«Расында адамзатты жараттық. Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені Біз оған күре тамырынан да жақынбыз» («Кәһф» сүресі, 12).

Адам ағзасында «каротитті түйіндері» деген екі кішкентай түйіндер анықталады. Мұның бейнесі тарының түйініндей ғана. Бірақ ол адам қанын реттеп отыратын негізгі құрам. Адамның миына бара жатқан қанның құрамында орналасқан. Отызыншы жылдары Белгиялық ғалым К. Гейманс оның қандағы оттегінің өзгеруіне өте сезімтал екендігін анықтаған. Фармакологиялық лабораторияда мұны зерттеген Сергей Викторович назарын каротитті түйіндерінің өмір сүру ерекшелігіне аударады. Ол өзінің тәжірибесінде каротитті түйіндерге әртүрлі токсикалогиялық заттармен оттегінің аздығымен әсер етіп көрді. Әдетте мұндай жағдайда оттегінің жетіспеушілігінен барлық жасушалар көп зардап шегеді. Ал каротитті түйіндері оттегін жоғалтқан сайын жанданады. Оларды күкірттік су тегімен тотықсыздандырғанда одан да жүйелі өмір сүре бастады. Цинкпен әсер еткенде қанды реттеу белсенділігі артты. Күре тамырда елеусіз орналасқан бұл кішкентай түйіндер адам ағзасына басқа бір әлемнен енгізілгендей. Басқа мүше жасушаларының қарсылығы сияқты әсер етеді. Әріқарай Кутузованың мақаласынан каротитни түйінінің адам қанының кезгелген кішкентай химиялық өзгерісін анализдеп жазады.

«Әй, мүминдер, ризықтандырғанымыздың жақсысынан жендер. Әрі Оған ғана шүкіршілік етіңдер. Егер Оған құлшылық ететін болсаңдар, шынайы түрде сендерге өлексені, қанды, доңыз етін және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды» («Бақара» сүресі, 172-173).

Қанмен істелген көптеген тәжірибелерге қарағанда тірі ағзадағы қан шын мәнінде адамның жаны екендігін дәлелдейді. Қасиетті Құранда өзінде терең ой

әкелмейтін бір де бір сөз жоқ. Себебі бұл Аллаһтың сөзі. Сондықтан да «Біз оған күре тамырынан да жақынбыз деген сөз» адам ағзасында болған каратитті түйін екені, оған нәпсісінің не сыбырлайтындығының нақты көрсеткіші. Құранда айтылған күре тамыр ғалымдардың анықтағанындай адамның қанын анализдейтін екі каратитті түйіннің әсері. Мүмкін каратитті түйін Аллаһтың өзіміздің ағзамыздағы белгісі болар.

Құран оқудың денсаулыққа пайдасы:

Таңертең аш қарынға бәсең дауыспен Құран оқу дене және рухтың саулығы жағынан өте пайдалы. Оқу кезінде бастағы жүйкенің тітіркенуі болады. Бұл миға жақсы бір массаж есебінде. Мидағы тамырлардың айналасына одан да жақсы әсер етеді. Бәсең дауыспен және ыңғайлы бір ырғақпен Құран оқу жұтқыншақтағы дыбыстық пернелерді тәрбиелейді, күшейтеді, жұтқыншақ гимнастикасы есебінде болады. Күн сайын осылайша Құран оқуға үйренгендердің дауыстары қарттық кезеңде де бұзылмайды.

Рухқа берген рахаттық әсері миға жақын болған гипофиз безінің одан да жақсы жұмыс істеуіне себепші болады. Өзге бездерде осылайша керемет бір халге енеді. Сөйтіп денсаулыққа зор пайдасын тигізеді. Адамның пессимистігін кетіріп, денеге қуаттылық пен рахат береді.

Адамды жаратқан мен Құранды жіберген бір құдірет болғандықтан дененің түрлі сырларымен қатар түрлі жұмбақ сырларға толы болғаны енді белгілі бола бастады. Аллаһ Құран әріптерін дыбыстық кейіпке

түсіріп, жүрек пен миымызды материалдық және рухани жағынан таусылмас қазына түрінде әзірлеген.

Құран – адамзаттың тәрбиешісі. Құранның негізгі мақсаты адам баласының жан-тәнін кірден арылтып, рухына бақыттылық қанатын тағып жаннатқа лайық ету. Асылында Құраннан тәлім-тәрбие алған адам рухының бұл дүниесі де жәннат. Өйткені адамның психологиясы мен болмысын тәрбиелеуде ең жақсы әдісті адамды жоқтан бар еткен ғана біледі. Құран жаратушының адамзаттың бақыты үшін елші арқылы жіберілген кітабы¹⁰⁵.

Дүние жүзіне кең тараған діннің бірі – Ислам. Ислам дінінің қасиетті кітабы араб тілінде басқа діни кітаптарға мүлдем ұқсамайтын жүйеде жазылған. Аллаһ тағала Ислам дінінің қайнар бұлағы болған Құран арқылы бұл дүниеде бақытты болу үшін өмір қағидаларын үйретіп, о дүниелік жәннатқа қол жеткізудің жолдарын көрсетеді. Пайғамбарымызға ең бірінші түскен сүре «Оқы» деген мағынаны тасуда. Егер Құранның жолымен жүретін болсақ барлық мұсылмандар бірігіп ешқандай шайтанның азғыруына көнбестен иманды таза, өркениетті, дамыған мемлекет болар едік. Құранды Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар Таурат, Забур, Інжілді пайдалана отырып, ойдан шығарып жазған деген жалған пікірлерді қазіргі соңғы ғылыми жаңалықтар жоққа шығаруда. Дүние жүзінің атақты ғалымдары Құран Аллаһ тағаланың сөзі екендігіне көздері жетуде. Француздың атақты хирургі ғалым доктор Морис Букей: «Құранды түсіну үшін, адамға

¹⁰⁵ Рахмет самалы кітабы, Құранның математикалық құпиялары 2000ж. Иман діни-танымдық журналы 2003 ж. №3. Ғибадат ғажайыптары авт. Сафвет Сених 2001ж.

энциклопедиялық білім керек. Ислам дінді де, ғылымды да бір бірінен ешқашан ажырата қарастырмағанына мен таң қаламын. Ғалымдар кейбір нақты ғылыми жетістіктерді тереңірек түсіндіру үшін Құранның аяттарына жүгінеді». Егер де біз Құранды көбірек оқитын болсақ жүректеріміз орнығып бір жақсы сезімге бөленеміз, әр оқыған әріпке сауап аламыз. Құран оқу бір ғибадат және Құранды оқыған кезде мына дүниенің ғалами сырлары баяндала түседі. Аллаһ тағала жаратқан мақлұқаттарына сүйіспеншілігі есебінде Құран түсіріп, ненің харам және ненің халал екендігін қалай өмір сүру керектігін біз үшін жаратылған жер қойнауындағы және жер үстіндегі ғаламатты байлықтарды ісімізге және пайдамызға қалай асыру керектігін білімді талап ете отырып, ғылымның сарасына қалай жету керектігінің жолдарына меңзейді.

Әлемнің жаратылуы:

Қазіргі таңда ғалымдар, профессорлар зерттеулерінің нәтижесінде қасиетті Құранға келіп тіреледі. Барлық сұраққа Құраннан жауап табады. Бұған көптеген дәлел келтіруге болады. Әр саланың ғалымдары зерттеулер жүргізе келе Құран кәрімдегі айтылған әлемнің, дүниенің жаратылуына, адамдарды тура жолға бағыттаудың мәселелеріне тоқталады. Дегенмен олардың ашқан жаңалықтары қасиетті Құранда айтылғанына таңданбасыңызға шара жоқ. Өйткені Онда Аллаһ тағаланың сипатын ашатын ақиқаттар көп. Тарихтан белгілі болғанындай Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар Меккеде өсіп ер жетті. Ол кезде шахарда ғылым, оқу-ағарту орындары, медреселер сонымен қоса жаратылыстың ғылымдары (астрономия, химия, физика) мүлдем болған жоқ. Мұхаммед (с.а.с.)

да сауатсыз болған. Бірақ оған Аллаһ тарапынан жеткен қасиетті Құранда да пайғамбар ғұмырына дейінгі уақыты беймәлім. Ғылыми постулаттар (ғылымда дәлелсіз қабылданатын ақиқаттар, тұжырымдар) кездеседі. Қазіргі ғылымның жетістіктері Құрандағы ғылыми тұжырымдардың бәріне түсінік бере бастады. Себебі ғылымның дамуы шексіз. Ол дамыған сайын Құрандағы ақиқатқа жуық түрде түсінік беруге болады. Мысалы «Әнбия» сүресінің отызыншы аятында былай деп айтылған: **«Әуелде көк пен жер біртұтас еді ғой. Біз екеуінің арасын ажыраттық. Жанды мақлұқаттардың барлығын судан жараттық».**

АҚШ-тың атақты геологы профессор Альфред Корнерге бұл аяттың ағылшынша аудармасын оқып бергенде өте қатты таң қалыпты. Ол АҚШ та өткен бір ғылыми симпозиумда: «Бұл ғылыми жаңалық электрондық есептеу машиналары мен техниканың соңғы жетістіктері арқылы ғана жақында ашылып ғалымдарға белгілі болды. Бұдан XIV ғасыр бұрын өмір сүрген ядролық физика туралы ештеңе білмейтін адамның, яғни, Пайғамбардың (с.а.с.) жер мен аспан денелерінің бір уақытта жаратылғанын ақылмен танып білуге қабілетті. Оның мұны білуі мүмкін емес еді» деп тұжырым жасай келе Құранды Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарымыз жазбағанын былай деп мойындады: «Бұл ақиқат Аллаһтың жоғарыдан түсірген нұры».

«Фуссилат» сүресінде көктің, әлемнің жаратылуына дейін түтін тәріздес болғандығы айтылады. Бұл ғылыми мағлұматты күніміздегі ғылым толығымен қуаттап отыр. Ғылыми көзқарас бойынша дүние, әлем газ тәріздес формада болған. Және де ядролық реакциялар (көзге көрінбейтін заттық өзгерістер) нәтижесінде

газды формадан (температурасы жоғарғы ыстық плазма түрінен) суынып әртүрлі формаға ие болды. Біздің күн системамызда осындай бөліністің нәтижесінде пайда болды. Жердегі тоқсан екі заттың көбісі күн де, ай да табылып отырғаны белгілі жәйт. Бұдан Құранда айтылған «Әлемдегі барлық заттың негізі бір», деген тұжырымдама ақиқатқа айналады.

Токиодағы обсерваторияның директоры профессор Едиши Казан жұлдыздардың газ тәрізді зат пен түтіннен пайда болғанын айтады. Және де, бұл ақиқат «Фуссилат» сүресінің 11, 12-аяттарында және «Фурқан» сүресінің 61-аятында жазылған: **«Сосын көкке жөнелді. Ол, бір түтін еді. Сонда оған әрі жерге: «Екеуінде ерікті немесе еріксіз түрде келіндер» деді. Екеуі де: «Бой ұсынған түрде келдік» деді. Оларды жеті көк етіп, екі күнде жасады. Сондай-ақ әр көктің міндетін өзіне білдірді. Жақын көкті жұлдыздармен әшекейледік әрі қорғауға алдық. Осы тым үстем, толық білуші Аллаһтың тақдыры болып, жеті жерде жер-көк пен бүкіл әлемнің алты күнде жаратылғандығы баян етіледі. Бірақ Аллаһтың қасында бір күн елу мың жыл».** (Фуссилат сүресі, 11-12)

«Сондай мол игілік иесі Аллаһ, аспандағы жұлдыздардың орнын жаратып, онда бір жарық (күн) және сәуле беруші айды жаратты». («Фурқан» сүресі, 61). (Осы тақырыпқа байланысты қараңыз; 7 с, 54 аят. 10 с, 3 аят. 11 с, 7 аят. 25 с, 59 аят. 32 с, 4 аят. 50 с, 38 аят. 57 с, 4 аят. 70 с, 4 аят).

Жоғарыдағы жазылған Аллаһ сөзін мысалға келтіре отырып, төмендегі тұжырымды жасады: «Мен, әлем дүниесін зерттеудің жаңа тәсілін таптым. Қазір біз телескоптар арқылы аспан денелерінің негізгі массасымен

топтануын көзге аламыз, сондықтан мен Құранды оқи отырып, сауалдарға жауап алып осылайша Құранның көмегімен алдағы уақытта әлем дүниесін зерттеудің тиімді жолын табатынымызға сенімдімін».

Басқа бір ғылым саласының зерттеушісі жер қыртысын зерттеуші ғалым профессор Польмен Құран жайлы былай дейді: «Бұл таңғажайып кітап, онда өткеніміз де, болашағымыз да баяндалған. Мен Шығыс елдерінің дамуын ұзақ уақыт зерттеген едім. Сол дәуірдегі ғылыми жетістіктерін жақсы білемін. Бұл ілім нұрын Мұхаммедке Аллаһтың өзі түсіргенін шын жүрегіммен мойындаймын».

Жоғарыда келтірілген «Әнбия» сүресінің **«Жанды мақлұқаттардың бәрін судан жараттық»** деген аяттарына келейік. Қазіргі ғылыми жетістіктер тірі организм үшін судың аса зор маңызы бар екендігін дәлелдеп отыр. Бүкіл биологиялық, биохимиялық, химиялық реакциялар үшін су қажет. Су – бүкіл табиғаттың, әлемдегі өмірдің, тіршіліктің негізгі элементі, қайнар көзі.

Адамның, жан-жануарлардың ұрықтары сұйық заттар. Аталық ұрық пен аналық ұрық қосылып эмбрионға айналғаннан кейін, оның өсіп-жетілу процестері жатыр ішіндегі суда өтеді. Бұл жанды мақұлықтардың судан жаратылатындығы ақиқат деген сөз.

Жердің үш ширегі, яғни $4/3$ бөлігі, яғни 75 пайызы судан, ал адамның тірі клеткаларының одан да көп бөлігі, нақтылай айтсақ 80 пайызы, $3/4$ судан тұрады. Судың негізгі қасиетінің бірі деп өзендердің, теңіздердің, мұхиттардың температурасын тұрақты ұстап тұруын айтуға болады. Бұның өзі ондағы тіршіліктің, өмірдің негізгі шарты болып табылады. Судың мұндай ғаламдық қасиеті Аллаһтың құдыреттілігін, хикметін

көрсетеді. Құранның қасиеттілігіне назар аударайық, қысқа (лаконикалық) аяттарда да аз сөзбен әлемнің маңызды құпиялары, сырлары туралы айтылады. Осы келтірілген бір аяттың өзі Құранның асыл, қасиетті кітап екендігін, ал Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбар екендігін дәлелдейді.

Әлемнің шексіздігі мен планеталар қозғалысы:

Материяның (фәни дүниенің ғылыми аты, бізді қоршап тұрған дүниенің ғылыми атауы) бір-біріне тартылатындығы және шексіз ұлғаюы жөнінде «Зарият» сүресінің 47-аятында былай делінген: **«Шексіз аспанды күдіретпен барлыққа келтірдік Біз шын күдіреттіміз».**

Осы келтірілген аят әлемнің шексіз екендігінің және оның ұлғаю заңының дәлелі болып табылады. XX ғасырдың атақты ғұламасы Альберт Энштейн атап айтқандай әлемде күн жүйесіндей миллиондаған жүйелер, системалар бар екендігін анықтаған. Кезкелген жүйеде жұлдыздар планеталар бар. Ал ұлғаю заңына келетін болсақ астрономдар аспан денелерінің бір-бірінен ажырап қашықтайтынын біздің күн жүйемізде отырып байқаған. Оны ғылым тілінде «қызыл жолақ», яки «шексіз ұлғаятын әлем гиппотезасы пайымдау», деп атады. Бұдан шығатын қорытынды әлем абсолютты тыныштықта тұрмайды. Шар сияқты формада барлық бағытта ұлғайып отырады. Бірақ массасы ұстап тұрған заты өзгермейді. Бұл ақиқат Құранда он төрт ғасыр бұрын белгілі болды. Ал бұл сыр адамзатқа, ғылымға тек XX ғасырда ғана зерттеу жұмыстарының нәтижесінде белгілі болып отыр.

АҚШ-тағы Наса Космос Агенттігінде қызмет атқарушы профессор А. Армстронг: «Шынымды айт-

сам мен Құрандағы ойлардың астрология ғылымындағы нақты деректермен таңғажайып дәлдікпен сәйкес келгеніне қайран қалдым», – дейді. Ол тағы бір жаңалықтың басын ашып: «Жердегі темір атомын жасауға күн жүйесіндегідей төрт есе көп қуат керек. Сондықтан темірдің жерде пайда болуы мүмкін емес, ол жат элемент. Құранда бұл жайлы былай айтылады: **«Біз темірді жараттық. Темірде күш қуат және адамдар үшін көп пайда бар. Темірдің жаратылысының өзі тәңір құдыретінің зор ғибраты. Тәңір шынында күшті әрі жеңімпаз»** («Хадид» сүресі, 25)

Күннің, айдың, жердің қозғалысы турасында «Ясин» сүресінің 38-ші, 40-шы аяттарында былай делінген: **«Ал күн белгіленген жағына қарай жылжып кете барады. Мұның өзі әрі үстем, әрі дана Аллаһтың алдын-ала белгілеген ісі»** («Ясин» сүресі, 38)

Жердің күнді айналып қозғалатындығын ғылыми түрде мұсылман ғалымы Райхан Бируни IX ғасырда, ал поляк ғалымы Коперник XV ғасырда ашты. Еуропада ол «Коперник жүйесі», деп аталады. XV ғасырға дейін Еуропа ғалымдары «Күн түгілі жер қозғалмайды», - деп келді. Ал күннің қозғалысы жайында батыс ғылымына XIX-XX ғғ. толықтай белгілі болды.

«Айдың да тұрақтайтын орнын белгіледік. Кәрі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін ол да аспанды кезіп жүреді» («Ясин» сүресі, 39)

«Күннің айды қуып жетуі, түннің күндізді басып озуы мүмкін емес. Әрқайсысы өз кеңістігінде жүзеді де жүреді» («Ясин» сүресі, 40).

Бұл жерде күннің белгілі бір бағытта қозғалатындығын айдың фазалары (әртүрлі көріністері)

бар екендігін дәлелдейді. Мұның бәрін қазіргі ғылым да дәлелдеп отыр. Ал «Әрқайсысы өз кеңістігінде жүзеді де жүреді», деген аяттың күн жүйесінде планеталардың аспан денелерінің күнді эклиптикалық (геометрия ғылым түрінде) айналып айналымы орбитада қозғалатындығын көрсетеді.

«Ясин» сүресінде күннің, айдың, жердің тұрақты белгілі орындары бары аталған. Мұның бәрі ғылымдағы (ағылшын ғалымы Нютон Механикасы) есебіне сай келеді. Егер күннің, жердің, айдың тұрақты орны болмаса және есепке бағынбаса адамзат баласы айға ұшып бара алмайтын болар еді. Сөйтіп басқа бағытқа кетіп қалуыда әбден мүмкін. Тіпті ғарыштық кемелердің көк те бір-бірімен қабысуы есептелінеді. Оның әр микронына дейін есептейді. (Микрон – метрдің миллионнан бір бөлігі).

Мұның қасиетті Құрандағы «Ясин» сүресінің 38-40 аяттарындағы айтылған Аллаһтың әлемді жаратқан құдыреті, үстемділігі болып табылады. Осы үш аяттың сыры соңғы ғасырларда ғана ашылып отыр. Бұл аяттар аспан механикасы жайында көп мағлұматтар береді.

Басқа планеталарда өмір (ауа тіршілік көзі) бар ма?

Басқа планеталарда аспан денелерінде өмір бар ма, жоқ па? – деген сұраққа астрономдардың көпшілігі «тіршілік болуы мүмкін», дегенді қуаттайды. Олардың тіршілігі, өмірі, жердің өмірімен ұқсас дейді. Мысалы ғарыштық аппараттар арқылы Марстағы ауаның температурасын жердегі формаға жақын және Марста адамдарға қажетті оттегі және су бары анықталды. Бұл компоненттер (құрамды заттар) органикалық тірі мақлұқаттардың пайда болуымен өмір сүруінің қажетті

шарттары болып табылады. Кеңес Одағы және Америка ғалымдары бір ауыздан Марста (Марс күн жүйесіне кіретін тоғыз планетаның бірі) тіршілік бар екендігін мақұлдайды. «Исра» сүресінің 55-ші аятында былай делінеді: **«Пенденің жер мен көктегі ахуалы тек Аллаһқа аян».**

Атом туралы ақиқат:

Атомның бөлінуі жайында қасиетті Құрандағы «Жүніс» сүресінің 61-аятында былай делінген: **«Аспан мен жердегі титімдей, тіпті одан да ұсақ әйтпесе үлкен нәрселер болса да ешқайсысы назардан тыс қалмайды. Оның барлығы Ләуһул-Махфузда жазылған».**

Заттың кішкентай бөлшегі атом екені қазір адамзатқа белгілі. ХІХ ғасырдың аяғына дейін ғалымдар атом бөлінбейді деп келген. Бірақ көптеген ғылыми тәжірбиелер нәтижесінде атомның электрон, протон, нейтрон (заттың атомнан кіші элементтер қарапайым заттық бөлшектері) болып бөлінетіндігі белгілі болды. Құрандағы **«Оданда ұсақ әйтпесе үлкен нәрселер болса да ешқайсысы назардан тыс қалмайды»** деген сөздің атомның шексіз бөлінетіндігін көрсетеді.

Қазіргі философияда «атом шексіз бөлінеді», – деп есептеледі. Атомның шексіз бөлінуі шексіздік теориясы деп аталады. Ал «Аспан мен жердегі титімдей», деген сөз тіркесі әлемнің элементарлық қарапайым бөлшектік атомдық дәрежеде бір текті екендігін, жер мен көктің бір текті екендігін көрсетеді.

Өсімдіктердің, жан-жануарлардың, адамдардың жұп болып жаратылуы:

Барлық нәрсе жұп болып, барлық нәрсе симметриялық (бір-бірімен сәйкес) болып жаратылған.

Ертеден тірі табиғатта жануарлар, хайуанаттар әлемінде, өсімдіктер әлемінде, адамдарда жұптық қағида үстем болып келгені мәлім. Құранда айтылған: **«Олар жерден Біздің қасиетті текті жұптарды өсіргенімізді көрмей ме»**. Симетрия (сәйкестік) бір өлшемдік қағидасы бойынша Құранда былай делінген: **«Көкті, жерді жаратқан Аллаһ. Сендер үшін өз нәсілдеріңнен жұбайын да жаратты. Өз нәсілдерінен хайуанатты да жұп етіп жаратты»** («Шура» сүресі, 11) Сондай-ақ «Зарият» сүресінің 49-аятында **«Сендер ғибрат алсын деп әрнәрсені жұп етіп жараттық»**, делінген.

Бір мың жылдық ғажайып:

Кішкентай ара Аллаһ тағаладан бұйрық алса жаратушы иеміздің құдыретін Аллаһты ұмыта бастаған әзәзіл ойындарына алданып, имандарын жоғалта бастаған адамдардың көздеріне көрсету үшін балмен жазу жаза алады екен. Кәдімгі араб әріптерімен «Аллаһ» деп жазған.

Доктор Сегал Эфиздің «Үш мың жылдық ғажайып» атты мақаласынан Аллаһ тағаланың құдыретімен осыдан үш мың жыл яғни отыз ғасыр бұрын өлген адамның денесінің еш жері бұзылмай осы кезеңге дейін қалай сақталғандығы және ол дененің кімге тиесілі екендігін біле аласыз. Егер сенбесеңіз Сигал Эфиздің сөздеріне, бұл таңғажайып денені Англияға барып Лондон қаласындағы Бритиш мұражайынан өз көзіңізбен көруіңізге болады.

Англияның Лондон қаласындағы Бритиш мұражайына келушілерді таң қалдыратын және олардың әдейі іздеп баратын бір бөлмесі бар. Ол мұмиялар бөлмесі. Бұл бөлмеге кірушілердің ерекше

назар аударатыны әйнек ішіндегі бір адамның денесі. Оның денесінің әр мүшесі орнында. Тірі кезіндегідей жақсы сақталған. Бір ғажабы бұл дене бальзамдалмаған. Іші-сырты шірімеген. Бұл тақтайшаға дене осыдан үш мың жыл бұрын қайтыс болған адамның денесі екендігі жазылған. Бальзамдалмаған өлі дене шіріп кететіндігі белгілі. Сонда бұл дене отыз ғасыр бойы шірімей сақталған. Бальзамдалған өлі дене де ерекше күтім болмаса бұзылады. Ал бальзамдалмаған бұл дененің ұзақ уақыт сақталуының сыры неде?!

Бұл құпияның сырын қасиетті кітабымыз Құраннан және мың төрт жүз жыл бұрын пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) Аллаһ тағала тарапынан түсірілген кітаптағы аяттардан оқып үйренеміз. Құран кәрімде «Юнус» сүресінің 75-92-аяттары Мұса (а.с.) пайғамбар мен перғауын арасында болған уақиғадан бастап түсінеміз. Мұса пайғамбар (а.с.) б.з.б. 1200 жылдары өмір сүрген Аллаһтың елшісі. Перғауын сол заманда Мысырды (Египет) билеген патша болатын. Перғауын өте залым және халқына көп қиянат жасаған адам. Дүниеге жаңа келген сәбидің өзін өлтіріп, сәнсалтанатынан айрылғанын түсінде көріп шошынған перғауын, сол кезде шыр етіп дүниеге келген барлық ер баланы өлтіруге әмір береді. Бірақ Аллаһ тағала болашақ пайғамбар Мұсаны зұлымдықтан аман сақтап қалады. Әңгімеміздің жалғасын Құран аяттарына сүйене отырып, баяндайық:

«Мұса мен Харунды (а.с.) перғауын және сыбайластарына мұғжизалармен (Аллаһтың пайғамбарларға ғана беретін сиқырдан да күшті таңғажайыптары) жібердік. Олар перғауынға ергендер менменсініп күнәһар ел болды. Оларға Біз

тарапынан шындық келген кезде: «Рас осы ашық жады дейді» олар Мұса мен Харунға: «Ата бабаларымыз тапқан жолдан бұруға әрі жер-жүзінде ұлық болуға келдіңдер ме? Біз екеуіңе сенбейміз» деді».

Перғауын «Бүкіл білген сиқыршыларды маған келтіріңдер», деді. Ал сиқыршылар келген кезде Мұса (а.с.): «Не қоймақшы болсаңдар қойыңдар» дейді. Олар қойғанда Мұса (а.с.): «Бұл келтіргендерің сиқыр. Күдіксіз Аллаһ бұзақылардың ісін жөндемейді» деді. Егер күнәһарлар жақтырмаса да Аллаһ ақиқатты сөздерімен шынға шығарады. Мұса (а.с.): «Егер Аллаһқа иман келтірген болсаңдар сондай-ақ мұсылман болсаңдар онда Аллаһқа тәуекел қылыңдар» дейді. Олар: «Біз Аллаһқа тәуекел қылдық. Раббымыз бізді залыммен сынама» деді. «Сондай-ақ бізді мәрхаматыңмен кәпір қауымнан құтқара көр».

Мұса (а.с.) пайғамбарға Аллаһ тағала бір мұғжиза аса таяқ береді. Мұса (а.с.) өзінің пайғамбар екенін дәлел ретінде өзіне Аллаһтың берген аса таяғымен түрлі таңғажайыптар көрсеткендер, перғауын және оның сыбайластары Мұсаның (а.с.) пайғамбарлығына нанбай оны сиқыршы деді. Сонда Мұса (а.с.) перғауынның сиқыршыларын шақыртып қолдарынан не келетінін көрсетулерін сұрады. Сонда сиқыршылар таяқты жыланға айналдырды. Ал Мұса (а.с.) қолындағы аса таяғын алып айдахарға айналдырды. Айдахар барлық жыландарды жұтып қойғанда сиқыршылар Мұсаның (а.с.) аса таяғы сиқыр емес екенін Аллаһтың мұғжизасы екеніне сеніп қорыққанынан иман келтіреді. Аллаһ тағаланың құдыретті екендігінің шынайы белгісін түсінген еді. Мұса (а.с.) мен оның туысына: «Екеуің

Мысырда елдеріңе үйлер салыңдар да үйлеріңді намаз орнықылып, намаз оқыңдар. Сонымен қатар мүминдерді сүйіншіле деп уахи еттік». Мұса (а.с.): «Раббымыз расында Сен перғауын және оның шонжарларына дүние тіршілігінде зейнет және малдар бердің. Жолыңнан адасулары үшін бе? Малдарын жоқ ет, жүректерін қарайт. Жан-түршігерлік азапты көргенге дейін олар иман келтірмейді» деді. Аллах: **«Екеулеріңнің тілектерің қабылданды. Онда тура жолда болыңдар да білмейтіндердің жолына ермеңдер»** деді. **Исрайыл ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда перғауын және әскерлері жауыздық, дұшпандықпен оларды қуды».**

Исрайыл ұрпақтарын соңынан ертіп, перғауын бастаған көп әскерден қашып келе жатып теңізге тірелгенде. Мұса (а.с.) Аллах тағала берген құдыретті аса таяқпен теңізді түртіп қалады. Теңіз ортасынан қақ айырылады да бір жол пайда болады. Осы жолмен қашқан Исрайыл ұрпақтарын перғауын әскерімен қуады. Қашқандар теңіздің арғы бетіне шыққан сәтте, теңіз қайтадан жабылады да перғауынмен оның әскері суға бата бастайды. Ақыры сол перғауын суға батар сәтте: **«Исрайыл ұрпақтары иман келтірген тәңірден басқа тәңір жоқтығына иман келтірдім. Мен де бой ұсынушылардан болдым»** деді.

«Енді ғана сендің бе? Расында сен бұрын қарсы келген бұзақылардан болған едің. Сенен кейінгіге үлгі болу үшін дененді жансыз түрде құтқарамыз. Расында адамдардың көбі аяттармыздан хабарсыз» («Юнус» сүресі, 75-92).

Құран кәрімнің ағылшын тіліндегі аудармасын оқыған Англияның археологтары арнаулы

жабдықталған экспедицияға шығып, Қызыл теңізден перғауының денесін іздей бастайды. Теңіз астынан ештеңе таба алмаған экспедиция мүшелері үміттерін үзбей, екінші рет тағы да Қызыл теңізге келіп бұл жолы бүкіл жағалаудағы құмдардың астын қазып жүріп ақыры соңында теңіз жағалауындағы құмдардың астынан тас болып қатып қалған жалаңаш адам денесін тауып, үлкен олжамен Англияға оралады. Ұзақ уақыт бойы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ағылшын ғалымдары бұл дененің Мұса (а.с.) оқиғасындағы суда қалған перғауынның денесі екенін анықтайды.

Омартадағы Аллаһ жазуы:

1982 жылдың тамыз айы. Түркияның Қайсари облысының Яхиялы ауданына қарайтын Қаракөй ауылында бір таңғажайып оқиға болды. Бұл әрбір адамның жүрегіне басылған Аллаһ тағаланың белгісінің бал арасы омартасындағы ешбір айырмасы жоқ өрнегі еді. Балға толы омарта үстінде қалың әріптермен балменен «Аллаһ» деген сөз арабша жазылыпты. Омарташы бұл оқиғаны былай деп баяндайды:

«Ол күні бал аралары бұрын байқалмаған бір ерекше қайрат қимыл ерекше еңбек етіп жүргенін омартада бір өзгеріс болғанын және оның омартаға жақындағанында, аралардың оны жақтырмағанын сезеді. Омартаға түтін салғанында да аралар омартадан алысқа ұзап кетпей бір нәрсені қызғанғандай сол жерде айналып, ұшып қоя берді».

Иә, аралар күш-қайраттарын біріктіріп әдеттегіден өзгеше асқан сүйіспеншілікпен бекерге еңбек етпеген екен. Құран кәрімнің «Нахыл» сүресінде баяндалғанындай жаратушы Аллаһтың өздеріне

көрсеткен жолдарымен ғана жүретін аралар жүректегі белгінің бір өрнегін балмен тоқып шыққан екен.

Осылайша Яхиялы ауданындағы Қаракөй ауылында Құранның «Нахыл» сүресіндегі екі аятта айтылған ғибрат балмен жазылған еді. Омартадағы осы ғажайып жазуды көргендер қайран қалғандықтарын жасыра алмады. Кейбіреулері омарташыдан:

«Омарта үстіндегі жазуды сіз жазбадыңыз ба?» деп күдіктене сұрады. Аралардың балмен жазған бұл таңғажайып жазудың сырын Құран кәрімнің «Нахыл» сүресі ашып бере алады. Бұл сүреде: **«Раббың араға: «Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал», – деп нұсқады. Сонан соң әртүрлі өсімдік гүлдерінен же де, Раббыңның қолайластырған жолына түс». «Араның қарындарынан түрлі-түсті бал шығады. Онда адам баласы үшін шипа бар. Шынында мұнда да ойлайтын қауым үшін әлбетте ғибрат бар»** («Нахыл» сүресі, 68-69).

Жаратушы Аллаһтың сөзі Құран кәрімде бұл сүренің аты да «Нахыл» яғни, арабшадан аударғанда «Ара» деген. Ара деген атауды берудің өзі де осы бір таңғажайып оқиғаға ишарат емес пе? Ара дегеніміздің өзі бойы 1,5 сантиметр ғана кішкентай жәндік. Бірақ ол бойына біткен өнер туындысымен, еңбекқорлығымен адам баласын қайран қалдырады. Яғни омартада Аллаһ есімі жазылса да, жазылмаса да кішкентай арадан бал шығуының өзі-ақ адам баласына мархамат етуші ұлы Аллаһтың таңғажайып жаратылысы емес пе?! Әлбетте біздерге қолы жоқ жібек құрты арқылы жібек кигізген Жаратушымыз арадан да тәтті бал жегізіп бізге нәсіп қылған. Ақыл нығыметімен Өзін тануымызды қалайды.

Аллаһты таныған және ғибадат қылғандар қандай бақытты. Олар үшін Аллаһтың белгісін көріп танудың өзі үлкен әсер береді. Аллаһқа сенгендер үшін араның уы да шипа. Өйткені ара уы көптеген аурулармен қоса «кұян» ауруын жазуға да пайдаланылады. Балы да соншалықты пайдалы. Аллаһтың құдыретіне шек жоқ. Аллаһ өз есімін бал арасы арқылы омартаға жазғызса жүректе де көрсетеді. Адамының жүрегінде қан тамырлары арқылы арабша Аллаһ деген сөз жазылғанын ғалымдар өз көздерімен көрген.

Құдіретті Жаратушы Аллаһтың хикметіне қара. Ұлы кітаптың дәстүрлерінен ара міндетіне тән бөлігін кішкене бір араның басындағы миға құпия жазумен жазып қойған. Ол құпия жазудың кілттері міндеткер араға ықыласты бір ләззат. Онымен құпия жазудың сырын қажет кезде бір Аллаһ қана ашады. Мінекей омартадағы таңғажайып жазу әр адамның жүрегінде жазылған және бал арасының омартасына басылған Аллаһтың белгісі¹⁰⁶.

¹⁰⁶ Құран аяттарының сырлары. Құран кәрімдегі ғылымға қатысты аяттар, Ғазиз Қажы Ақытұлы 2 бөлімі

Сөз соңы

Қорыта келгенде, Исламның ғылым үйренуге берген маңызы туралы Құраннан, хадистерден және ғалымдардың сарп еткен сөздерінен дәлелдер келтіре отырып түсіндірдік. Исламның осы парызын, ақысын бере отырып орындауға тырысқан Ислам ғұламаларының көптеген еңбектерінің нәтижесінде Ислам мәдениетінің ғана емес, бүкіл дүние жүзінің дамып өркендеуіне еңбектері сіңгендігін баяндадық.

Қазіргі таңда жұртшылықтың ең дамыған, ең жоғарғы деп есептейтін Батыс мәдениетінің өзі де бастамаларын осы Ислам мәдениетінен алғандығын, өзінің дамып жоғарылауына Ислам дініне қарыздар екендігін түсіндіре кеттік. Ислам оқу-ағарту және оқу ордалары тарихының Исламнан алдыңғы һәм кейінгі дамып, өрлеу тарихына терең тоқталып өттік.

Сонау өткен ғасырларда Исламның ғылым үйрену парызын, ақысын бере отырып орындаған мұсылман ғалымдардың ғылымға деген құштарлықтарымен қоса, ең әуелі Аллаһқа деген сенімдері мықты болғандығын айта кету керек. Міне, осы имандары мен ізденімпаздықтарының нәтижесінде Ислам ғұламалары Ислам әлемін жарыққа бөлеп отырған. Ислам мәдениетінің өркендеуіне және шарықтап жоғарылауына бүкіл дүние жүзінің мұсылмандары себепкер болды. Қазіргі кездегі Ислам мәдениеті неге бүгін сондай дәрежеде емес?! деген заңды сауал туады. Бұл сауалға берер жауабымыз: қазіргі

мұсылман қауымының ғылымға деген талпынысы мен ғұламаларға деген құрметінің әлсіреуінен, Жаратушыға деген сеніміміздің әлсіздігінен, дін түсінігіміздің таяздығынан. Өткен ғасырлардағы мұсылман ғұлама ата-бабаларымыз сияқты иманды әрі ізденімпаз, нағыз дін үшін, жұртшылық үшін, ел үшін, ғылым үшін талмай еңбектенуге аяқ баспайтындығымыздан деп білеміз.

Өйткені тек қана иман мен білім қосылғанда ғана адамның бойында ойлану, ғибрат алу қасиеттері қалыптасып, керемет жаратылыстардың алдында ізденіске ұмтылып, өзіне және әлемге мән-мағына бере бастайды. Содан кейін адамзат белгілі бір дәрежеге жетіп, білім мен мәдениетті бірге жетелейді. Құран кәрім аятында: **«Аллаһ тағала сендерден сондай иман келтіргендерді және ғылым берілгендердің дәрежелерін көтереді»**, – дейді («Мүжәдала» сүресі 11-аят).

Құран кәрім ғылымды иманмен бірге қоса айтқан. Өйткені иман – сенім, ойлану және қанағат етуден тұрса, мұның барлығы тек шынайы ғылыммен ғана күшейе түседі. Нәтижесінде біз мынаны айта аламыз. Құранда Аллаһ тағала ғылым үйренуді бұйырады, ғылым болса бір мәдениетке дамып, өркендеуге себепкер болады. Ал, ғылымда, мәдениетте өркендеп дамыған елдің болашағы әрқашан да жарқын болмақ.

Осы кітапты жазу барысында әлі де үйреніп-біліп, түбіне зерделеп қарап, терең зерттеу керек нәрселеріміздің көп екендігін, сондай-ақ «тал бесіктен жер бесікке» дейін білім алу әр адамның басты міндеттерінің бірі екендігіне көзіміз жете түсті. Теңіздің

тамшысындай еңбегіміз жұртшылықтың кәдесіне жарап жатса, бізге одан өткен қуаныш жоқ. Аллаһ тағала бәрімізге қайырлы ілім нәсіп етсін дейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Темірбеков, С. Балаубаев, Психология, «Мектеп», Алматы, 1966
2. Ахмед Иса Бек, Тарихул Бимаристанат фил Ислам, Бэйрут 1981
3. Ахмед Акгүндүз, проф. док. Сайд Өзтүрк, Билин-меиен Османлы, Стамбул 1999.
4. Ахмад ибн Ханбал, Муснад II т. Станбул 1996.
5. Али Хикмет Берки, Осман Кескиоғлу, Соңғы пайғамбар Хз. Мұхаммедтің өмірбаяны, Анкара 1997
6. Али Хасан ән-Нәдуи, Муслуманларын герилемесиле дуния нелер кайбетти, тержуме Мехмет Суслу, «Китапеви», Стамбул 1996
7. Ә. Х. Тұрғынбаев, Социология, «Білім» Алматы-2005
8. Әбул Ала Мәудуди, Тефһимул-Куран, VII том, Стамбул, 1997
9. Әбу Хамид Мухаммад ибн Мухаммад, Кимья-ы Саадат, Стамбул 1970
10. Әбу Дәуіт, Сунан, Станбул 1988
11. Әш-Ширбини, Муғнил-мухтач, Мысыр, III, 384. Хамди Дөндүрен, Делиллерийле Ислам илмихали, Стамбул 1991
12. Бахри Дайыоғлу, Яаратылыш мужизеси, 2 баскы, Илим ве текник сериси, нешр: Яени Асия йайыны, Стамбул 1986

13. Байрактар Байрақлы, Исламда еғитим, М.Илахият факультеси вакфы, Станбул.
14. Бухари, Саум 13, Муслим, Сиам 15. Станбул-1990
15. Билим ве техник дергиси, Нешр: ТҮБИТАК, 24 том, 282 сайысы, Майс 1991
16. Ғазиз Қажы Ақытұлы, Құран аяттарының сырлары. Құран кәрімдегі ғылымға қатысты аяттар, 2 бөлімі.
17. Ғарифолла Есім, Фалсафа тарихы, 2 басылым, «Раритет» баспасы, Алматы, 2004.
18. Ғұсман Кескиоғлу, Сияри-Нәби, Анкара 1995
19. Дұрак Пусмаз, Ислам ансиклопедиси, Илим. М. XIII т. Стамбул 2000
20. Дин еғитими билими ве Туркие дин еғитими.
21. Доғуштан гүнүмүзе бүйүк Ислам тарихи, Стамбул 1988 VI
22. Енвер Өрен, Йени рехбер ансиклопедиси, Стамбул 1994 XVI т.
23. Енвер Өрен, Дини теримлер сөзлүгү, Стамбул 1996
24. Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков, Философия және мәдениеттану, Алматы 1998.
25. Жеват Изги, Османлы Медреселеринде Илим, Стамбул 1997 I т.
26. Зия Казыжы, Анахатларыйла Ислам еғитим тарихи, Стамбул 1995
27. Ибн Манзур, Әбул Фазл Жамалуддин Мухаммед ибн Мукаррам, Лисанул-Араб, «Тахқикул-Тарас» баспасы, Байрут/Лубнан 1993.
28. Ибн Мажа, Муқаддима, 17
29. Ибн Касир, әл-Бидая, XII т.
30. Иман діни-танымдық журналы 2003 ж. №3.
31. Ислам ансиклопедиси, XI т.

32. Карл Саган, Космос, Стамбул 1982.
33. Көбеева Оразкүл, Дінтану негіздері. Алматы 1998.
34. Қ.Жарықбаев, Психология, «Эверо», Алматы-2010
35. Қайрат Жолдыбайұлы, Имани гүл, Алматы 2012 ж.
36. М. Фарук Байрактар, Ислам еғитиминде Өғретмен-Өғренжи мунасебетлери, Стамбул, 1994
37. Махмуд Исмайл Сини, Насиф Мустафа Абдул Азиз, Мухаммед Тахир Хусейн, Кенди-кендине Модерн Арапча Өғретими Стамбул, 1995
38. Мезенцеф В. Әлемде талай қызық бар, Ғажайып құбылыстар энциклопедиясы, Алматы.
39. Морис Букаи, Тора, Евангелие и Коран в свете современных научных знаний, Москва 2000
40. Мишқат әл-Мәсәбих, I том
41. Мухаммед Хамидуллах, Хадис тарихи, 1967 16 б.
42. Мұхтар Әуезов, Абай жолы, II том, «Жазушы» баспасы, Алматы 2002.
43. Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай, Ата баба діні, түркілер неге мұсылман болды? Алматы 2000
44. Нәуәуи Әбу Зәкәрия Яхя бин Шәрәф, Риязу-с Салихин, аударма және түсініктеме: (Яшар Кандемир, Исмайл Лютфи Чакан, Рашит Күчүк), I-VIII, Стамбул 1997.
45. Османлы тарихи деймлер ве теримлер сөзлүгү, Стамбул 1993 II
46. Өмер Телиоғлу, Ислам ансиклопедиси, Медениет. М. XIV т. Стамбул 2000.
47. Өрнеклерйиле түркче сөзлүк, Стамбул 2003 III т.
48. Рахмет самалы кітабы, Құранның математикалық құпиялары 2000ж.
49. Сафвет Сених, Ғибадат ғажайыптары, 2001ж.

50. Субни әс-Салих, Хадис ыстылақлары, Стамбул 1996
51. Сейтбеков С. Нысанбаев С. Ислам тарихы. (Умеялықтар және Аббасттықтар кезеңі), Шымкент 2002
52. Тарихчылар хейети, Доғуштан гүнүмүзе бүйүк Ислам тарихи», III том, Станбул 1999 ж.
53. Ферит Девеллиоғлу, Османлыжа-түркче сөзлүк, Анкара 2000
54. XXI ғасыр: Білім беру және руханият мәселелері. Ғылыми еңбектер жинағы. Шымкент 2002.
55. Хасан Али Көчер, Түркияде модерн еғитим доғушу ве гелишими (1773-1923) Стамбул 1992
56. Хамидуллаһ М., Ислам Пейгамбери, II т. Стамбул 1998
57. Хенри М. Моррис, Тержуме. Хейет, Яаратылыш модели, Нещр, М. Е. Г. С. Б. Анкара 1985
58. Хусейн Пекр, Дин психоложиси, Чамлыжа яйынылары, Станбул- 1999
59. Хусейн Алгул, Ислам тарихи, Стамбул, 1997
60. Хусейн Услу, Башлангычтан гүнүмүзе Ислам мүессеселери тарихи, Стамбул 1985
61. Шейх Абд аль-Маджид аз-Зиндани, Факти относительно морей и океанов, [Перевод с английского Кулиева Руфата (Салмана) Москва 1999
62. Яхия Акууз, Түрк еғитим тарихи, Анкара 1985
63. <http://www.bilimtarihi.gen.tr>
64. <http://www.aikyn.kz> «Ғажайып ғалам» айдары

Бақытжан Өткелбаев

ИСЛАМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Жауапты редакторы: Қ. Бағашар
Көркемдеуші дизайнері: С. Қали